

83.3(5702)  
с 36


Сенкібаев Сабыр Тәлиұлы

**Мағжан Жұмабаевтың  
ұстаздық-тәлімдік ілімдері**

Оқу- әдістемелік құралы

44491

Ақпарат  
Бір кіші




Сендібаев Сабыр Тәлиұлы

**Мағжан Жұмабаевтың  
ұстаздық-тәлімдік ілімдері**

Оқу - әдістемелік құралы

Әдістемелік  
құрал кіші  
мақсатта  
ақпарат



Көкшетау  
2006 жыл

ББК 74:00  
ӘӨЖ 37: 39 (091)  
С-36

С-36. Сеңкібаев С.Т. Мағжан Жұмабаевтың ұстаздық-тәлімдік ілімдері: Жоғары оқу орындарының педагогика пәнінің оқытушылары мен студенттеріне (Мектеп мұғалімдерімен колледж оқытушыларына арналған оқу-әдістемелік құрал) - Көкшетау: Көкшетау университеті, 2006 -102 бет.

ISBN 9965-721-58-0

ББК 74:00

**Пікір жазғандар:**

Қалиев С.Қ. педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Ы.Алтынсарин атындағы ҚБА-ның – құрметті академигі.

Шайхеслямова Қ.О. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор. А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің проректоры.

Көшенова Р.Н. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университетінің “Педагогика” кафедрасының меңгерушісі.

Еңбекте қазақ ұлттық педагогикасының негізін қалаушылардың бірі, М. Жұмабаевтың ұстаздық-тәлімдік ілімдерін бүгінгі жастарды тәрбиелеуде пайдаланудың жолдары мен мүмкіндіктері кеңінен қарастырылған. Еңбек жоғарғы оқу орындары мен колледж оқытушыларына, сондай - ақ студент жастарға арналған.

Педагогика кафедраларының оқытушылары мен тәрбие саласында еңбек ететін мамандарға пайдалануға болады


44491

Көкшетау Университетінің ғылыми кеңесінің шешімімен шығарылды (№ 2 хаттама 9 қараша 2006 жыл).

ISBN 9965-721-58-0

С  $\frac{4303000000}{00(05)-06}$

©Сеңкібаев С.Т.  
Көкшетау университеті, 2006



# МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	4
Мағжанды сүйемін .....	5
Кіріспе .....	6

## **1 М.Жұмабаевтың тәлімдік ой-пікірінің саяси-әлеуметтік және педагогикалық-психологиялық негіздері**

1.1 М.Жұмабаевтың тәлімдік көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар.....	8
1.2 Мағжан Жұмабаевтың тәлімгерлік ой-пікірінің педагогикалық негіздері.....	25
1.3 М.Жұмабаевтың тәлімдік идеяларын сабақтан тыс жұмыстарда пайдалану.....	45

## **2 Оқу жүйесінде М.Жұмабаев шығармашылығын пайдаланудың кейбір жолдары**

2.1 Мұғалімдер мен колледж оқытушыларына арналған “Мағжантану” курсының бағдарламасы.....	60
2.2 Мектеп және колледж оқушыларына арналған “Мағжантану” факультативтік курс бағдарламасы .....	64
2.3 “Мағжантану” арнаулы курс бағдарламасы негізінде жасалған сұрақ тапсырмалар .....	70
2.4 Сауалнама: “Мұғалім және құндылық бағдарлары” .....	71

## **3 М.Жұмабаев шығармашылығы негізінде оқушыларды Қазақстандық патриотизімге тәрбиелудің мүмкіндіктері**

3.1 Мектеп оқушыларымен студенттерге арналған тәрбие сағатының үлгісі .....	74
3.2 “Мағжан тағылымдары” .....	79
3.3 Әдебиет сабағында Мағжан лирикасын өтудің үлгісі .....	85
3.4 Оқушыларға арналған деңгейлік тест сұрақтары.....	94
Қорытынды .....	96
Пайдаланған әдебиеттер тізімі .....	98

Қазақ әдебиеті мен педагогикасына үлкен үлес қосып, бар өмірін қазақ халқының игілігіне арнаған ғұламалардың бірі – Мағжан Жұмабаев. Осы орайда, ақиық ақын, ғұлама ұстаз М.Жұмабаевтың қазақ педагогикасынан алар орны да ерекше. Ол қазақтың халықтық педагогикасын ғылыми педагогикамен ұштастыра қарастырып, осы пән бойынша көптеген оқулықтар жазған. 1922 жылы жарық көрген “Педагогика” оқулығы бүкіл Орта Азия елдеріндегі үлкен жаңалық болды. Өкінішке орай, Сталиндік репрессия салдарынан М.Жұмабаев еңбектері ұзақ жылдар бойы ұрпақ игілігіне пайдаланылмады. Тек, еліміз егемендік алғаннан бері ғана Мағжан шығармашылығы кең көлемде зерттеле бастады. Оның өзінде ақынның педагогикалық мұрасы әлі күнге дейін толық зерттеліп біткен жоқ. М.Жұмабаевтың педагогикалық мұрасын зерттеуде өзіндік үлес қосып, оны республика көлеміне шығаруда Солтүстік Қазақстанның тумасы, шебер педагог, тәлімгер Сабыр Сеңкібаевтың үлесі мол. М.Жұмабаевтың 100 жылдығына байланысты республика көлемінде тұңғыш рет “Мағжан оқуларын” ұйымдастырып, ғұлама-ұстазды облыс, республика көлеміне көтерді. Одан бері талай мақалалар мен ғылыми баяндамалар жазып, республикалық, халықаралық конференцияларға қатысып, М.Жұмабаевтың ұстаздық, тәлімгерлік идеяларын көпшілікке ұсынды. Соның нәтижесінде, осыдан бірнеше жыл бұрын Сабырдың М.Жұмабаев туралы әдістемелік оқулық кітабы шықты. Оны мектеп ұжымдары жылы қабылдады. Осы еңбектерінің нәтижесінде С.Сеңкібаев “М.Жұмабаевтың тәлімдік мұраларын мектептің оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану жолдары” атты ғылыми зерттеу жұмысын жазып, педагогика ғылымдарының кандидаты атағын алды. Бұл жұмысқа Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы үлкен баға берді. Осы ұсынып отырған еңбегінде де С.Сеңкібаев, М.Жұмабаевтың педагогикалық өмір жолың, оның тәлімгерлік идеяларын тартымды да, ғылымилықпен зерттеп, көпшілікке Мағжанның ұстаздық өмірінен мағлұмат береді. Жалпы, М.Жұмабаевтың “Педагогикасы” қазіргі қазақ мектебі мұғалімдер үшін таптырмайтын әдістемелік, тәрбиелік мәні зор еңбек.

Өкініштісі, көбісі бұл еңбекті оқыған емес. С.Сеңкібаев Мағжанның осы еңбегін өте терең зерттей келе, одан үлгі алып, оның ұстаздық идеяларын басшылыққа алу керектігін меңзейді. Мағжаннан үйрену әлі кеш емес. Жұртшылыққа ұсынып отырған осынау еңбек қазақ педагогикасына қосылып отырған үлкен үлес болып табылады.

Әдістеме өзінің тарихнамасы мен көркемдік тіл құрылысымен

тартымды. Ұстаздар үшін өте пайдалы әдістемелік оқулық болып табылады. Мағжан педагогикасы ғасырлар бойы ұмытылмайды да, ескірмейді. Ендеше, С.Сенкібаевтың бұл еңбегі де ұзақ жылдар бойы педагогика саласында айрықша орында болары сөзсіз.

*Сергазы Қалиев,  
педагогика ғылымдарының  
докторы, профессор,  
Ы.Алтынсарин атындағы ҚБА-ның құрметті академигі.*

## **Мағжанды сүйемін**

Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да – Абайдан. Таза әдебиет сарынына бой ұрғанда, маған “Абай” деген сөз – “Қазақ” деген сөзбен теңбе-тең түсетіндей кездері бар секілді. Абайды сүйюім үнемі ақылдан туған, сыннан туған сүйіс емес, кейде туған орта, кір жуып, кіндік кескен жерді сүйюмен пара-пар болатыны бар.

Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған өшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан арқа қызын көріп – сезгендей боламын. Мағжан – мәдениеті зор акын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тегімен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген акын болмайды, заманынан басып озып, ілгерілеп кеткен акын болады. Әдебиет әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін.

*М. Әуезов.*

## **Кіріспе.**

Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын табуға тиіс рухани құндылықтарды оқу-тәрбие жұмысында пайдалану қажеттілігі, Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңында, “Қазақстан Республикасында мәдени-этникалық білім беру”, “Білім мазмұнын гуманитарландыру” тұжырымдамаларында, “Қазақстан Республикасы Орта білім стандарты” мен өзге де құжаттарында көрініс тапқан. Бұл мәселе Қазақстан Республикасы Елбасының да басты назарында. Осыған орай ұлы ойшылдардың сан ғасырлық тәлімдік ой-пікірлері мен олар туралы зерттеулерді мектептің оқу-тәрбие үрдісінде пайдалана білудің жолдары жан-жақты қарастырылуда.

Қазіргі кезеңде оқу жүйесіндегі негізгі мақсат-білімді, өмір сүруге бейім, іскер, өзіндік ой, талғамы бар, адамгершілігі мол, ұлтжанды, отансүйгіш азамат тәрбиелеу. Ал, мұндай ұрпақ қалыптасу үшін, оны жалпы білім беретін орта мектепте азаматтық пен елқандылыққа, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу мен халық дәстүрлерін қастерлеуге үйретіп, тәрбиелеуіміз керек. Бүгінгі таңда оқу-тәрбие үрдісінде ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, еңбек, дене, құқықтық, экономикалық, жыныстық тәрбие түрлерінің, сондай-ақ ұлтжандылық қасиет пен ұлтаралық сыйластыққа, іскерлік және ізгілік қарым-қатынасқа тәрбиелудің маңызы артып отыр. Білім беруді зайырландыру, ізгілендіру, оқыту сапасын арттыру - қазіргі күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе.

Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық құрылымның өзгеруі, білім беру мазмұнына да жаңалықтар енгізуді қажетсінеді. Олай болса, ұлттық рухани ерекшеліктерді есепке ала отырып, Қазақстанның педагогика ғылымын, оның тарихын қайта қарау қажеттілігі туып отыр. Әр дәуірдегі ғалымдар мен ойшылдардың санғасырлық тәлімдік ой-пікірлері жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстары баршылық. Мысал ретінде қазақ педагогикасы мен оның тарихын зерттеп, ұлттық мектеп пен педагогикаға үлес қосқан қазақ ғалымдары С.Сейфуллин, М.Әуезов, Х.Досмұхаммедов, М.Шоқай, М.Тынышпаев, Н.Төреқұлов, Е.Бекмаханов, Қ.Жұбанов, С.Жиенбаев, С.Аманжолов, Н.Құлжанова, М.Жолдыбаев, Т.Шонанов, М. Жұмабаев, Ш.Әлжанов, Н.Сәбитов, Т.Тәжібаев, Ә.Сембаев, Қ.Бержанов, С.Мусин, А.Темірбеков, С.Қожахметов, М.Ғабдуллин, М.Мұқанов т.б. есімдерін

атауға болады. Сонымен бірге көптомдық қазақ тарихы және энциклопедиялық анықтамалар мен салалық түсіндірме сөздіктер түзілді. Яғни, қазақ азаматтары көптеген ғылым салаларында өз үлестерімен көріне білді. Еліміз егемендікке ие болғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесі, оның оқуы мен білім алу мәселесі қоғамымыздың басты проблемаларының бірі болып саналуда. Біқылым заманынан бері ұрпақ тәрбиесі күн тәртібінен түспегені белгілі. Ерте дәуірде өмір сүріп, тәлім – тәрбие мәселелеріне айырықша көңіл бөліп, мәңгі ескірмейтін мәнді сөздерін болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдырған ұлы бабаларымыздың нақылдары мен фөлсафалық ойлары қазір де өзекті. Олардың өлең-жырларындағы тәлімдік мәні зор – елжандылық, өз халқының салт дәстүрін сақтау, үлкенді сыйлау, патриоттық – батырлық туралы айтқан нақылдары бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде алар орны зор. Жас жеткіншектерді ұлтжандылыққа тәрбиелеуде бабалар дәстүрін ұлтымыздың ұлы ағартушылары А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов, Ы.Алтынсарин жалғастырса, кейіннен олардың тәлімдік ойларын А. Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, М. Сералин, Ж.Аймауытов, Ә.Бөкейханов, С.Көбеев, Ш.Құдайбердиев тағы басқа ғұламалар ХХ ғасыр басында қазақ мектебінің негізіне қабыстырды.

Өткен ғасырдың 30-жылдарында қазақтың ғылыми педагогикасының іргетасын қалауға үлес қосқандардың бірі - Мағжан Жұмабаев. Ол өз еңбектерінде қазақ педагогикасының дербес, өзіндік нақышы бар, бала тәрбиесінде ұлттық қағидалардың жетекші орын алатындығын көрсетті. Мағжан ұлттың ұлт, мемлекеттің мемлекет болып қалыптасуы үшін, ең бірінші керегі ұлт тілі мен ұлт мектебі болу керек екендігіне ерекше назар аударды. 1920-1930 жж. Мағжанның педагогика саласында көп еңбектенген жылдары болып саналады. Осы жылдары “Бастауыш мектепте ана тілі” (Ташкент, 1923), “Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы” (Москва, 1925), “Педагогика”, “Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз”, “Бала тәрбиелеу жолдары” (Ташкент, Орынбор, 1922-1923), “Сауатты бол” (Мәскеу, 1926) т.б оқу әдістемелік еңбектерін жазды, әсіресе, 1922 жылы жарық көрген “Педагогика” атты тұңғыш оқулығы, Қазақстанда ғана емес бүкіл орта Азия елдеріндегі үлкен жаңалық болды. Өкінішке орай Қазақстанда жазықсыз жазаға ұшырап, қуғындалушылар қатарында М.Жұмабаев есімі де аталып, мәдениет тарихынан уақытша болса да, сызылып тасталғаны белгілі.

М.Жұмабаевтың педагогика тарихындағы орнын алғаш анықтаған ғалымдардың бірі - профессор С.Қалиев. Ол Мағжанның педагогикалық-ұстаздық, тәлімгерлік ісін айқындап, тәрбие саласындағы ғылыми еңбектерін жоғары бағалай келіп, оның қазақ терминдері мен ұлттық ғылыми педагогиканы қалыптастырудағы еңбегіне терең талдау жасаған. Мағжан рухында бүгінгі жастарды



тәрбиелеудің аса маңыздылығы оқушы жастарды елің, жерің, ұлтын сүйе білетін шынайы ұлтжанды патриот азамат етіп тәрбиелеудің қажеттілігінен туындап отырғанын атап айтуымыз керек. Оған еуромәдениетті желеу етіп өз ұлтын, ата-тегің, ана тілің менсінбей, өз ділің, тілің бензініп, өзгелердің жыртысын жыртып, туың көтеретін мәңгүрт жастардың көбеюі де себеп болып отыр.

Сондықтан, бүгінгі таңда Батыс пен Шығыс, Еуропа мен Азия идеологиясының қарама-қайшылық кезеңінде ұлттық идеологияны қалыптастырып, жастарды жат идеология ықпалынан аман алып қалу ең өзекті мәселе болып саналады. Әр нәрсеге еліктегіш келетін жастарды Батыстың бейресми мәдениеті мен моральдық азғындаушылық іс-әрекетінен аман алып қалудың бірден-бір жолы - ұлттымыздың тарихы мен халық педагогикасы арқылы тәрбиелеу болмақ. Осы орайда халық педагогикасын ғылыми педагогикамен ұштастыра білген, сөйтіп, жеткіншектерді патриоттық сезімге баулып тәрбиелеуді көздеген М.Жұмабаевтың педагогикалық мұраларын зерттеп, оны орта мектептің оқу-тәрбие ісіне орынды пайдаланудың тәлімдік мәні аса зор.

## **1 М.Жұмабаевтың тәлімдік ой-пікірінің саяси-әлеуметтік және педагогикалық-психологиялық негіздері**

1.1. М.Жұмабаевтың тәлімдік көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар

Бүгінгі таңда жастарға азаматтық тәрбие мен сапалы білім беруде маңызды идеологиялық міндеттің бірі – оқушыларды Қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, яғни оқушы-жастарға әрдайым Қазақстан біздің Отанымыз екенін жете түсіндіріп отыру. Бұл түсінік өте кең мағынаны қамтиды. Біздің елімізде тұратын әрбір жас азамат өзінің қай ұлттан шыққанына қарамастан, өзі туып-өскен Отанын - Қазақстанды құрметтеуге міндетті. Әсіресе, оқушыларды еліміздің Туың, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге үйретудің тәрбиелік маңызы ерекше. Оның мәнділігі сол - қоғам мүшелерінің саяси мәдениеті жоғары болған жағдайда ғана, тәуелсіз мемлекеттің өсіп, өркендеуі де саналы, қарқынды жүргізілетіні даусыз. Аталған мәселеге байланысты қазақ тәлім-тәрбиесінің қалыптасу тарихына назар аударсақ, оған ерте дәуірден бергі көптеген ұлы тұлғалардың үлес қосып, аса мол бағалы мұралар қалдырғанын байқаймыз. Орта ғасырлық жерлестерімізден Әбунасыр әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Ахмет Жүйеки, Қожа Ахмет Яасауи, Хорезми М Сарай С. т.б. атауға болады. Әсіресе, философия, этика, математика, астрономия,

география, тарих, әдебиет т.б. ғылымдарды оқып үйренуге ерекше көңіл бөлінді. Олардың ішінде жоғарыда аталған біздің жерлестеріміздің бүкіл әлемге танымал болуы зор мақтаншы. Қазақ хандығы дәуірінде Мұхаммед Хайдар Дулатидың жазба мұралары мен сол дәуірдің ақын-жыраулардың толғаулары мен өлең-жырларының тәлімдік мәні аса зор. Бұларда елқандылық, ел қорғау, өз халқының салт-дәстүрін сақтау, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болу т.б. мәселелер әр қырынан ашылып, ұрпақ тәрбиесіне тиісінше үлес қосты. XIX ғасырдың 2-жартысынан бастап қазақтың жазба әдебиеті мен ұлттық тәлім-тәрбиесін қалыптастыруда, А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин еңбектерінің тарихи маңызы зор. Олардың озық ойларын XX ғасырдың алғашқы ширегінде, Ә.Диваев, М.-Ж.Көпеев, Ш.Құдайбердиев, М.Сералин, А.Байтұрсынов, Ғ.Қарашев, С.Көбеев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев жалғастырып, ұлттық педагогика ғылымының туып, қалыптасуына көп еңбек сіңірді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: “Біздің алдымызда бабаларымыздың игі дәстүрлерін сақтайтын күллі әлемге әйгіл, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болатын ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұр”-деген болатын. Ұлтжандылық пен отансүйгіштікті оқушылар бойына құрғақ уағыздармен қалыптастыру мүмкін емес. Оны тек қана еллі – жерін қасық қаны қалғанша қорғап өткен от жүректі бабалар рухында ғана тәрбиелете болады. Еліміздің сан ғасырлық тарихында талай қанды оқиғалар мен қасіреті мол кезеңдер болған. Әр кезеңнің өз батыр ұлдары мен қыздары “жаным арымның садағасы” - деген ұлы принциппен өмір сүргені белгілі. Біздің еліміздің тарихында сондай қасіретті кезең, XX ғасырдың 30-шы жылдарында болғанын тарихтан білеміз. “Халық жауы” деген жалған айып тағылып, зорлық – зомбылық заманының құрбаны болған ұлтымыздың талай боздақтарының есімдері, әлі де болса тарихтан өзінің орнын ала алмай келеді. Жазықсыз жапа шеккендердің арасында қазақ халқының бостандығы мен бақыты үшін күрескен, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Сералин, М.Жұмабаев тағы басқа жүздеген зиялыларымыздың болғанын білеміз. Олардың есімдері еліміз егемендікке қолы жеткеннен кейін ғана қайта оралды. Осындай зиялыларымыздың ішінде, XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ ғылыми - педагогикасының іргетасын қаласып, оны қалаптастыруға қомақты үлес қосқан адамдардың бірі –Мағжан Жұмабаев болды. Кез келген қоғам қайраткерінің саяси-әлеуметтік көзқарасының қалаптасуына оның өмір сүрген ортасының ықпал-әсері мол болмақ. Осы тұрғыдан алғанда М.Жұмабаевтың ақын педагог-ғалым және ірі қоғам қайраткері болып қалыптасуына XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси-әлеуметтік ахуалдың тигізген ықпалы зор. Сондықтан осы мәселеге арнайы назар аударып отырмыз. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей Қазақстанды толық отар елге айналдырды. Қазақстанға Ресейдің орталық облыстарынан жерсіз

шаруалар көшіріліп қоныстандырылды. Патша үкіметі қазақ-орыстарға ең шұрайлы қара топырақты жерлерді кесіп берді. Сонымен бірге қазақ-орыстар Қазақстанды әскери тірек мақсатында пайдаланды. XVIII ғасырдың 60-70 жылдарында әскери қамалдарға орыс солдаттары мен қоса, саудагер-көпестер де келіп орналаса бастады. Қазақ халқы мен орыс халқының экономикалық байланыстарын өрістетуде қала-қамалдардың рөлі артып, олар әрі әскери бекініс, әрі сауда-саттық, өндіріс орталықтарына айналды. Су, жел диірмендері, тері иілу, сабын қайнату цех-заводтары салынды. Илецк, Павлодарда түз кені, Риддер мен Зыряновскіде мыс, қорғасын кендері ашылып, оларға Ресейдің орталық қалаларынан маман-жұмысшы кадрлары көшіп келіп орналаса бастады. Орыс шаруалары Қазақстанның қара топырақты жерлерін иемденіп, егіншілікпен айналысты. Сөйтіп, малшы қазақ халқы жайылым жерлерінен айрылып, Ресейдің колонизаторлық саясатының нәтижесінде әржақты қысымшылыққа ұшырады. XX ғ. басында Ресей өзінің экономикалық даму барысында капитализмнің жоғарғы сатысына аяқ басты. Елде өнеркәсіптің дамуы мен товар өндірісі, сыртқы сауда-саттық байланысының өсуіне итермеледі. Ол үшін үкімет ішкі және сыртқы рыноктың бар мүмкіндіктерін өз ыңғайына икемдестіру саясатын жүргізді. Ресейдің сыртқы саясаты басқаның жеріне көз аларту болса, ішкі саясатта қол астындағы отар елдерді алым-салықпен қанау әдісін жүргізді. Әлемдегі әртүрлі дүмпүлер мен халықтық қозғалыстар Ресейге өз әсерін тигізбей қоймады. Экономикалық дағдарыстар бұқара халықтың әлеуметтік жағдайының қиындай түсуіне әкеліп соқтырды. Патша үкіметінің реакциялық саясаты елді революциялық толқуларға, ереуілдерге итермеледі. Олардың ішінде 1905-1907 жылдары Ресейде болған революцияның ерекше маңызы болды. Өйткені, бұл жаңа өндірістік қатынастардың өніп жатқан дәуіріндегі алғашқы революция еді. Сонымен қатар, ол Ресейдегі ұлттар мен ұлыстардың барлық бұқаралық топтарын қамтыған демократиялық-халықтық революция еді. Капиталистік қатынастардың Қазақстанға өңуі, елде жұмысшы табының қалыптасуына әсерін тигізді. XIX ғасырдың 2- жартысында елде өнеркәсіптің өсуі жұмысшы күшін қажет етті. Ауыл-село кедейлері көп жағдайда күнкөріс үшін қалаларға көше бастады. Жалданып жұмысқа кіргендер өз қожайындарына тәуелді еді. Олар өздерінің талап етсе, соны орындауға мәжбүр болды. Жұмысшы табының қалыптасуы Қазақстанның әр аймақтарында әр түрлі дәрежеде өтті. Қазақ жұмысшыларының жағдайы тым ауыр болатын. Жалақылары аз, және қиын жағдайда өмір сүріп, еңбек етті. Әсіресе, көп өнеркәсібіндегі жұмысшылардың халі өте-мөте ауыр еді. Олардың жұмыс уақыты 14-16 сағатқа созылды. Әйелдер мен балалардың еңбегін қанау тежеусіз жүргізілді. Ресейдегі жұмысшы қозғалыстары Қазақстанға да өз ықпалын тигізбей қоймады. Соның нәтижесінде Перовск,

Орал, Петропавл, Ақтөбе, Семей т.б. қалаларда толқулар белең алды. Ондай толқулар тіпті ірілі-ұсақты оқу орындарында да болды. Жұмысшы көтерілістері XIX ғ. 80-90 жж. елде кең өріс алды. Өкімет кәсіпорындарда әскери-полициялық бақылау жұмысын күшейтті. Қазақстанда әлі де болса жұмысшы қозғалысы әлсіз, ұйымдаспаған еді, жұмысшылардың саяси ұйымы болмады. Сондықтан, олардың қарсылықтары стихиялы түрде болып, оны өкімет тез арада басып тастап отырды. Тек, 1905-1907 жж. Ресейдегі 1-ші орыс революциясынан кейін Қазақстанда жұмысшы қозғалысы бір жүйелілікте, ұйымдасқан түрде өте бастады. Қазақ пролетариатының қалыптасуына Ресейден жер аударылған саяси тұтқындар көп әсер етті. Олар халық арасында патша өкіметінің жыртқыштық саясатын әшекейлеумен қатар, оған қарсы күрес жүргізудің айла-тәсілдерін үйретті. Сонымен қатар халық арасында оқу-ағарту жұмыстары да жүргізілді. Осы кезде әр түрлі саяси партиялар құрылып, газеттер шығарылды. Бірінші орыс революциясы қазақ халқы өмірінде тарихи маңызы бар уақиға болды. Екі ғасыр тоғысындағы аумалы-төкпелі дәуір мен саяси оқиғалар қазақ ұлтының арасынан өз саяси қайраткерлерін шығарды. Бұл зиялылар өздерінің бар ғұмырын өз елі мен халқының бақытына арнап, сол жолда құрбан болды. Жалпы алып қарағанда, Ресей империясының қазақ жерін отарлау саясаты негізінде, үш бағытпен жүзеге асырылды.

1. Қазақ жерінің шекараларына әскери-стратегиялық маңызы бар бекіністер салу және оларға Ресейдің басқа аймақтарын мекен еткендерді шоғырландыру.

2. Саяси-құқықтық реформа жасау арқылы қазақ халқын өзін-өзі басқару, билік жүргізуден айырып, тіке басқаруды енгізу.

3. Экономикалық саясатпен, яғни салық салу жүйесі арқылы жергілікті халықты қанау.

Өзінің отарлау саясатын ойдағыдай жүргізу үшін патша өкіметі қазақ жерінде мемлекеттік-чиновниктік басқару аппаратын құрумен де шұғылданды. XIX ғ. алғашқы жартысында Қазақстан округтерге, кейіннен облыстарға бөлініп, олар уездерге, ал уездер болыстыққа, болыстық ауылнайларға бөлінді. Өкімет қазақ халқының үнін шығармай біржолата бодандықта ұстау үшін елде сот орындарын құрды. Патша үкіметінің түрлі қулық-сұмдықтары бұқара халыққа талай ауырпалық әкелді. Сауда капиталының дамуы Қазақстанда өндіріс капиталының өнімдерін таратуға көп әсерін тигізді. Шаруалар көп жағдайда жатаққа айналды. Халдері нашарлаған кедейлер қалаларға қоныс аударып жатты. Отарлау саясаты негізінде қазақ жерінде техникалық жағынан өте әлсіз, әрі тек ауылшаруашылық өнімдерін өңдеп, шикізат күйіндегі пайдалы қазбаларды өндіретін, жыл мезгілінде ғана жұмыс істейтін шағын жұмысшылары бар кәсіпорындар құрылды.

Патша өкіметінің сол кездегі геосаясаты түбегейлі түрде қазақ жерін өзіне қаратып, шығысқа жол ашу еді. Өзімен шекаралас жерлерде дала бекіністерін салу 1740 жылы басталды. Халық арасында “қасірет белдеуі” деген атқа ие болған бұл бекіністер, шын мәнінде қазақ халқына ауыртпашылықты көп әкелді. Өздерінің саясаттарымен келіспеген қазақтарды түрмеге қамап, жер аударды. Заңсыздық пен дөрекілік қанат жайды. Елді орыстандыру саясаты жүйелі түрде жүргізілді. Ұлан байтақ территорияны басқару үшін Ресей үкіметі жергілікті бай балаларына арнап мектептер аша бастады. Сөйтіп, 1870 ж. Ресей Оқу ағарту министрлігі ұлттық мектептер туралы заң шығарды. “Ресей жерін мекендейтін бұратаналарды оқыту шаралары” заңының басты қағидасы, орыстандыру саясаты болды. Оған орыс миссионерлері тартылды. Солардың ішінде миссионер Н.И.Ильминский қазақ балаларын орыстандыру үшін көп күш жұмсаған болатын. Кеңестік дәуірде жарық көрген қазақ энциклопедиясы ұлы державалық идеологияға сай, Қазақстанның Ресейге қосылуын ұлы орыс халқының мейман достық қасиетімен түсіндірмек болды. Мысалы, ҚССР-ның энциклопедиялық қысқаша 1-ші томында: “Обладая огромной территорией, неиссякаемыми природными богатствами, гениальными и великодушными русским народ, часто ценой больших жертв и лишенияй приходил на помощь соседним народам...” - деп жазылған. Шындығында, қазақ жерін отарлау Ресей үкіметінің “мейірбандық” қасиетіне байланысты емес еді. Бұл саясат шын мәнінде жыртқыштық айла-әрекеттермен жүргізіліп, соның нәтижесінде халқымыз талай қырғынға ұшырады. Ресей отаршылдары табиғи байлықты иемденіп қана қоймай, қазақтарды рухани жағынан да отарлады, оларды тілінен, дінінен, ділінен біртіндеп айыру саясатын жүзеге асыра бастады. Қазақ ауылын басқаратын әкімшілік жүйе патша өкіметінің әкімшілік аппаратымен біте қайнасқан бай-шонжар өкілдерінің қолдарында болды. Олардың балаларын орысша оқытып, ел билеуші кіші әкімдер даярлауды мақсат етті. Сол мақсатпен қалалар мен селоларда мұсылман мектеп-медреселерімен бірге орыс-қазақ мектептері ашылды. Қазақ шонжарларының балалары Орынбор, Қазан, Омбы, Уфа, Астрахань сияқты орыс қалаларына барып білім алатын болды. Қазақстанда жергілікті әкімдер даярлау мақсатында әр жерден мектептер ашылды. Мысалы, 1744 жылы Орынборда татар мектебі, 1786 жылы Омбыда бұратана халықтар үшін тілмаштар даярлайтын мектеп ашылды. XIX ғасырдың аяғына қарай қазақ байларының балалары осы аталған оқу орындары мен Омбыдағы, Петербургтегі жоғары оқу орындарына да жолдамалар алатын болды. Соның дәлелі - 1853 ж. Ш.Уәлихановтың Омбы кадет корпусын бітіруі. Сол сияқты қазақтың ұлы зиялылары Уфа, Петербург, Мәскеу қалаларында білім

алған. Қазақ жеріне орын тепкен капитализм, халықты қанаумен бірге оған жаңа ой-пікірлерді, бостандық, азаттық идеяларын да ала келді. Бұл рухани қазынаны әкелген Ресейдің алдыңғы қатарлы азаматтары, революцияшыл демократтар, декабристер және басқа да саяси қуғын көргендер, яғни, жер аударылғандар еді. Қазақ жеріне жер аударылып келген революционер-демократтар, отаршылдардың зорлық-зомбылығы мен өктемдік саясатын қолдаған жоқ, керісінше, қазақтардың еркіндігін қолдады, олардың арасында білім мен мәдениетті таратуды жақтады. Олардың идеяларынан нәр алып, өз білімдерін халық игілігіне жұмсауға бағыттаған ағартушылар - Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин болды. Сондықтан, М.Жұмабаевтың педагогикалық көзқарасының қалыптасуына әсер еткен ойшылдар, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтардың ағартушылық ой-пікірлерін айтпай кетуге болмайды. М.Жұмабаев Абайды пір тұтса, Шоқан мен Ыбырайды ұстаз ретінде бағалаған. Еліміздің мәдениеті мен қоғамдық ой-өрісі тарихынан Шоқан (Мұхаммед-Қанапия) Шыңғысұлы Уәлихановтың (1835-1865) алатын орны айырықша. Ол өзінің қысқа өмірінде халқына зор қызмет етті. Барлық өмірін артта қалушылыққа, надандыққа қарсы күреске арнады. Шоқанның ғылыми қызметінің ең басты нәтижелерінің бірі “Алты шардың немесе қытайдың нан-гу провинциясының (кіші Бұхарасының) шығыстағы алты қаласының жағдайы туралы” атты күрделі еңбегі, еуропалық ғылым кеңістігінде Шығыс Түркістан халықтарының тарихына арналған тұңғыш ғылыми еңбек еді. Ш.Уәлиханов өз ұлтының ұлы бола білді. Өз халқының әдет-ғұрпының жағымды жақтарын зерттей отырып, оның жағымсыз жақтарын да сынап отырды. Әсіресе, қазақ жастарын жағымсыз қылықтардан, көр соқырлықтан сақтандырды, сол кездегі алдыңғы қатарлы орыс педагогикасынан үйреніп, тәрбие алуға үгіттеді. Осы арқылы Шоқан қазақ халқын қараңғылықтан жарық дүниеге шығармақшы болды. Сондықтан Шоқан өз елінде оқу, мектеп ісін бір жүйеге келтіре отырып, ғылымның негіздерін оқып-үйретуге үндегені белгілі. Ол білімнің бар халыққа ортақ болуын қалады. Білімді, мәдениетті болу үшін сол кездегі алдыңғы қатарлы елдердің білімі мен мәдениетін, оның ішінде орыс тілін үйрену керектігіне көңіл бөлді. Бұған қарап Шоқанды “орысшыл” екен деп ойлау қате. Ол орыс өкіметінің реакциялық саясатына әрдайым қарсы шығып, батыл сынап отырған. Отаршылдыққа қарсы болған. Өз елі мен халқының сауатты да мәдениетті болуын армандады. Философиялық көзқарастары жағынан, оны материалистерге жатқызуға болады. Шоқанның педагогикалық арнаулы еңбегі жоқ. Бірақ, ол өз өмірінің соңына дейін халқының игілігі үшін қызмет етті, халықты прогресс жолына түсіруге ұмтылды. Сол үшін Шоқанды ағартушы-

демократ деп білеміз. Жаңа оқу жүйесінің қалыптасуы аса көрнекті ағартушы, жаңашыл педагог, этнограф-ғалым, қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін салушылардың бірі Ыбрай Алтынсариннің (1841-1889) атымен байланысты. Бұл кезде қазақ жерін патша өкіметі негізінен 3 округқа бөлумен қатар, оқу округтерін де құрды. Мәселен, Орынбор оқу округіне - Орад, Торғай облыстары, Батыс-Сібір округіне - Ақмола, Семей облыстары, Түркістан округінің қарауына Сырдария, Жетісу облыстары қарады. Сол заманның озық ойлы ағартушысы Ы.Алтынсарин Ресей мен Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік бағыттағы байланыстарын өз халқының пайдасына шешуге тырысты. Оның барлық ой-арманы өз халқын оқу-білімге шақыра отырып, дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдерінің мәдениет дәрежесіне көтеру болатын. Әрине, ол үшін тек орыс тілін жетік біле отырып, орыс ғылымы мен мәдениеті арқылы Еуропа өркениетінен үйрену керек еді. Сол себепті Ы.Алтынсарин орыс тілін оқып, үйрену қажеттілігін әрдайым көтеріп, әсіресе, орыс әдебиетіне көп көңіл бөлді. Ер балаларды оқытумен бірге Ы.Алтынсарин қыз балаларды да оқыту үшін көп күш жұмсады. Соның нәтижесінде Ырғызда бірінші рет қыздар мектебін ашты. Оқыту барысында ұлы педагог ақыл-ой біліміне, оның ішінде жаратылыстану, орыс және қазақ тілін жүйелі оқытып, үйретуге баса назар аударады. Ол орыс графикасының негізінде “Қырғыз хрестоматиясын” жазды. “Қырғыздарды орыс тіліне үйретудің бастапқы құралы” атты жаңа типті оқулықтарын жазып ұсынды. Ұлы педагог қазақ балаларына ұлттық тәлім-тәрбие беруді үнемі назарда ұстады. Осы тұрғыдан алғанда, еңбек тәрбиесімен қатар, инабаттылық пен ізгілікке, өз халқын сүйуге тәрбиелеу Ы.Алтынсариннің басты ұстанымы болды. Ы.Алтынсариннің педагогикалық көзқарасын сөз еткенде оның ұлы ағартушы, бала жанын терең түсінетін психолог-ұстаз екендігін айту керек. Оқушыға жылы көзқарас білдіру, ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынас, ынтымақтастық ұстанымдары Ы.Алтынсариннің бастау алады десек артық емес. Баланың жеке басын сыйлау, оның адамдық қасиеттеріне дақ түсірмеу, жараламау ұлы педагогтың негізгі қағидасы болатын. Ол дүние жүзі педагогика майталмандары, Ж.Ж. Руссо, Я.Коменский, К.Ушинскийдің, Л.Толстойдың гуманистік қағидаларын әрқашанда басшылыққа алып отырған. Ы.Алтынсарин - өз ұлтын, оның тілін, дінін, дәстүрін, мәдениетін ерекше сүйген қазақ халқының патриоты. Сонымен қатар балаларды оқытып тәрбиелеу үшін ұстаздар даярлауға көп көңіл бөлді. Оның басты қағидасы өз оқушыларын адал адамгершілігі мол, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнегелі де өнерлі адам болуға тәрбиелеу болды. Қазақстанда оқу-ағарту ісін алға дамытуда ұлы ағартушы Абай Құнанбаевтың (1845-1904) рөлі ерекше екені белгілі.

Абайдың әлеуметтік қызметі мен ақындық шығармалары дала жастарының арасында кең тарап, жоғары бағаланды. Абайдың еңбектері тарихи тұрғыдан қарағанда қазақ халқының рухани мәдениетінің жиынтығы сияқты көрінеді. Туған халқының өткендегі ауызша, жазбаша ескерткіштерінде сақталған мұрасына терең бойлаған Абай, сол мөддір бұлақтан нәр алып, поэзиясын молықтыра білген. Ұлы ақын Абай өз өлеңдерінде оқу-ағарту мәселелерін насихаттап, қараңғылықты, әділетсіздікті, мәдениетсіздікті шежеді. Ақынның ерекше көңіл бөлгені тәрбие мәселесі еді. “Баланы алдама, оның көзінше боктама, былапыт сөз айтпа, өтірік сөз баланы өтірік айтуға тәрбиелейді” - деген қағидаларын әр қашан айтумен болған. Адамгершілік тәрбиесі Абай үшін басты қағида болған. Оның тәрбие мәселесі туралы ойлары, әсіресе қара сөздерінде айқын байқалады. Сонымен қатар жастар үшін белгілі бір мамандықты игеруді уағыздады. Оны өзінің 33-қара сөзінде: “Егер мал керек болса, қол өнерін үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды” - деген сөздерінен көреміз. Абай жолын жалғастырушылар, әрқашанда ұлы ойшылдың айтқандарына баса көңіл бөліп, қазақ елін нағандықтан құтқарудың бір ғана жолы оқу-ағарту деп ұқты. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев өз өмірлерінде Қазақстандағы оқу-білім мәселелерін терең қарастыра отырып, Ыбырай, Шоқан, Абайлардың ісін алға апарушылар болды. Қазақ халқына оқу-білім беру, елдің бостандығы мен егемендігі қазақ зиялыларының басты арманы еді. Сол үшін де ХХ ғасыр басында саяси-әлеуметтік мәселелерімен айналысуларына тура келді. Қазақ зиялыларының ағартушылық ой-пікірлері мектеп ашу, оқу құралдарын жазу, халықты мәдениет пен өнер-білімге үндеумен байланысты сипатын Ресей мемлекетіндегі ХІХ-ХХ ғғ. болған саяси-экономикалық және мәдени-ағартушылық саладағы өзгерістерден бөліп қарауға болмайды. Себебі, ХІХ ғасырдың 2-ші жартысында Қазақстан даласы түгел дерлік Ресейдің отарлық билігіне көшті. Осымен байланысты Ресейді мекендеуші халықтардың тұрмыс-тіршілігі бір бағыттағы арнаға түсіп қалыптаса бастады. Бұл істе халыққа білім беру, оқу-ағарту ісі шешуші рөл атқарды. Өкімет халықтың оқу-білімге деген ынтасын тоқтата алмады. Жер - жерде оқу орындары көптеп ашыла бастады. ХІХ ғасырдың аяғында Қазақстанда ерлерге арналған 2 сегіз кластық, әйелдерге арналған 2 жетікластық, бір сегізкластық әскери гимназия болды. Олармен қоса Орал қаласында 6, 7, 8 класты ерлер гимназиясы және прогимназиялар да ашылды. Бұл мектептерде орыс тілі мен тарихы, әдет-ғұрпы тиянақты оқытылды. Ал қазақ тілі қосымша пәндер қатарында ғана оқытылды. Ы.Алтынсариннің идеяларын, оның оқу-ағарту саласындағы ойларын әрі қарай жалғастыруда, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Қ.Кемелгерев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов С.Торайғыров



т.б. қазақ зиялылары белсенді қызметтер атқарды. Қазақтың осы зиялылар тобына ортақ қасиет - олар өздерінің күресі ретінде революцияны қаламады. Негізгі мақсаттары елдегі надандық, қараңғылықты жою арқылы халықты құлдықтан азат ету еді. Жалпы, XIX ғасырдың аяғына қарай Қазақстанда ағарту ісінің келесі жүйесі қалыптасты:

1. Бастауыш оқу орындары.
2. Приходтық мектеп кластары.
3. Толықтырылған гимназиялар.
4. Орыс-қазақ аралас мектептері.
5. Ауылдық және сауаттылық негізіне үйрететін мектептер.

Сонымен қатар, орта оқу орындары, реалдық училищелер, қыздарға арналған гимназиялар болды. Жалпы, бұл кездегі білім беру жүйесі Ресейлік ағарту жүйесіне біршама жақын еді. Алайда қазақ мектептерінде оқушылар мардымды білім ала алмады. Басты себеп - өкімет “бұратана” халықтың сауатты болуын ойламады. Жалақының аздығы, оқу-құралдарының жетіспеушілігі осылардың барлығы Қазақстанда оқу-ағарту ісінің дамуына кедергі болды. Осындай жағдайда Абай, Шоқан, Ыбырай ілімдерін жалғастырушы, әрі қазақ халқының саяси көсемі Ахмет Байтұрсынов болды. Қазақ халқын сауаттандыру үшін А.Байтұрсынов бірнеше еңбек жазды. “Қырық мысал”, “Маса”, “Қазақша оқу жайынан”, “Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек”, “Қазақша сөз жазушыларға”, “Әліппе - таңбалар жұмбағы”, “Әліп-би”, “Тіл құрал”, “Тіл жұмсар”, “Баяншы”, “Қай әдіс жақсы”, “Оқу құралы”, “Әдебиет танытқыш” т.б. еңбектері қазақ тілі мен әдебиеті, оның тарихы мен теориясы, оқыту әдістемесіне қатысты көптеген мәселелерді қамтыды. Олардың көпшілігі ұзақ уақыт оқу құралы ретінде пайдаланылды. А.Байтұрсынов қазақ музыка өнерін зерттеп, жинастырушылардың бірі болды. Ал, Ж.Аймауытов 20-жылдары қазақ мектептері үшін педагогика мен психология туралы “Тәрибеге жетекші”, “Психология”, “Жан жүйесі және өнер тандау” тағы басқа оқулық, әдістемелік құралдар жазды. Ж.Аймауытұлы - психология саласына қатысты бөліктерден бүтінді құрау, жеке мағлұматтардан қорытынды, жалпы ұғым, жалпы ереже, жалпы заң шығару, жалқыдан жалпыға көшу, бір сөзбен жалпылау (индукция) деп аталатының, бұған қарсы ойлаудың екінші жолы жалпы ұғым, жалпы ережеден жеке мағлұмат шығару, жалпыдан жалқыға көшу, яғни жалқылау (дедукция) ұғымдарын жан-жақты қарастырған қазақтың тұңғыш психолог-ғалымы. Осы мәселелерге байланысты әдіскер-ғалым өзінің “Жалқылау әдісі”, “Жалқылауды жалпылау әдісі” секілді мақалаларын жазып, әліппе, тіл құралдарды құрастыруда, оқытуда индукция, дедукция тәсілдерін терең пайдаланған. А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытовтармен қатарласа халықты “Оян, қазақ” атты шығармасымен белсенді іс-әрекетке

шақырған көрнекті қоғам қайраткері Міржақып Дулатов болды. Оның мақалалары мен өлеңдері қазақ халқын оқу-білім алуға шақырды. Әсіресе, А.Байтұрсыновпен бірлесіп шығарған “Қазақ” газеті М.Дулатов үшін де, қазақ халқы үшін де үлкен өмір мектебі болды. М.Дулатов бала жанын терең түсінген психолог әрі әдіскер ғалым. “Жас балаларды оқыған нәрсесі хақында ойлануға, оның мағынасын, қасиеттеуге сездіруге қалай үйретпек керек? Баланы оқыған нәрсесін бір-біріне ұйқастырып ойлануына, оқып шыққаннан кейін жадында ретті һәм толық мағынасымен қалдыруға әдеттендіру керек” - деп, баламен жұмыс істеудің түрлі әдіс-тәсілдерін жан-жақты қарастырады. Ұлттық сана-сезімді ояту, қазақ халқының өз алдына дербес егеменді ел болуы, оқу-ағарту, тегін білім беру мәселелері 1913-1917 жж. Орынборда қазақ зиялылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов бастап шығарған “Қазақ” газетінде үнемі арнайы сөз болып келді. 1913 ж. “Қазақ” газетінің 18-санында Ә.Бөкейхановтың алғаш “Дума һәм қазақ” деген мақаласында: “Қазақ думаға депутат болып барып, өз елінің қамын, қазақ сөзін сөйлеуі әр оқыған елім деп жүрегі соғатын азаматтық парызың,” - дей келе: - “...тірі болсам, қазаққа қызмет етпей қоймаймын” - деп, халық алдында ант бергендей болады. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов бастаған қазақ зиялылары 1911-1917 ж.ж. аралығында “Айқап” журналы мен “Қазақ” газетінің маңына берік топталып, өздерінің саяси мақалалары мен өлең-жырларында қазақ елінің қараңғылықта, екі бірдей езгіде азап шегуін ашық баяндап, халықты саяси күреске шақырып отырды. Мемлекеттік Думаға қазақ халқының атынан петиция жазып, бостандық беруді, егемен ел болуға мүмкіндік туғызуды талап етеді. Ел қамын жейтін халықты бастаушы саяси ұйымның қажеттігін айта келіп, оны ұйымдастырудың жолдарын қарастырады. Ақыры 1917 жылы шілдеде Орынборда тұңғыш “Қазақтың саяси партиясы – “Алашты” құру туралы” съезд шақырылып, оның бағдарламасы “Қазақ” газетінде жарияланды. Алаш партиясының ұйтқысы болған көрнекті қайраткерлері: Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, М.Шоқай, Х.Досмұхамедов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, М.Әуезов сынды зиялылар сол партияның мүшесі болып, белсене қызмет етті. Олар Алаш партиясының өмірге келгенін, оның бүкіл қазақ халқының мүддесін қорғаушы екенін дәлелдеп бақты. Ә.Бөкейханов бастаған қазақтың зиялы қауымы “Алаш” партиясы мен “Алашорда” үкіметінің негізгі платформасын жасап, Қазақстандағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерін шешу жолдарын анықтауда ұлттық тұтастық және жалпы халықтық бірлік ұстанымын басыпшылыққа алды. Мұндай ұстаным аталған мәселелерді шешуде таптық күрес пен пролетариат диктатурасын негізге алған большевиктерге қарама-қарсы еді. Сондықтан да “Алаш” көсемдері мен

“Алашорда” үкіметінің басшылары Қазан революциясының ұрандарын, Кеңес өкіметінің идеялары мен нақты іс-әрекеттерін қабылдамады, оларға қарсы шықты. Олардың “Қазағым қайраттан”, “Ұйымдасып жеке отау тігіп ел болайық”, “Ел қамын ойлаушы зиялы қауым болып бас қосайық, бірігейік” деген ұрандары орыс үкіметінің ұлы орысшыл шовинистеріне шаншу болып тиді. Қазақ зиялыларының бұл идеясы 1911-1917 ж.ж. арасындағы мерзімді басылымдарда, әсіресе “Айқап” журналы мен “Қазақ” газетінде өткір түрде үздіксіз көтеріліп отырды. Нәтижесінде, азамат соғысында жеңіске жеткен Кеңес үкіметі “Алашорданы” тарих сахнасынан кетірді. Кеңес өкіметі “Алаш” қозғалысына қатынасқандардың барлығына кешірім жасағанына қарамастан, азамат соғысынан кейінгі 7-8 жылда Қазақстанның ғылымы мен оқу-ағарту ісіне, әдебиет пен өнердің, халық шаруашылығының әр саласына қомақты үлес қосқанына қарамастан ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдерін, ең алдымен Алашорда партиясына жетекшілік жасаған қайраткерлерді түгел дерлік жалған жаламен “Халық жауы” деп айыптап, түрмеге жапты, атты, асты, елден қуды. “Алаш” партиясының көрнекті қайраткерлерінің бірі, кеңестік тоталитарлық зорлық-зомбылықтың жазықсыз құрбаны болған, қазақ халқының рухани, мәдени, әдеби әлемінде өзіндік өшпес із қалдырған әрі лирик ақын, әрі көрнекті педагог, әдіскер-ғалым, ұстаз, қоғам қайраткері М.Жұмабаевтың өмір жолына ерекше тоқтала кетуді жөн көрдік. 1913 жылы Мағжан, Ахмет, Мыржақып сынды ұстаз ағаларының ықпалымен Еуропа біліміне жақындаспақ ниетпен Омбыға келіп, оқытушылар семинариясына оқуға түседі. Семинария қабырғасында ол Сәкен Сейфуллинмен танысады. Ол халқының білім мен өнерден мақұрым қалған мүсәпірлік себебін іздейді, көп нәрсеге көзі ашылады. Осы жылдары Омбы мұғалімдік семинариясында оқып жүріп, орыс және батыс Еуропа ақын-жазушыларын құныға оқиды, өзіне жаңа да тосын ой, идеяларды көңіліне тоқи бастайды. Оның алдында жаңа бір әлем ашылады. Осы күндері қазақ халқы өз алдына тәуелсіздік алып, егеменді, дербес Қазақ Республикасын құру кезеңінде, тілің, дінін қайтадан қалпына келтіру жолында орасан зор қадамдар жасау уақытында, Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын оның бүкіл саналы өмірі, қазақ ұлтының ар-намысы үшін күресі, ұлттың езгіден шың мәнінде құтылуға шақырған жалынды сөздері, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда орасан зор рөл атқаруда. Мағжан поэзиясында әуел бастан-ақ, ұлт-азаттық сарыны басым болады. Өте жас болса да, 18-20 жастың аралығында Мағжан патша өкіметінің аз ұлттарға жасап отырған қиянатына қарсы өзінің поэзиясымен күресе білді. Уфа медресесі Омбы мұғалімдер семинариясында (1913-1917 жж) оқыған кезінде “Айқап”, “Қазақ” газеттерін де өз өлеңдерін жариялап, ұлттық сана сезімді қалыптастыруға зор үлес қосты. Патша өкіметінің отаршылдық саясатының соңғы кезеңінің өзінде-ақ, яғни 1895-1905 жылдары, небары 12 жылдың

ішінде қазақтардың ең шұрайлы деген 4 млн. десятинадан астам жерің, ал 1906-1912 жылдары тартып алынған жер 17 млн. десятинадан асып кеткені бізге тарихтан белгілі. Сонау ерте кезеңде басталған Ресей отаршылдығының, одан кейінгі кеңестер тұсында бірде-бір таласталмаған қоныстандыру саясатының, тын игеру, полигондар салу кезеңдерінің нәтижесінде, қазақ даласында экологиялық апаттың нышандары болуын Мағжан ерте кезде сезген бе деп қаласың. Тағы бір айта кететін жай “Туған жерім-Сасықкөл” деген өлеңінде, Мағжан “қазақ халқының тапқа бөлініп жіктелуі анық болмаған, қазақтың байы мен кедейі бір-біріне қарама- қарсы тап емес” - деген ойын да аңғарамыз. Мағжан көп уақыт бойы, кеңестік дәуірде де, белгілі бір топтың мүддесін жырлайды. Өмірінің соңғы кезінде кеңестік қыспаққа алынғанда, амалсыз жағдайда ақынның кейбір өлеңдерінде таптық принцип айтыла бастайды. Мағжан Жұмабаев өз ұлттың азат етудің бірден-бір шарты оқу-ағарту, нағандықтан құтылу ғана емес, батыл әрекет, күрес қажет дейді. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс қарсаңында, “Қазақ” газетінің 1915 жылғы 9,25 маусым күндері шыққан санында ақын өзінің “Дін үйреткенге”, “Есімде тек таң атсын” деген өлеңдерін жариялады. Ақын алдымен халқымыздың өткен шағына көз тастап, “ел шетіне жау тигенде, ақ найза, алты құлаш белге байлап, айнымас алдаспанды қолға алып, қанатты, қажымайтын тұлпар міндік, жібекпен жетпіс қабат белді будық, құрсанып қылыш өтпес мұздай темір, қиядан қыран құста жауға ұмтылдық”, - деп “ енді осы ерлік кезеңімізді тағы қайталайық, тек жата бермейік”-дейді. Бостандық үшін отаршылдыққа қарсы күресер кезең жақың, 1917 жылғы революциялық дүмпүлер міне- міне болатындығын жырлайды. Дүниежүзілік 1914 жылғы соғысқа қатысқан Ресей тылда жұмыс істеуге қазақтардан солдат алуға 1916 жылы июнь жарлығын шығарды. Бұл қазақ халқының басына түскен жайдың оғындай болды. Ал шындығына келсек “Алаш” азаматтарының 1916 жылғы көтерілісі асығыс дайындалған, текке қазақ халқының қаны төгіледі” - деп сақтандырған. Олардың ойынша, “ұлт азаттық қозғалыстың әскери дайындықтан өтіп, ұйымдасқан түрде басталуы керек”. Патша үкіміті июнь жарлығы шықпай тұрып – ақ, жазалау әскерін сайлап, зеңбірек ұңғысын тазалап, қазақ жүздіктері қылыштарын қайрап қойғанын Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мұстафа сияқты алаш азаматтары өте жақсы білген. Алаш азаматтарымен бірге болып, кейіннен 1917 жылы “Алаш” партиясына мүше болған Мағжан Жұмабаевтың 1916 жылғы көтеріліс туралы пікіріне сәйкес, бұл тақырыпқа көп қалам тартпағаның осыған байланысты болуы мүмкін. Көп уақытқа дейін кеңес тарихшылары 1916 жылғы көтерілісті қазақтың оқыған азаматтары, кейіннен “Алаш” партиясының негізін құрушылар - Ахмет, Міржақып, Әлихан, Мағжандарды “байлардың мүддесін қорғап, ұлттық намысты аяққа басты, патша үкіметінің сойылын соқты, жақтамады” - деп, айыптап келген еді. Сөйтіп, “Алаш” азаматтарына

казак халқының теріс көзқарасын тудырды. Осындай аумалы-төкпелі заманда 1917 жылы Мағжан Омбының мұғалімдер семинариясын үздік біліммен бітіріп шығады. Бұл кезеңде Ресейдегі ақпан революциясын казак зиялыларының көпшілігі куана қарсы алғаны белгілі. Осындай аласапыран уақыттарда саяси жұмыстардан Мағжан да тыс қалмаған. Елді тығырықтан шығаруда 1917 жылдың қысында құрылған “Алаш” партиясының ішінде болып, кейіннен Құрылтай сайлауында Ақмола облыстық казак комитетіне сайланған Мағжан оқу-ағарту мәселесімен тікелей айналысты. Оны Мағжантанушы ғалым Т.Кәкішев өзінің “Мағжан-Сәкен” деген ғылыми-эссесінде әртүрлі фактілер келтіре отырып дәлелдеген. Ш.Елеуенов, Мағжанның өмірі мен шығармашылығы жөнінде жаза келіп, осы жаңы Колчакпен байланыстырып: “Мағжанның жәйы мөз емес-ті... Мағжанның сорына Омбыда өздерін “социалистерміз” деп жариялаған “Үш жүз” атты партия пайда болды. Мемлекет орнының құқығын өз бетімен иемденіп алған осы партияның Орталық Комитетсымағы: “ақын Мағжан Жұмабаев бостандықты сүймейтіндігі үшін ұсталсын, қамалсын” - деп қаулы алады. Сөйтiп, оқулық жазу үстiнде жүрген ақын абақтыға түсті” - деп, ел ішіндегі партиялар күресінің Мағжан тағдырына да үлкен кесірін тигізгенін көрсетеді. Осы фактіге қарасақ, Мағжан ақындығымен бірге ұстаздық ғылым (педагогика) саласына 1918 жылдан бастап беріле қызмет еткені байқалады. Сол уақыттағы саяси жағдайларға тікелей араласып жүрген Мағжан өзінің ертеден көтеріп жүрген мәселесі - оқу ағарту жұмысымен айналысқанын мұрағат құжаттары да куаттайды. 1920 жылы Петропавл қаласында казак мұғалімдерінің Омбы губерниялық курсы ашылғанда өз қолымен толтырылған анкетадан негізгі мамандығым “киргизская словесность” дегеніне қарамай, педагогикадан, казак тілі мен ұлт тарихынан лекциялар оқып келгенін жазыпты. Ал жұмыс стажы деген бапқа “7 лет литературной национальной деятельности. Был лектором педагогических курсов 1918 г. в Омске, в 1918-19 г.г. заведовал на 2-х годичных педагогических курсов в Омске, читал лекции на краткосрочных курсах в 1919 г. в с. Белиевка (Полтавка) Омского уезда, сотрудничал в журнале “Айкап” в с.Троицке по общепедагогическим вопросам” – дейді. Бұдан байқағанымыз, Мағжан Омбыдағы кезеңін оқу-ағарту жұмысын ұйымдастыруға арнаған. Мәселен, 1918 ж. 24 қыркүйекте өткен Омбы облыстық Советінің 8 атқару бюросының халыққа білім беру мәжілісінде, М.Жұмабаев 11-ге жуық мәселе көтерген. Ол құжат “Выписка постановления 8-исполнительного бюро Омского областного Совета по народному просвещению от 24 сентября сего года” деп аталады. Сол мәжілістің күн тәртібіндегі он бір мәселені Мағжан көтерген. Осыншама мәселе көтеру үшін айтарлақтай дайындық керек екенін ескерсек, Мағжанның бұл қызметке қыркүйектің алғашқы күндерінен бастап кіріскені шүбә тудырмайды. Оған ақынның “Заявление времен, заведов

Иородчском отделом Жумабаева о назначении двух инструкторов по школьному инородческому образованию персонально по представлению областного киргизского учительского съезда” деген жазбасы да куә. Яғни, осы кезеңде Мағжан облыстық халыққа білім беру бұратаналар мектебі бөлімінің жетекшісі болған. Оның көтерген мәселелерінің ішінде, Омбы және Атбасар қалаларында тұрақты екіжылдық мүсылмандарға арналған педагогикалық курс ашу да болған. Осы құжат негізінде Мағжанның тек қана ұстаздық қызметпен емес, оқу-ағарту мәселесін ұйымдастыру жұмысымен де тікелей айналысқанын, Омбыда бұл курстың ашылғанын, онда М.Жұмабаевтың бастық болғанын және тыңдаушыларға әдебиеттен дөріс оқығандығын білеміз. Мағжанның бұл кезеңдегі ұстаздық қызметі туралы белгілі жазушы С.Мұқанов “Өмір мектебінде” атты мемуарлық еңбегінде тиісінше деректер берген. Бұл жөнінде Т.Кәкішев те жоғарыда аты аталған “Мағжан - Сәкен” эссесінде терең зерттеулер жүргізіп, дәйекті дәлелдер келтірген. М.Жұмабаевтың осындай игі істерінің нәтижесінде Омбы, Атбасар, Петропавлда халықты сауаттандыруға байланысты оқу-ағарту саласында көптеген жұмыстар атқарылды. Солардың көш басында мұғалімдер даярлау ісі тұрды. 1919 жылдың 1 мамырында “Бұратаналар” бөлімінің меңгерушісі М.С.Арсыланов “О киргизских летних краткосрочных педагогических курсах” деген мәселе көтергенде, Ақмола облыстық Земской Управаның атқару бюросы мынадай шешім қабылдаған: “Просить киргизские организации и частных лиц, принимающих живое участие в деле просвещения, не найдут ли они возможным субсидировать необходимые средства на устройство о назначенных курсов сроком на 3-4 месяца, а так же просить уездные земские управы Акмолинской области, часть расходов по устройству курсов взять на себя”. 1920 жылы 17 мамыр күні “Подотдел просвещения национальных меньшинств просит не отказать в выдаче предъявителю сего лектору губернских курсов по подготовке учителей - киргизт. Кеменгерову имеющихся в распоряжении отдела печатных материалов по географии киргизских областей. По окончании курсов все представленные в пользование материалы будут с благодарностью возвращены!” - деп, орыс география қоғамының Батыс-Сібір бөліміне қатынас қағаз жазған. Оны 21 мамыр күні “Отдел народного образования просит представителям сего гг. Мухаметову Уразбеку - инструктору Атбасарского уотнароба и Жумабаеву Магжану - инструктору губподотдела наименьшинств экстренный отзыв на прездз грузом, предназначенным для открывающихся в гг. Атбасаре и Петропавловске киргизских педагогических курсов” - деп, губерниялық революциялық комитетке жазуы тап осы кезде Мағжанның губерниялық аз ұлттар бөлімінде инструктор болып қызмет істегенін көрсетеді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде қызыл мұғалімдердің 4-айлық курсы Қызылжарда ашылып, онда Мағжан

Жұмабаев курс жетекшісі болып тағайындалған. Қызылжардағы курс директоры болған (1920 ж.) кезінде Мағжан тыңдаушыларға “Педагогика” “Киргизская словесность” және “Национальная история” пәндерінен дәріс оқыған. М.Жұмабаевтың осы кезеңі туралы Шерияздан Елеуєнов “Қызылжарда 1920 жылы мұғалімдердің советтік курсы ұйымдастырылды. Оған әдебиет пен педагогика курсынан сабақ беруге Мағжан Жұмабаев шақырылды. Бірақ, көп ұзамай “Ертегі” поэмасын оқығаны үшін Кеңесар мен Сыздықты дәріптеді” - деп, Мағжанды оқытушылықтан босатты” - деп жазған. Ш.Елеуєнов. Қысқаша хронологияға жүгінетін болсақ, Мағжанның педагогика саласындағы еңбек жылдарын төмендегі кестеден көруімізге болады.

### 1 кесте. - Мағжанның ұстаздық қызмет жолы

Жылдар	Педагогикалық қызметі
1913-1917	Омбы мұғалімдер семинариясында оқып, оны алтын медальмен бітірді.
1918	Омбыдағы жазғы педкурста оқытушы болды.
1918-1919	Омбыдағы мұғалімдердің 2 жылдық курсының меңгерушісі. Омбы уезі Полтавка селосында ашылған қысқа мерзімдегі курс оқытушысы.
1920	Мұғалімдердің советтік курсына әдебиет пен педагогика пәндерінің оқытушысы.
1922-23	«Педагогика» оқулығын жазып, оны Орынборда содан соң Ташкентте баспадан шығарды.
1922-1923	Ташкент. Оқу-ағарту институтында оқытушы. Қазақ-қырғыз ғылыми білім комиссиясының мүшесі.
1923-1927	Москвадағы әдеби-көркемөнер институтының тыңдаушысы. Күншығыс еңбекшілері институтының оқытушысы.
1929-1936	Тұтқындағы жылдары.

Осы кестеден көріп отырғанымыздай, Мағжан 45-жылдың ғұмырының жартысынан астамын оқу білімге, ұстаздық, тәлім-тәрбиеге арнаған. Ақындық шеберлігінің өзін бала тәрбиесіне, оқу-ағарту жұмысына жұмсаған. Оған оның көптеген өлеңдері мен мақалаларының дәлел екенін жоғарыда атап өттік. Ақын-педагогтың әсіресе, 20-30 жылдары арасында оның ішінде Ташкент кезеңіндегі шығармашылығы айтарлықтай. 1922 жылы Мағжан Ташкенттегі қазақ ғылыми білім комиссиясының жолдауымен Москвада жаңа ашылған әдеби-көркемөнер институтына оқуға түседі. Әрі Ағарту халық комиссары Лунчарскийдің шақыруымен астанадағы Күншығыс еңбекшілерінің университетінде сабақ береді. Сонымен қатар Нәзір Төрөкүлов басқарып отырған Күншығыс баспасында редактор болып қызмет істейді. Москвада болған үш жарым жыл ішінде Мағжан Батыс Еуропа әдебиетін терең зерттеп оқиды. Мағжан сонымен

қатар ағылшын, неміс тіліндегі мықты ақындардың жазу машығымен, ойлау, ырғақ табу жүйесімен егжей-тегжейлі танысады. Лунчарскиймен бірнеше рет кездесіп пікірлеседі. 1927 жылы Мәскеудегі оқуын бітіріп Мағжан елге оралып, сол кездегі Қазақстан басшыларына өзін жұмысқа орналастыру туралы өтініш хат жазады. Алайда, Мағжанға ешқандай жағдай жасаған емес, керісінше олар Мағжанды орыстың “смеховеховшыл” жазушыларының қатарына қосып, аластатуға тырысты. 1929 жылы ол жазықсыз тұтқындалып, 10 жылға түрмеге кесілді. Өйтсе де, Мағжан зауал шағым туды деп жүнкіген жоқ. Ізденді, күресті. Түбінде әділет женетініне сенді. Алыстағы Карелия лагерінен әйелі Зылиха арқылы пролетариат жазушысы Максим Горькийге өз жағдайын баяндап, хат жолдайды. Сөйтіп ұлы гуманист жазушының және оның әйелі Е.Пешкованың көмегімен Мағжан 1936 жылы қамаудан мерзімінен бұрын босанып шығады. Абақтыдан босатылып елге келген соң, Мағжан Қызылжар қаласындағы Пушкин атындағы №5 орыс орталау мектебінде орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Мағжанның сабақ беру шеберлігі жөнінде сол мектепте аз уақыт Мағжанның дәріс алған Мағжанның оқушысы, соңынан көп жылдар өзі де мұғалім болған Татьяна Павловна Нетесова былай дейді: “Когда Магжан Бекенович в первый раз вошел в наш класс на урок, мы невольно засомневались, сможет ли он вести на соответствующем уровне уроки русского языка и литературы? Но уже после первого занятия все сомнения рассеялись, а после нескольких уроков мы просто полюбили нового учителя...”. Мұнымен бірге Мағжан педтехникумда да сабақ береді. Ақын шын көңілден “социалистік еңбек еліне” қызмет етпекке барын салады. Осы ниетпен “Не күн туса да айнымаймын” - деп “Қаламыма”, “Жамбылға” деген өлеңдерін жазды. Бірақ, НКВД маза бермеген соң, Мағжан Алматыдағы Қазақстан Жазушылар одағын басқарып отырған Сәбит Мұқановқа жағдайын айтып хат жазған. Ұлы ақынның ақырғы тілегі болғандай бұл хатқа С.Мұқанов: “Алматыға келіңіз” - деп жауап береді. (С.Мұқанов). Бірақ, Мағжан Алматыға келгенмен, ешқандай жұмысқа орналаса алмай, көп қиыншылық көреді. Бұрынғы таныс жолдастарының көбі одан ат-тонын ала қашады. Өйткені, бұл әйгілі 1937 жыл еді. Ақыры сол 1937 жылдың 28-желтоқсанында Мағжан ежовшылардың қанды шенгеліне түсті. Бұл жолы арашалайтын кісі табылмады. Мағжанның ұлтшыл, түрікшіл болуының дүниеден күдер үзіп торығуының белгілі себептері де бар еді. Біріншіден, оның орта шаруа отбасында дүниеге келіп, тапқа, жікке бөлінбеген қазақ ауылында туып-өсуі болса, екіншіден, татар медресесінде оқып, түрікшіл, исламшыл рухта тәрбие алуы, үшіншіден, патша үкіметінің отарлау саясатын көріп өсуі оның ұлтшылдық сезімінің ерте оянуына әсер етті, төртіншіден, кеңестік қатыгез саясаттың қуғынына ерте ұшырап, оған деген сенімсіздіктің күшеюі оның бойында ұлтшылдық, түрікшілдік көзқарасты



калыптастырды. Ресей қол астындағы түрік тұқымдас халықтардың жүздеген жылдар бойы патша өкіметінің отары болып, ұлыорыспылдық, еуроцентристік өктемдік саясаттың салдарынан еуропалықтар мәдениет рухын себуші, ал азиаттықтар “тағы”, “дөрекі”, “мәдениетсіз” саналып келгені әлемге аян. Олай болса, Мағжанның күншығысшыл исламшыл болуы өктемдікке қарсылықтан туған болатын. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы “Күншығысты Батыстың капиталдық бұғауынан азат ету керек” деген күйтүркі саясатқа сәніп қалған ақын, Батыстың мәдениеті құлайды, мәдениет “пайғамбары” Күншығыстан шығуы керек деген пікірге келіп, “От”, “Күншығыс”, “Пайғамбар”, “Ақсақ Темір”, “Түркістан”, “Жер жүзін топан басса екен” деген өлеңдерін жазады. Шынында да, 1920-1932 ж.ж. арасында Қазақстанда адам түсіне қоймайтын қарама-қайшылыққа толы заман ағымының болғаны шындық еді. Ол азамат соғысының елді қажытуы, ақ, қызыл болып бөлініп күнде қанды қырғынның етек алуы, елді аштықтың жайлауы, байлардың малын тартып алып, халықты жаппай коллективтік шаруашылыққа зорлап біріктіруі, коллективизация мен ауылды кеңестендіруді түсінбеген қазақтардың көрші Ауған, Қытай, Моңғол, Ресей, Орта Азия елдеріне ауа қашуы, ақыры 1932 жылы 2 миллион қазақтың аштан қырылуы сияқты шытырман уақиғалар еді. Бұл тарихи трагедия туралы қазақ зерттеушілері біршама жазып келеді. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдардағы асыра сілтеу саясатына Мағжан ғана қарсы болған жоқ. Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мұхаметжан, Мұстафа сияқты “Алаш” партиясының көрнекті қайраткерлерінің бәрі қарсы болды. Кейбіреулері өздерінің қарсылық пікірлерін ашық білдірсе, екіншілері іштен тынды, саруайымға салынды, үшіншілері шет елге эмиграцияға кетіп, большевиктердің солақай саясатын баспасөз арқылы айыптаумен айналысты. Мәселен, “Алаш” партиясының көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынов 1920 жылы 15 сәуірде “Известия киргизского края” газетінде жарияланған “Революция и киргизы” атты мақаласында “...Если раньше кучка людей, под именем царских чиновников, безответственно угнетала и чинила над киргизами всякого рода насилия, то такую же деятельность проявляла на окраинах кучка людей прикрываясь именем большевикоммунистов. Я и мои соотечественники, не мирившиеся с таким положением раньше при царской власти, не могли мириться и теперь и, думая, что подобные дела творятся повсюду в Советской России...” - деп жазған. “Алаш” қайраткерлерінің туған халқы үшін, оның бақытты болашағы үшін арын да, жанын да қиюы тарихта теңдесі жоқ отансүйгіштік, ерлік деуге болады. Сонымен бірге, қазақ мектептерінде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларының істері мен өмір жолдарын оқып-үйренуді ұрпақ тәрбиесіне жүйелі енгізіп, пайдалана білу қажеттілігі бүгінде дау туғызбайды. Жаһандану дәуірінде Қазақстан бірнеше сырт мемлекеттердің қоршауында тұрғаны анық. Олай

болса, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен айтсақ: "...біздің ұрпағымыз өзіне тән тектілігімен, бұлалығымен, жасқануды білмейтін тәкаппарлығымен, батылдығымен, айлалығымен дараланатын барыс болмақ. Ол ешкімге бірінші болып шабуыл жасамайды, әрі тікелей соғыстардан тартынатын болады. Бірақ, ол өзінің еркіндігі, тұрағына, ұрпағына қатер төнген жағдайда, ол бұларды басын тігіп, бойындағы барын салып қорғайтын болады. Ол сыптай да, серпінді қолуға және семіздік пен жалқаулыққа бой алдырмауға тиіс, әйтпеген күнде ол қатаң табиғи ортада өмір сүре алмайды" - деп тұжырымдаған. Соңғы жылдары Мағжан еңбектері мектеп бағдарламаларына енгізіліп, оның шығармалары оқулықтардан тұрақты орын алып отыр. Бірақ, оларды оқып үйренудің тиімділігін арттыру үшін М.Жұмабаевтың тәлімгерлік ой-пікірінің педагогикалық-психологиялық негіздерін де оқып, үйренген жөн.

## 1.2 Мағжан Жұмабаевтың тәлімгерлік ой-пікірінің педагогикалық-психологиялық негіздері.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан бері М.Жұмабаевтың әдеби, педагогикалық мұралары біршама зерттелгендігі туралы "Кіріспеді" кеңінен тоқталып өткенбіз. Ал, біз оның тәлімгерлік ой-пікірінің педагогикалық-психологиялық негіздеріне назар аударуды жөн көрдік. Мағжан қазақ мектебіндегі бала тәрбиесі мен білім беру ісін ғылыми жолға қою үшін мұғалім даярлау ісіне белсене араласып, мұғалімдерге арналған "Педагогика" және басқа да оқулықтар мен оқу-әдістеме құралдарын жазды. М.Жұмабаевтың әдістемелік бағытта жазған еңбектерінің бірі "Сауатты бол" кітабы. Кітап, 1926 кейіннен 1929 жылы 50 мың дана болып, Мәскеуде басып шығарылды. Оқулық негізін ересектерге арналып жазылған болсада, сол кездегі қазақ мектептері үшін таптырмайтын оқу құралы болды. Елдегі сауатсыздықты жою науқанына белсене араласқан М.Жұмабаев қазақ еңбекшілерін оқуға, сауат ашуға шақырады. Сондықтанда, М.Жұмабаев оқулықты қарапайым тілмен, суреттермен әр түрлі сызбаларды қолдана отырып жазған. Өзінің айтуы бойынша "оңайдан қиынға қарай үйрету" әдісін қолданған.

Сонымен қатар оқулықтағы мақалалар мен өлеңдер оқушылар үшін жеңіл, жаттап айтуға оңай болуын естен шығармаған. Жалпы бұл кітап туралы сол кезде алғашқы сын айтушы Молдағали Жолдыбаев: "Не дегенмен, кітаптың шығуы аса пайдалы. Ахметтің "Сауат ашқыш", "Әліп - билеріне" қосымша саяси сауат ашатын орындардың бұл кітапты алдырулары керек-ақ" - дейді. Осыған орай айта кететін бір ой, қазіргі кезеңде мектептер үшін оқулықтар жазу ісімен көптеген адамдар айналысуда. Өкініштісі сол оқулықтардың

біразы қойылатын талаптарға жауап бере бермейді. Оқушының қабылдау, ойлау қабілетімен психологиялық қасиеттері ескерілмейді. Көбіне әркім өз бетінше әрекет жасауда. Кезінде осы мәселе туралы М.Жұмабаев өзінің “Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз” – деген әдістемелік бағытта жазылған мақаласында: “Жазылашақ біздің оқу құралдарымыздың мінезі мектебіміздің мінезіне байлаулы болуға тиісті” – деп болашақ оқулықтың өмір талабына сай болуын ескертеді. М.Жұмабаевтың бұл ескертпесі бүгінгі күн үшін де өзекті екендігіне шүбә келтіруге болмас.

Шын мәнінде де жақсы оқулық оқушының сабаққа деген қызығушылығын тудыра отырып, оны тәрбиелейді де. Тәрбие мәселесіне байланысты М.Жұмабаевтың жазған еңбектерінің бірі “Бала тәрбиелеу жолдары”. Бұл әдістемелік еңбектің құндылығы – жас өспірім сәбиден бастап, ер жеткен бала мен бой жеткен қызды ұлттық негізде тәрбиелей отырып, ұлы адами қасиеттерді бала бойына қалай қалыптастыру керек екендігін көрсетеді. Сонымен қатар бала тәрбиесі туған, өскен ортасына, ата-ананың, отбасындағы тәрбиеге байланысты. Осы орайда М.Жұмабаев баланың маңайындағы адамдардың да тәртіпті, тәрбиелі болуы, бала көзінше бөтен сөз айтпау, сұлу сезімдерді көрсете білуі керектігін ескертеді. Бала тәрбиелеудің жолы әр алуан екендігін көрсете отырып, М.Жұмабаев халық педагогикасының құнды жақтарын алуды меңзейді. Баланың ойыны, тілінің дамуы үшін пайдалы екендігіне назар аударады. Баланың түзу, сау, ойлау қабілетінің жақсы дамуы үшін де оның күн тәртібіне, яғни таза ауада жүруі, ұйқысына, дене- шынықтыру, тамақ ішуіне ерекше көңіл бөліп, назар аударып отыру қажет екендігін ескертеді. Еңбек, ақыл-ой, эстетикалық тағы басқа тәрбие түрлерін терең орынды қолдана білгенде ғана, оқушыларды заманына сай тәрбиелеуге болатындығын М.Жұмабаев сол кездің өзіндеақ, айтқан-ды. Мағжанның “баланы заманына сай тәрбиелеу керек” – деген ойы бүгінгі күні де өзекті екендігіне ешкімнің дауы бола қоймас деп ойлаймыз.

М.Жұмабаевтың ұлттық мектепті құру, оны қалыптастыру туралы жазған еңбегінің бірі “Жазылашақ оқу құралы һәм мектебіміз”. Ұлы ұстаздың ұлт тағдырына нәмісқұрайлы қарай алмағандығын осы бір еңбектен көруге болады. Ол: “Бір елдің тағдыры мектебінің құрылысына байланысты. Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуына мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді қазақ жанына қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады”-дейді. М.Жұмабаев болашақ мектеп қандай болу керектігін сөз етіп, қазақ мектебі ең алдымен таза қазақ тілінде жұмыс істей отырып, оқушыларға жаң-жақты білім негіздерін бере алатындай болу керектігін меңзейді. Пәндерді оқытуда ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтарын пайдаланумен бірге тіл, әдебиет, мәдениет ұлттық тәлім-тәрбие мәселелерін

кейінге қалдырмау туралы ойларын айтады. М.Жұмабаевтың әдістемелік бағытта жазған еңбегінің бірі “Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы”. Оның бұл мұрасы 1923 ж. Ташкентте жарық көрген. Мұнда ол сол кездегі тарихи жағдайдан туатын міндеттерге:

1. Бастауыш мектептің міндеті. 2. Еңбек мектебінің міндеті. 3. Төрт жылдық бастауыш мектептегі ана тілі және ана тілі сабағының сабақтан тыс түрлеріне тоқталады. Оқулықтың басты мақсаты, бастауыш мектепте ана тілін оқытудың әдіс-тәсілін мұғалімдерге ұсына отырып, ана тілін мектепте, қоғамда жоғары көтеру керек екендігін мензейді. Оқулық “Мектебіміз” деген алғы сөзбен басталады. Мұнда, Мағжан сол кездегі қазақ мектебінің тағдырын сөз етеді. Бір ғана ойдың төңірегінде сөз қозғамай, ол сол замандағы тарихи жағдайдан туатын міндеттерді анықтайды.

Нағыз ғалым белгілі бір жүйемен ойлайды. Мағжанның зерттеушілік өнеріне тән нәрсе-қолға алған тақырыбының тарихи және теориялық бүгешігесін барынша терең білетіндігінде. Бұған оның күдай берген кемелдер алғыр ойың, ұшқыр қиялы мен сезімін қосыңыз. Осы бір еңбектің өзінен ғана Мағжанның қазақ тілінің жетік, үлкен әдіскер, лингвистика саласын терең білетіндігін байқауға болады. Мағжан ана тілін бастауыш, яғни I сыныптан дұрыс оқыту керектігі туралы арнайы сөз қозғаған. Құр ғана жалаң сөз арқылы емес, әр алуан қосымша әдіс-тәсілдерді төменгі сыныптарда кеңінен қолдану қажеттілігін көрсете отырып, сынып сайын қажетті материалдарды сұрыптау ұстанымдарына да мән берген. Ол төрт жылдық бастауыш мектепте ана тілін оқытуды жүйелеп, сыныпта қалай, қай дәрежеде оқыту керектігін баяндаған. Бірінші жылы баланың тілін дұрыс сөйлетуге, өз ойын айтуға дағдыландыру, “қысылмай сөзбен жарыққа шығаруды” ұсынады. Сондай-ақ, жаттаған өлең, сөз, көрген дүниелерін сурет қылып салып, оны сипаттап жазуға үйрету, сахнада ертегі, әңгімелерді жатқа айтып беру керектігін жазады. Екінші жылы, оқушы тілін “өркендете” отырып, оның сурет бойынша, оқыған әңгімелерінен “даяр әңгіме” құрып, айтып беру қажеттілігін ұсынады. Үшінші, төртінші жылдары оқушы тілінің әсерлігіне, тазалығына көңіл аударар отырып, талаптарды күшейту, әдеби, мәдени тілді қалыптастыру үшін не істеп, не қою керектігін жазады. Сонымен қатар балаларға ана тілін үйретуде оқулықтың бала психологиясы мен жас ерекшеліктеріне сай жазылуының зор маңызы бар. Өкінішке орай біздің мектептерімізде сапасыз оқулықтар көбеюде. Мұны дұрыс жолға қоймаса, жалпы білім беруде көптеген олқылықтар болуы мүмкін. Бұл орайда оқыту үрдісінде оқулықтың алатын орны мен оның рөлін айтпаса да түсінікті. Оқушының психологиялық - педагогикалық, жас ерекшеліктерін ескере отырып ғылыми тұрғыдан жазылған оқулық, бала үшін үлкен жетекші құрал болумен қатар, баланың оқуға деген ынтасын арттыра түседі.

Тілдің ұлттық ерекшелігі, қолданыс мәнері ана тілі оқулықтары арқылы айқын көрініс берумен қатар, ол баланың тілін ұстартып, ойын ұштап, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда үлкен тәрбиелік қызмет атқарады деп қарайды. Сол кездегі мұғалімдер үшін бұл еңбек таптырмайтын әдістемелік құрал болды. Бұрынғы мектептегі білім беруді сынай отырып, қазір әсіресе бастауыпта білімді қалай беріп, үйрету керек екендігі, оның ішінде ана тілін оқытудың әдістемесін мұғалімдерге ұсынады. Оқушыны қалай оқыту керек дей отырып, Мағжан: “Оқушы жүрегіне, ең алдымен, нақты бейне, сурет орнату керек” - дейді. Мұндайда бала біреудің айтқанын сөзбе-сөз қайталап күйіс қайырып тұрмайды, тиісті сөзін өз жүрегінен суырып сөйлейді”. Сонымен қатар, М. Жұмабаев барлық ескі атаулыға қарсы шықпайды. Оның прогрессивтік жақтарын айта келе, бүгінгі жетістіктермен қабыстару керек деген ой айтады. Мәселен, “Еңбек мектебінің” баланы өмірге бейімдеуде үлкен маңызын айта келе, оның пәнаралық және тұрмыспен байланысының маңыздылығы жөнінде: “Мектеп... бірін-біріне басқыш қылу үшін салынған” деген ой айтады.

Тілді дамытуда оқушылар жиналысының да рөлі зор екендігін Мағжан дәлелдей келе, “Балалардың жиылысы олардың тілін өркендетуге әдемі құрал” – деп жиналыстың рөлін көрсетеді. Жалпы, балаға тіл үйретуді оның тілі енді шыға бастаған кезден бастап жүргізгенде, бала тілі бай болады. Ал, адамның тілі “қатайған” кезде психологиялық өзгерістер енгеннен кейін оған тіл үйрету қиын болатыны белгілі. Сол себептен де оқушыға мемлекеттік тілді дұрыс үйрету үшін балабақшадан, тіпті отбасында бастаған дұрыс. Әрине, тіл үйретуде мұғалімнің де, отбасының да үйлесімді іс-әрекетінің маңызы зор. Жалпы, қазір тіл мәселесінде айтылып жүрген ойлар көп. Батыс елдерінде тілге үйрету көбіне ересектерге болсын, балаларға болсын ойын әдісі арқылы жүзеге асады. Ал, бізде 1 сыныптан бастап бітпейтін шұбаланқы грамматика, ұзыннан ұзақ созылған жаттығулар мен мәтіндер мектептерде мемлекеттік тілді үйренуде көп зиян келтіріп жүр.

Орыс мектебіндегі оқушылардың қазақ тілдік қоры төмен, ауызекі сөйлегенде мардымды сөйлеу алмаулары тілге үйретудің әдіс-тәсілінің әлі күнге дейін төмендігін көрсетеді. Осы орайда, М. Жұмабаев ұсынған тілді ойын арқылы үйрену тәсілін бүгінгі күні әбден қолдануға болады. Мағжан дамыта оқытудың кейбір элементтерін сол кездің өзінде білген. Яғни өнімді оқыту әдістемесінің негізінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамыту және оны ұйымдастырудың тиімді жолын айқындауда Л.С.Выготскийдің “ойлауды ойлау ойламайды, адам ойлайды” деген пікірімен үндестігі аңғарылады. Баланың ойлау қабілетінің дамуы қиялмен тікелей байланысты. Сондықтан, ана тіліне үйретуде болсын, жалпы оқытуда болсын, М.Жұмабаевтың ұстаған идеясы - баланың өз бетінше білім алу дағдысын ұштау үшін қиялын өркендету. Ол үшін әдемі ертегі, әңгімелерді,

казактың әсем әндері мен өлең жырларын пайдаланудың маңызы зор. Бала өзі көрген нәрседен қиялы арқылы сан алуан құбылыстар туғызады. Сонда ғана бала қиялы дамып, білімі сапалы болады. Бұл жөнінде Г. А. Цукерман: “Оқытудың бірінші қадамында мұғалім баланың алдына жаңа тапсырма қойып, мақсатын анықтап көрсетіп, олардың оқу-танымдық белсендігін арттыру барысы дұрыс ұйымдастырылса, оқушы өншісіне әрекеттену үрдісі ғана қалады” – дейді. Қарап отырсақ, Мағжанның дамыта оқыту және тәрбиелеу туралы ойлары К.Д. Ушинский, Л.С. Выготскийлермен үндесе келе, бүгінгі заманның озық идеяларымен қабысып жатқанын көреміз.

М.Жұмабаевтың мұғалімдерге арнап жазған “Педагогика” оқулығының орны айырықша екендігі дау туғызбайды. Мағжан өзінің “Педагогика” атты тұңғыш оқулығын жазуы арқылы жаңа туып келе жатқан ұлттық педагогика ғылымының ірге тасын қалаушылардың бірі болды. Өйткені ол кезде қазақта ғылым тілі әлі қалыптаспаған болатын. Мағжан, біріншіден, ұлттық тәлім ғылымына тыңнан жол салумен ерекшеленсе, екіншіден, халықтық тәлімді ғылыми педагогикамен ұштастыра білді, үшіншіден, ұлттық педагогика-психологияда ғылыми тілді алғашқы қалыптастырушылардың бірі болды. “Педагогика” оқулығында М.Жұмабаев: “Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым. Алдыма бір кітапты қойып алып желе бергенім жоқ. Тәрбие ғалымдарының пікірлерін тандап алуға ұмтылдым” – деп, өзінің ізденіс жолы мен бағытын ашық көрсеткен. “Педагогика” оқулығын автор орыс ғалымдарының еңбектерін ой елегінен өткізіп, қазақ халқының тұрмысына жақындатып, ұлттық ерекшелігіне лайықтастырғанын жазған. Егер, Ресей педагогика тарихына сүйенсек, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы орыс педагог-психолог ғалымдарының ішіндегі неғұрлым белгілі тұлғалар Каптерев П.Ф., Вентцель К.Н., Блонский П.П., Рубинштейн М.М., Смирнов К. т.б. екенін байқаймыз. Біздіңше, М.Жұмабаев аталмыш оқулықты құрастырғанда осы аталғандардың еңбектеріне сүйене отырып, қазақ халқының тәлім-тәрбиелік ерекшеліктерін де ескерген деп болжам жасауымызға болатын тәрізді.

Енді осы оқулық бойынша Мағжанның педагогикалық-психологиялық көзқарастарын қарастырып көрелік. Мағжанның 1923 жылы Ташкентте шыққан “Педагогика” оқулығының екінші басылымы кіріспе және 15 ірі бөлімнен құрылған. Олар: 1. Сөз алды. 2. Жетекші сөз. Тәрбие деген не? 3. Педагогика бөлімдері. Жалпы педагогика. Деген тәрбиесі. 4. Жан тәрбиесі. Психология. 5. Жан көріністерін топ-топқа бөлу. Ақыл көріністері яки жанның білуі, әсерленуі. 6. Әсерленуді бөлу. 7. Абай. 8. Суреттеу. 9. Ес (зейін). 10. Қиял. 11. Ойлау. 12. Хүкім. 13. Тіл. 14. Ішкі сезім көріністері, яки көңіл. 15. Қайрат. Бұл еңбекте Мағжан педагогикалық, психологиялық ұғымдарға жүйелі түрде ғылыми талдау жасап, түсініктеме берген. Онда педагогика мен психология ғылымына

байланысты әр бір жаңа тақырып, жаңа термин, жаңа ұғымдарды түсіндіруде қазақ халқының психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес мысалдармен түсіндіріліп, күрделі ғылыми ұғымдарды жеңіл жолмен меңгерту көзделген. Мысалы, кітапқа жазған сөз басында М.Жұмабаев: “Бала өмірі тәрбиеден басталады. Сондықтан да болар, “баланы жастан” деп қазақ тегін айтпаса керек” – деп, мәселеге өз оқырманын қазақтың халықтық педагогикасы тұрғысынан әзірлеп алуды көздейді. Бұдан әрі қазақ оқырманына бейтаныс ғылыми терминдер мен ұғымдарға ауыса отырып, оларды жүйелі түрде баяндайды. Мағжан тәрбиенің түрлерін түрлі ғылымдар бірлігінде жан-жақты байланыста қарастыру үшін, алдымен “педагогика” деген сөздің қандай ұғымдарды, қандай салаларды қамтитынын қысқа да нұсқа түрде ұғындырады. Ол “педагогика” сөзінің этимологиялық мәнін бір-ақ ауыз сөзбен түсіндіре келе, оны бес салаға бөліп, әрқайсысының қызметіне қысқаша түсінік берген: жалпы педагогика, дидактика, методика, мектеп басқару және педагогика тарихы. Мұның ішінде жалпы педагогиканың қызметі екі бағытта жүргізілетінін көрсетеді. Яғни жалпы педагогика баланың дене күштерін және жан күштерін тәрбиелеуге қызмет етеді.

Педагогика оқыту, білім беру және тәрбиелеуді жүзеге асыратыны мәлім. Ал бұл мақсатта бала психологиясын білу әбден керек. Логика баланың ойлау жүйесін дамыту үшін қажет. Ал әдеп баланың қоғамдық өмірдегі қарым-қатынас тіршілігіне тәрбиелейді. “Баланың жанына жақсы тәрбие қылу үшін жанды көзбен көріп, қолмен ұстамай-ақ, оның істерін, көріністерін жақсы тексеру арқылы қол жетеді” – деп, оны өмір тәжірибесі мен теориялық пайымдаулар арқылы анықтауға болатындығын көрсетеді. Ол адамның психикалық құбылыстарын ғылыми жолмен байыптай отырып, оны тудыратын материалдық субстракт екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдейді. Оқулықтағы мидың жұмысы, нерв жүйесінің қызметі туралы пайымдауы оның психология, педагогика ғылым салаларымен қоса адамның физиологиясын да терең білгендігін көрсетеді.

Мағжан бала темпераментін ғылыми психология бойынша сангвиник, холерик, флегматик, меланхолик деп төртке бөліп, олардың әрқайсысына қазақ баласына түсінікті тілмен анықтама берген. Баланың мінезі, жаратылысы, табиғаты туралы қазақ ұғымына түсінікті, жатық баяндаған М.Жұмабаев көтерген психология ғылымының мәселелері, төл тілімізде ғылыми психология терминдерін қалыптастырудың ерекше үлгілерінің бірі болды. “Жан көріністері – үйрену жолдары, өзін бақылау, жан тұрмысының түзу болу шарттары, нерв жүйесін өсіру және бекемдеу, нерв жүйесінің қызметі, оның белсенділігін сақтау, мидың қақуы және оны тынықтыру”. Демек, М.Жұмабаев бұл арада жеке тұлғаның физиологиялық, психикалық ерекшеліктерін білу және оларды баланың ақыл-ес, мінез-құлық саулығын сақтау үшін оларды жақсы білудің

кажеттілігін ескеріп отыр. Мағжан бұл ойын әрі қарай ұластырып, жан көріністерінен ақыл, қайрат және ішкі сезімді бөле қарастырып, солардың бірлігі негізінде жан тұрмысының біртұтастығын көрсетеді.

Осылардың ішінде ақыл көріністері туралы біршама ой толғаған. Онда ойдың тууына қатысты әсерлену мәселесіне кең түсінік берілген. Әсерлену – ұғымның пайда болуы, мұнда әсерлену көрінісінің пайда болу шарттары, әсерленудің іші, күші, тоны, сын-сипаты т.б. психологиялық тұрғыдан жан-жақты сөз болады. Автор бұл мәселелердің барлығын ұлттық психологиямен байланыстыра түсіндіруге ұмтылған. Сонымен бірге адамның бойындағы психологиялық көріністерді сипаттауда іскерлік, суреттеу, тұқымдық ассоциация, ес (зейін) қиял, ойлау, хукім, ой шығару, тіл т.б. психологиялық мәселелерге кеңінен тоқталып, оларға жатық, көпшілікке ұғымды тілмен түсіндірмелер берген. Кітаптың осы бөлімінде әсерлену, сезім туралы ойын таратуларында сұлулық, көркемдік тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Мұнда ол сұлулыққа тәрбиелеудегі табиғат пен өмірдің мәнін, қоршаған орта – үй іші, зат, дүние, адамдардың жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, іс-әрекет көркемдігінің мәнін ашып көрсетеді. Сондай-ақ, ересек адамдардың әрқашан жақсы үлгі көрсету керек екенін баса айтады. Мағжанның жан көрінісін үш топқа бөліп қарастыруы, жан жөніндегі көзқарасының өзіннен бұрынғы өткен ойшылдар – әл-Фарабидің, Абайдың, Шәкәрімнің көзқарастарымен үндесіп жатқанын байқауға болады. II Ұстаз атанған әл-Фараби жан мен тәттің бірлігін қуаттай келе, “тәнге қандай күтім, тәрбие керек болса, жанға да сондай тәрбие керек. Жанды жетілдіру үшін сезім мүшелерін жетілдіру қажет. Ол түйсіктің көзі қиялдың тууына, ақыл-парасаттың жинақталып, қорлануына себепші болады.

Адамды жануарлардан ерекшелендіріп тұрған жан қуаты – оның ақыл-парасаты, яғни ойлай, сөйлей алу қабілеті... Ол дүниені әр қырынан тануға, мәселені тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл танымның екінші басқышы, ең жоғарғы сатысы деп қарайды” – Фараби. “Әлемнің негізгі тұтқасы адам, егер оның ақыл-парасаты ойдағыдай дамып жетілсе, ол дұрыс өсіп-өркендей алады. Қажетті дағдылар мен жақсы мінез-құлық адамды бақытқа кезелтеді” – деп тәлім-тәрбиеге үлкен мән береді. Ақыл мен қайраттың жүрекке байланысты екенін кезінде ұлы ойшыл Абай да пайымдаған болатын. Мәселен: “Ақыл қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден ерек”, немесе: “Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек” – деуі осының дәлелі. Абай түсінігі бойынша, қайрат пен ақылдың іс-әрекеті жүрек сезіміне байланысты. Абай Құнанбаев өзінің он бесінші, он жетінші қара сөздерінде қайрат, ақыл жүректі “айтыстырып”: “Ақыл да, қайрат та жүрекке бағынады... әділет, мейрім, нысап, ұят, ар дегендер жүректен шығады. Адамның ақ көңіл ада, шыншыл, әділ болуы жүректің тазалығына байланысты. Тегінде адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Егер



есті кісілердің қатарында болғын келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмысында бір, ең болмаса айында бір өзіннен-өзің есеп ал!” – деп, адамның өзіне-өзінің сын көзімен қарауын, бойындағы мінін көріп, сезіп, түзете білуін, өзін-өзі тәрбиелеп жетілдіруін талап етеді. Ал, Мағжан біз қарастырып отырған еңбегінде, “Адамның батыл, өткір, қайырымды, ізгі болуы жүрек байламына байланысты” – деп, Абайдың көзқарасын құптай отырып, осы үшеуінің ара қатынасы мен жеке қасиеттерін қарапайым мысалмен түсіндіреді. Демек, Мағжанның жан көріністері аясында қарастырып отырған ақыл, қайрат, ішкі сезім ұғымдары Абайдың ақыл, қайрат, жүрек ұғымдарымен толық үйлесім тапқан деп білеміз.

Шәкәрім: “Адамды қоршаған табиғаттың жұмбақ сырын ұғып, танып біл, оның өлшеусіз байлығын мұратыңа, қажетіне жарат деп Жаратқан Алла адамға ми берді. Білу, нану, ұғыну, тану – бәрі ақыл ісі. Ол мида қорығылып түсінік, ой, сезім болып шығады” – деген тұжырым жасайды.

Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек,

Мұрын иіс, тіл дәмнен хабар бермек.

Бесеуінен мидағы ой хабар алып,

Жақсы, жаман әр істі сол тексермек – деп, бес сезім мүшесінің дүние сырын танып білудегі құдіретті күшін өлең жолымен тиянақтайды. М.Жұмабаев: “Жанға дұрыс тәрбие беру үшін жанның жәйін баяндайтын ғылыммен таныс болу керек” – деп, жоғарыда аталған қазақ ғұламаларының ой-пікірлерін ғылыми психология негізінде әрі қарай жалғастыра түскен – “Жанның жайын зерттейтін ғылымды психология дейміз” – деп, жан туралы ғылымға анықтама береді. “Тәрбиенің басты жолы, адамның өзін-өзі бақылауы... Өзінің бойындағы мінін көрмей, өзіне өзі риза болып, мәз болып жүретін адамды жаны жабайы, мінезі тар адам дейміз... Бақылауы, байқауы көп адамды парасатты, аңғарымпаз адам дейміз... Мүмкін болғанша тәрбиешінің “физиономист” болуы керек” – деп, шынайы педагогтың әр ғылымнан хабардар, жан-жақты жетілген азамат болуын талап етеді.

М.Жұмабаев “Құлық” тәрбиесін сөз ете келе, оның қоғам мүшелерінің адами қарым-қатынасы арқылы бала бойына даритынын пайымдайды. Сондай-ақ, баланың ананы сүюі, оған ізгілік тілеуі, туыстық сезімдерінің дамуы, елін, жерін сүюі, ізгілікке ұмтылысы, гуманистік көзқарасының қалыптасуы т.б. мәселелерін кең көлемде қарастыра келіп, ізгілік гумандылықтың шарттарына тоқталады. Автор: “Кімде-кім өзін сүйсе, туысқандарын сүйсе, өз елін сүйсе, қала берді адам баласын бауырым деп санаса, сол адамды ізгі деп атаймыз” – деп, интернационалистік сезімнің қалай, қайдан туатынын айқындап береді. М.Жұмабаев ұлтжандылық сезімі туған халқын сүюден тұрады дей келе: “Халқын сүйген адам “жарты жанқасы” қалғанша халық үшін қызмет етуге тиісті. Өз елін сүю дегеннен – адам өз халқынан басқа халықтарды мейлінше жек көрсін, қасқыр болып тисін деген сөз шықпайды. Бұлай болса, жер

жүзі қанға бөленіп, бұзықтық белең алып, жауыздық өрлейді... Адам өз халқының адамдарын сүюінің үстіне басқа халықтардың адамдарын да сүюге міндетті” – деп, патриотизм мен интернационализмнің бір-бірімен тығыз байланысты туындайтынын айқындап берген. Мағжанның бұл идеясы Абайдың отыз жетінші сөзіндегі “Әкенің баласы – адамның дұшпаны. Адамның баласы – бауырың”, “Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың. Адамшылықтың қарызына қызмет қылсаң, Алланың сүйген құлы боласың” – деген ойларымен асасып жатыр.

Мағжан діни сезімдер туралы да сөз қозғаған: “Дін сезімдері күшті адам, яғни тәңірінің барлығына, күдіретіне сеніп, оның махаббатын алуға, қаһарына ұшырамауға ұмтылатын адам өмір бойы, ізгілікке ұмтылып, жауыздықтан безбек, – деп пайымдай келе: – Ізгілікті сезіну адамның жаратылысынан табиғатына берік байланған нәрсе. Адамды сыйлап істеген ізгілік риза болса, “Тәңірін” сыйлап істеген ізеттілік те риза... Адам дүние ісін идеал үшін істесін. Ал идеал құлық тәрбиесінің биік нысаны, қол жетілудің нәтижесі, қорығандысы” – деп тұжырымдайды. Демек, бүкіл тәрбиені коммунистік соқыр сенімге, яғни “құдайсыздық” идеяға бағындыруды көздеген кеңес өкіметінің толық үстемдік алған кезеңінде жазылған бұл еңбегінде, педагог-ғалым үлкен батылдық көрсетіп отыр. Діни сезім адамды мейірімділікке тартып, жауыздықтан бездіруге тәрбиелік. Мағжан бұл жерде осы мәселеге діндар болғандықтан ерекше көңіл бөліп отырған жоқ. Ол діни сезімді бала тәрбиесі тұрғысынан, соған қажетті тәрбие құралының бірі болғандықтан, аса байыптылықпен қарастырып отырғаны байқалады.

Ол адам жанының жетілуін қайрат тәрбиесін жоғары бағалайды. Баланың қайратын тәрбиелеу жолдарына талдау жасай келіп, баланы жақсылықты көре білуге, оған жету тілегін туғызуға, сол тілекке ұмтылдыруға және сол жолға тартылып, іс-әрекет етуге баулуға тәрбиелудің маңызына тоқталады.

Сөйтіп, Мағжан қайраттың жүзеге асуын тілеу, ұмтылу, тартылу арқылы бейнелейді.

Одан әрі қайраттың тұлға бойындағы көрінісіне – мінезге кеңінен тоқталған. Сонымен бірге бала мінезін тәрбиелеп жетілдіруде балаға тиісінше еркіндік беру, тиісті тәртіптерді сақтай білуді талап ету, қойылған талапта табансыздық көрсетіну және ір істің себеп-салдарын ұғындырып отырудың тәрбиелік маңызын ашып, мінезді тәрбиелудің түрлі жолдарын талдап, мінезді ширатудағы қайраттың атқаратын қызметін және оның темпераментпен байланыстылығын ғылыми дәйектілікпен дәлелдеген. Бала мінезін шығармашылықпен жетілдіруде қиялдың атқарар қызметіне ерекше тоқталған. Бұл тақырыптағы ақын-ғалымның пайымдаулары көркемсөзбен барынша кестелі өріліп, қиялды ерікті, еріксіз деп екі түрге бөледі де, одан әрі қиялдың бала бойындағы ақыл, сезім, өдеп, сұлулыққа күштарлығы тәрізді қасиеттерді дамыту қызметтеріне көркем шығарма, өлең сөздері

мен әдемі суреттеулер арқылы нақтылы мысалдар келтіреді. Сонымен қатар бұл тақырыптың поэтикалық стильмен берілуі күрделі ғылыми ұғымдар нақты, тұжырымды жеткізуге нұқсан келтірмеген.

Ғалым қиялдың қызметтерін ғана ашып, түсіндірумен шектелмей, бала қиялын тәрбиелеу жолдарына да біршама кеңінен тоқталған. Ол балаға ерте бастан ертегі, жыр айтып, оның тыңдау, қабылдау сезімдерін жетілдіруде және дүниетанымын дамытудың маңызы зор екендігін баяндай отырып, олардың тәрбиелік мәнін ашады. Сонымен бірге оқиға кейіпкерлеріне іштей еліктету арқылы, баланың қиялын дамыту мүмкіндіктерінің зор екендігін көрсетеді. Баланың үлкендерден естіген, айнала дүниелерден көрген әдемі әсерлері негізінде оның ойыны да қиял дамыту құралына айналады. Ал ойын, нақты затты, мәнді болу үшін балаға ойыншық қажет болатындығы даусыз. Өйткені, ойыншықтар да өз кезегінде ойын құралы болып табылады. Сөйтіп, баланың бүкіл ой-санасындағы дүниесі ойын арқылы іс-әрекет түрінде көрініс береді. Бұлардың барлығы бала қиялын тәрбиелеу құралдары болатындығын М.Жұмабаев аталмыш еңбегінде жақсы көрсете білген. Осы арада айта кететін бір нәрсе, қандайда бір тәрбие болмасын, оның халықтық сипатының болу қажеттілігін, ұстаз-ақын еш уақыт есінен шығармайды. “Қазақ баласы үшін барлық тәрбие бастауы – ол халықтығында” - деген ойды М.Жұмабаев ерекше ескертеді.

Оқушы қиялын дамытуда жеке пәндердің алатын орны ерекше. Әсіресе, география, әдебиет, тарих т.б. пәндерінде әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, бала қиялын дамытуға болатындығын айтады. М.Жұмабаевтың бұл ойын бүгінгі күнде, де оқу жүйесінде терең пайдалануға әбден болады. Яғни, сабақ барысында оқушыға өздік тапсырма беріп, олардың ойлау қабілеттерін дамытуға болады. Проблемалық сұрақтар қоя отырып, оқушыны ойландыру және сол оқушыны өзіне жауап бергізуге үйрету. Өкінішке орай, мұғалімдердің көпшілігі өзінің бар білгендерін оқушыларға айтып беруге тырысулары, олардың ойлау қабілетінің нашар дамуына әкеп соқтырады. Міне, осы орайда М.Жұмабаевтың баланың өзі ойлап, өзінің еңбектенуі керек деген ұсынысын бүгінгі мектептер құлақ асса оң іс болары анық.

Сондай-ақ, Мағжан баланы оқытып, тәрбиелеп жетілдірудегі қиял мен естің байланысын, түрлерін және оларды жетілдірудің жолдарын да айқындап ашып, “Суреттеу” деп атаған. Оны іштей жіктей отырып, суреттеу ассоциацияларын көрсеткен.

“Суреттеулерді бет алдында бір-бірімен байлай беруге болмайды. Оның белгілі жолдары бар” – дейді де екі жолын көрсетіп береді.

1) Жақындық. 2) Тұқымдастық ассоциациясы. Жақындық ассоциациясының өзін: 1. “Көршілестік”. 2. “Замандастық” ассоциациясы деп екі түрге бөледі. “Балаға берілетін кітап ірі хариппен басылуы керек.

Әсіресе, жағрапия оқығанда балаға көршілестік ассоциациясы көп көмек көрсетеді. Картадан бала бір жерді атаса, соның жанындағы екінші жер алдына елестей қалады” - деп жазды.

Мағжан Жұмабаев абайға (зейін) яғни топшылау сезіміне ерекше көңіл бөліп, оны алты түрге топтастырған.

Ол “Абайдың” байқалу сипатына қарай “еріксіз”, “ерікті” деп екіге бөледі. “Еріксіз абай” адамның арнайы көңіл аударуын қажет етпестен пайда болатын болса, “ерікті абай” адамның әдейі мақсатты түрде көңіл аударуын керексізіндігін атап көрсеткен. Соңғысы оқу-тәрбие барысында тұрақты пайдаланылады. “Абайдың” тұрақтылық сипатына қарай “табанды”, “табансыз” деп бөлсе, оның пайда болу орындарына қарай “ішкі” және “тысқы” – деп, екіге бөліп көрсеткен. Ғалым баланың абайын тәрбиелеу жолдарын да жіктей отырып, оқыту барысында оларды тиімді пайдалану әдістерін қоса баяндайды. Мағжан мұғалімдер үшін бұл мәселелерде төмендегілерді басшылыққа алуды ұсынады.

Баланың абайын ерікті және тұрақты түрде тәрбиелеу үшін, педагог тарапынан берілетін әсер күшті, қуатты болуы тиіс. Сонымен қатар балаға жаңадан берілетін білім бұрынғы игерілген біліммен байланыстырылып, соған негізделе отырып ұсынылуы қажет. Және жаңадан берілетін білім, болашақта берілуге тиіс білімге әзірлік туғызардай әсер етуі тиіс. Яғни, бұрынғы игерілген, қазіргі беріліп жатқан және болашақта берілетін білім өзара сабақтас, өзектес болуы шарт. Оқу – танымдық жүйеде пәнаралық байланысты жүйелі түрде жүргізіп отыруды әдетке айналдырған жерде оқушылардың ақыл-ойы, ойлау қабілеті жетіліп, білгісі келетін нәрселері көбейе бермек. Ой-санасы, білім өскен сайын өзі де биіктей түспек. Заты, пәнаралық байланысқа негізделген оқу процесі баланың сабаққа деген ынтасын арттырып, білмегенді білуге құштарландыра түседі. Айталық, тарих пәніне бейім оқушыны географиямен байланысы қызықтырмай қоймайды...

Сондай-ақ, анатомия және адам физиологиясынан дәрісті ұқыпты тындаған шәкірттің, занды түрде химия және физика пәндеріне құштарлығы оянады. Асылы, пәндердің диалектикалық байланысы, таным әдістері, пәнаралық байланыс әсері оқушылардың бойында белгісізді танысам-білсем деген ынтасын өршітетініне талас жоқ. Оқушыны жеткен табысына тоқмейілсу пиғылынан сақтандырған жөн. Олар бір пән деңгейіндегі білімімен шектеліп қалмай, оның физиологиялық негізі басқа пәндермен тамырласып жататынын естен шығармауға тәрбиелеу керек. Пәнаралық байланысты сабаққа тиімді пайдаланудың практикалық мүмкіндігі ұшаң-теңіз. Олар: оқу техникасы, проблемалық жаттығулар, есептер, кітаппен жұмыс, көрнекі құрал, оқушылар тобымен жұмыс істеудің формалары, лекция, семинар, факультатив, сыныптан тыс жүзеге асырылатын шаралар... Сонымен бірге, мынандай

принциптерді үнемі табанды түрде іске асыру көзделеді: сабақ белгілі бір пәннің төңірегінде томаға-тұйық қалмай, комплекссті әдістер арқылы өтуі (білімділік, алған білімді дамытушылық, тәрбиелік мәні көзделеді); күнделікті сабақ жоспарын осы сыныпты оқытатын пәндердің зерттеу объектілерін, көтерген мәселелерін, тапсырмаларын зерттеп біле отырып жасау; мұғалім өзі сабақ жүргізіп отырған пәннің әдістемелік комплексін жасағанда, оған тікелей қатысты оқулықтар мен оқу құралдары, қосымша әдебиеттер мен дидактикалық материалдарды қай жерде, қалай қолдануды жоспарлағанда, пәнаралық байланысқа түсетін басқа пәндердің негізгі оқулықтары мен оқу құралдарынан керектілерін сұрыптап алып, көрнекіліктерінен аса қажеттілерін қосуды естен шығармау. Мұғалімдердің бұл саладағы ізденістері ауқымды да нәтижелі.

Оқыту мен тәрбиенің өзара байланысын Мағжан естен шығармайды. Осыған байланысты М. Жұмабаев: “...Адам баласын, әсіресе, жанын тәрбие қылу керек... Дүниеде теңіз терең емес, адамның жаны терең... Адам тілі арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Адамның өзін-өзі тексеруі оның жан тұрмысының өркендеуіне, түзу жолға түсуіне қажетті бірінші шарт” – деп ой түйе отырып, тәрбие мен оқытудың негізгі ұстанымдарына да назар аударады. Ол: “Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Тәрбиешінің табансыздығын сезсе, бала онымен сөйлесуден, тілін алудан қалады” – деп, орынды ой тұюмен бірге, мұғалімдерге аса қажет дидактика мәселелеріне теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да ерекше көңіл бөлгені байқалады.

Дидактикада Мағжан Жұмабаев сол кез үшін де, бүгінде өз құнын жоймаған оқытудың принциптеріне ерекше көңіл бөледі. Белгілі бір тақырыпты түсіндіргенде өткен тақырыппен байланысты, салыстырмалы түрде оқытудың берерінің молдығын дәлелдейді. “Бір нәрсені балаға ашық ұқтырмақшы болсаң, сол нәрсенің қарама-қарсысын алып кел. Мысалы, балаға жер ортасының ыстықтығын түсіндірмекші болсаң, Солтүстіктің суығымен салыстыр” – дейді. М. Жұмабаевтың бұл кеңесін мәселе география сабағында қолдануға болады. Я болмаса, пән аралық байланыста да қолданса артықшылығы болмайды. Айталық, тарих және география пәндерін біріктіре отырып белгілі бір тақырыпты өткізгенде салыстырмалы түрде пайдалануға болады. Яғни, жердің географиялық жағдайын айта келе, оның тарихи жағдайымен салыстыра отырып, оқушыларға түсінік берсе, сабақ әлдеқайда қызықты да, тартымды болары анық. Қоршаған ортамен, өмірмен, бүгінгі күнмен, әр түрлі жаңалықтармен байланыстыра оқытуды қазіргі дидактика да талап етеді. Алайда жасыратыны жоқ, көптеген мұғалімдер бұл заңдылықты дұрыс орындай бермейді. Осыдан кейін педагогиканың заңдылығы бұзылады. Заңдылық бұзылды дегенше бар тәртіп, реттілік, білім беру жүйесі бұзылды деу керек.

Көбіне мұғалімдердің айтатыны: “Балалар оқымайды, ауыздарын ашпайды, әбден жалқауланып алды” – деген сөздер осыдан келіп шығады. Осы сөздерді айтатын мұғалім әлсіз, дәрменсіз. Өйткені, мұғалімнің шеберлігі мен кереметтілігінің өзі сол – оқымайтын баланы, тындамайтын, “тәртіпсіз” баланы тындатып, тәрбиелеуде. Жасыратыны жоқ, көптеген мұғалімдердің шығармашылық ізденімпаздығы жетіспейді. Әлі күнге дейін бізде еңсарлық, жалқаулық етек алған.

Проблемалық оқыту, оқушылардың логикаларын дамыту, жүйелі түрде ғылыми білім беру, саралап оқыту жолдары жоқтың қасы. Оқушының өздік білім алуда еркіндік бере отырып, қандайда бір қағидаға көзін жеткізу, міне оқитудың бүгіндегі ең үлкен тәсілі осы болуға тиісті. Бұл істе Мағжаннан үлгі алуымыз керек. Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық қызметіне тоқталғанда оның ұстаздық шеберлігін айтпай қоя алмаймыз. Ол туралы 1922 жылы Мәскеу Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде оқыған Бейсенбай Кеңжебаев: “Қазақ тілі, қазақ әдебиетін М.Жұмабаев оқытқан еді... Ол ғалым, тәжірибелі, шебер оқытушы, асқан методист-педагог еді. Мысалы, ол шәкірттеріне “Өздерің білген бір ертекті жазып келіңдер, соны класта оқып, бәріміз бірге талқылаймыз” – деп, тапсырма береді. Сөйтіп, ол бізге әрі әдебиетті, әрі дұрыс жазуды, әрі шығарма жазуды үйретті... Мағжан сабақ өтіп жатқанда ешқандай қағаз пайдаланбай суырып салма әдісімен өз ойын ортаға салып, оны өлеңдер, мақалдар, шығармалардан үзінділерді жатқа оқып дәлелдеп отыратын” – деп тебіреніп еске алады.

Мағжанның тағы бір тоқтаған тақырыбы “Ес” туралы. Есті төрт түрге бөледі. 1. Көру есі. Бұның мысалын жүргізушілерден көруге болады. 2. Есту есі. Музыканттарда басым. 3. Қозғалу есі. 4. Естің адам өмірі үшін қажеттілігі – жоғарыдағы ес түрлерін күнделікті тіршілікте әр адам қажетсінеді”. Мағжан осыларды аша отырып, естің өркендеуі үшін оның қажетті шарттарды атап көрсетіп, оларды өзінше топтап қарастырған. Ғалым бұл жерде де есті және есте сақтауды жетілдіру үшін оған тигізілетін әсерлер мен алынған білімдердің ақпаратын қызметтеріне талдау жасаған.

1. Әсердің күшті болуы. Әсер күшті болса, естің қабылдауын күшейтеді. Әсерді күшейту үшін естің бірнеше түріне ықпалын тигізетін амалдарды көбірек қолдану керек болады.

2. Білімді меңгеруге сыртқы сезімдердің көбінің қатынауы. Сыртқы сезім мүшелерінің бірнеше түрі қатарынан белсенді қатынасқан жағдайда баланың есте сақтау қабілеті әлдеқайда арта түсетіндігіне Мағжан “Гүл” туралы мысал келтірген. Онда балаға гүлдің өзін, жапырағын, сабағын көрсетіп, оның түсі, түрі туралы мағлұмат берілсе, көру есінде жақсы сақталатынын айтады.

Енді гүлді балаға иіскетсе, иіс есінде қалады. Егер гүлді балаға ұстатып, гүлін, жапырағын, сабағын сипатып көрсетсе, терімен сезіну

есінде сақталады. Ал гүлді аузына салып, татып көрсе, дәм сезу есінде сақталады. Сөйтіп, түрлі сезім мүшелерін қатысқан нәрсе туралы бала жан-жақты мәлімет алумен бірге, оны ұзақ уақыт бойы ұмытпастай есте сақтай алатындығын дәлелдейді

3. Жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыру. Есте сақтауға тиіс нәрсе туралы бұрынғы мәліметтерді жаңа мәліметтермен салыстыру арқылы олардың өзара ұқсастықтары немесе айырмашылықтарын ажырата білу де еске сақтауды күшейтеді. Сабақ барысында әрқашан жаңадан меңгерілетін білім өткен сабақпен байланысты болмаса, шын мәнінде сабақ нәтижесіз болады. Осыны Мағжан дұрыс ескеріп, оған да нақты мысал ретінде балаға кез келген бір ертегіні қалай түсіндіру керектігін дәйекті дәлел ретінде келтірген. Педагог-ғалым баланың өмірі үшін ертегінің маңызы ерекше екендігін айтудың бірге, ертегінің тәрбиелік мәнін ашып, оны баланың есінде ұмытпастай сақтау амалдарын көрсеткен. “Бала ертегіні жан тәнімен тыңдайды. Ертегіге шын көңілмен нанады. Бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандырып, суреттеп алып келсең, ұғады. Мысалы, балаға “өтірік айтпа” деген құрғақ сөзін желге айтқанмен бірдей. Егер, сен балаға өтірікші туралы ертегі айтсаң, сол ертегіде өтірікшінің өтірігі үшін қор болғанын, зиян көргенін суреттеп алып келсең, міне, бала өтірік айпау керек екендігін сонда ғана ұғады”, – дейді М.Жұмабаев. Пысықтау. Баланың жаңадан алған білімін бекіту үшін оған сұрақтарға жауап қайтаруы, білгені туралы қысқаша мағлұматтар беруі жатады. Пысықтау баланың есте сақтау қабілетін арттырып, бекітеді. Сонымен бірге жаңа сабақтың қай дәрежеде меңгерілгенін байқатады.

Пысықтап бекітілген білім негізінде мәселеге байланысты баланың өзіндік ойы пайда бола бастайды. Ойдың пайда болуын зерттей келе, оның жасалу жолдарын Мағжан психологиялық тұрғыдан ой шығарудың үш түрлі жолын көрсетеді: 1. Дедукция. 2. Индукция. 3. Аналогия. Міне, осы үш түрлі ой шығарудың жолдарын әрі қарай дамыта отырып, баланың саналы азамат болуы үшін осы ұғымдарды жақсы білудің қажеттілігін дәлелдейді. Баланың жақсы оқуы үшін оның ойлау қабілетінің жетік болуы қажет. М.Жұмабаев ойлауды үш бөлімге бөле отырып, әрқайсысына мысалдар келтіре жазады. Ол ойлауды ұғым, хукім және ой шығару арқылы түзілетінін көрсетеді. Мұның ішінде ойдың жалпылығы, дерексіздігі, деректілігі, категориялары т.б. ұғымды білдіреді. Ойдың жасалуы, көлемі, сын-сипаты, ие мен айтылыс арасындағы байламы т.б. хукімді білдіреді. Ойдың дедукциялық, индукциялық, аналогиялық сипаттары ой шығаруды білдіреді. Одан әрі хукімнің жасалуына қарай анализ, синтез деп, саньна қарай жалпы, дербес, жалқы деп, сыньна қарай бекітетін, бекерлейтін деп, субъект пен айтылымына қарай кесімді, шартты, бөлмелі деп, шьндық дәрежесіне қарай мүмкін, шьн, міндетті деп жіктеген. Сөйтіп, Мағжан ойлау

атты үлкен ұғымды ғылыми психологиялық тұрғыдан қарастыра отырып, мұғалімдерге терең теориялық білім беру мақсатында оның негізгі категорияларын толық қамтуды көздегенін көреміз. Ойдың сыртқа шығуы, негізінен, тіл арқылы жүзеге асырылатыны мәлім.

Сондықтан Мағжанның ерекше тоқталған мәселесі – тілдің ұлттық сезіммен байланыстылығы. Ол туралы: “Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түнде тымық, біресе құйындай екпінді сары далада, үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі бәрі көрініп тұр” – деп, тебірене, шабыттана жазған. Осымен байланысты Мағжан бала тіліне отбасында аса ұқыптылықпен қарау қажеттілігі туралы: “Кейбір адамдардың баланы өз тілінше сөйлеп, балаға тез ұқтырам деп, яки баланы еркелетіп, әдейі тілдерін бұзып балаша шолжандап, сақау болып сөйлейтіндер бар. Бұл - зор қате” – деп, одан сақтандыра жазған. Сонымен қатар: “Баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын – мектеп” – деп, мектептің бала тілін ұстартып, қалыптастырудағы қызметіне баса мән бергенін толық құптаймыз. Өкінішке орай, кеңестік кезеңде қазақ тілі отбасылық деңгейге дейін төмендетіліп, ол ауылдық жерлерде болмаса, қалалық мектептерден барыпша ысырылғаны тарихи шындық. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері ғана бұл мәселе қайтадан оң шешімін таба бастады.

Тіл мен қоғамның өзара тығыз байланысы-екі жақты байланыс. Біріншіден, тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды. Тіл жоқ жерде адамдардың қоғамда бірлесіп еңбек етуі, қоғамдық өндірісті ұйымдастыруы, оны дамытуы мүмкін емес. Демек, тіл адам баласы қоғамының өмір сүруінің және дамуының қажетті шарты. Екіншіден, тіл-қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Қоғам тілдің өмір сүруінің шарты. Үшіншіден, тіл-ұлттың аса ұлы игілігі, әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Ұлттың өзінің болашағы тілдің дамуына, оның қоғамдық, қызметімен тығыз байланысты. Тіл тек қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге ойлаудың, ойдың жарыққа шығуының да құралы. Ой және оның мазмұны тіл арқылы көрініп, сол арқылы ұғынылады. Демек, ойлау мен тіл, бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Тғындаушы да сөйлеушінің ойын тіл арқылы түсінеді. Яғни, тіл-пікір алысу құралы, ойлаудың қаруы. Тіл біздің ойымызды қалыптастырып қоймайды, сонымен бірге адамзаттың сан ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесін сақтауға және оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді. Мағжанның келесі бір сөзін әрбір қазақ үйінің, әрбір қазақ мектебінің маңдайшасына жазып қойса, артық болмас еді. Ол мына сөздері: “Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тисті”. Осы айтылған сөздің мағынасын оқушыларға міндетті түрде түсіндіру керек. Алдымен ұлттың негізгі белгісінің бірі – тіл екенін балалардың есіне салу. Ақынның жоғарыда көрсетілген сөздерімен таныстырып, ойымызды әрі қарай жалғастырамыз.



Ұлт пен тілдің арасындағы тығыз байланысты түсінуге Мағжанның келесі сөзі көмектеседі: “Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады”. Шынында да, тіл, халықтың тарихы, шежіресі, халықтың барлық өмірінің жаңғырығы мен ізі, одан сол тілді жасаушы халықтың барлық өмірі мен үміті, қайғысы мен қуанышы, барлық рухани өмірінің үні естіліп тұрады. М. Жұмабаев тілдің осы бір қасиеттері жайында былай деп жазады: “Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түңдей тымық, біресе, құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтың, саспайтың, сабырлы мінезі-бәрі көрініп тұр”. Осыған орай, орта және жоғарғы мектептің мақсаты - қазақ тілін қазақ халқының тілі ретінде оқыту, тілдің қоғамда атқаратын барлық қызметін көрсете білу. Бұл жерде маңызды талаптың бірі мынадай: тіл жүйесі арқылы халықтың танымың, басқа халықтармен қарым-қатынасын түсінуге үйрету. Тілді тек жалаң грамматикалық схема ретінде емес, ғасырлар бойы жиналған халықтық, философияның, психологияның, педагогиканың, тарихтың жинағы ретінде құрастыру қажет. Қазақ халқының тілін үйрену – сол халықтың қоршаған ортаны игеруін түсіну деген сөз. Халықтың тілін үйрену – сол халықты тану, оның әрбір тобының-жұмысшының, ақындардың, интеллигенцияның, қарапайым шаруаның қалай сөйлейтінін білу. Мағжанның тіл туралы ойларын негізге ала отырып, біз қазақ тілін терең түсініп, жақсы игерудің бірнеше жолдарын ұсынамыз:

#### 1. Сөз тәркінінің қоғам тарихына байланысты зерттеу.

Сөздің шығу тарихы оның халық өмірімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Мысалы, мынадай сөздерді алайық: пындық, қайырымдылық, махаббат, әсемдік, заң т.б. Бұл сөздердің шығу тәркінін біз ауыз әдебиетінің, діни, философиялық шығармалардан, көркем әдебиеттен іздейміз. Бұл ізденіс халықтың жақсылық, жамандықты, имандылықты, қайырымдылықты қалай түсініп, уағыздағанын, осы қасиеттерді бала бойына қалай сіңіргенін көрсетеді

#### 2. Жер-су аттарын, есімдердің сырын ашу, олардың шығу тарихын зерттеу. Осы атаулардың тарихын білу өз елін, жерін қадірлуге, сүйе білуге ықпалын тигізетіні даусыз

#### 3. Тілдің мәдени және тарихи жақтарын оқыту. Мысалы, мектепте мынадай тақырыптарды алуға болады: “Қазақ халқының рухани өміріне байланысты сөздер мен сөз тіркестері”. Мұнда сенім, махаббат, отаң, күнә, обал, кешіру, даналық. т.б. сөздері оқытылады. Сонымен қатар, кейбір тақырыптарды оқығанда, әртүрлі атауларды бір жүйеге келтіру де қолға алынады. Оған мысал, “отбасы”, “жанұя” деген сөздер. Шәкірттерді өз ана тілін қадір тұтып, құрметтей білуге тәрбиелеу-жалпы тәрбиенің басты бір элементі. Мағжан Жұмабаевтың тағы бір тоқтап зерттеген тақырыбы “Ішкі сезім, яки көңіл көріністері”. Ол оны 13 тармақшаға бөліп, әр тармақша туралы толық мағлұмат, әдістемелік

ұсыныс-пікір берген. Бала сезімдерінің дұрыс дамуы үшін ата-анасының дұрыс тәрбие беруі керек екендігі туралы: “Ата-ана қатал болса, бала да қатал, ата-ана жұмсақ болса, бала да жұмсақ. Баланың маңындағы адамдар да дұрыс мінезді болу керек” – деп, дұрыс пайымдау жасаған. Бұл жердегі Мағжанның ата-ана тәрбиесі туралы ой-пікірлері ұлы ойшылдармен астасып жатқанын байқаймыз. Мәселә, Абай балаларына ақылын, әдептілігін бере білді. Абай балаға ата-ананың ұрсу, ашу шақыруына қарсы болып: “Балаға ақылын бермей, ашуын бұрып берген атадан бала үлгі ала алмайды. Ол да ашуланады” – деп жазған болатын. Ал, К.Д.Ушинский бала тәрбиелеу жөнінде: “Баланы алдама, қолдан келмейтін істі орындаймын деп ешқашан уәде берме” – деп, орынды ескерткен. Бала бәрін аңғарады, түсінеді. Балаға жалған уәде беру, алғашқыда баланы қуантады, орындалуына сеніп қалады. Ал, уәде орындалмаған соң, баланың алғашқы қуанышы басылады, алдағаныңды сезеді. Енді сенімсіздік пайда болады, сыйламаушылық туады. Бала жаман дағдыға - алдауға, өтірік уәде беруге дағдыланады. Осындай жаман әдет баланың келешегіне зиян келтіреді. Демек, әрбір ата-ана баланы осындай жаман әдеттен сақтағандырғаны дұрыс. Ата-ана баласының бақытты болып өскенін қалайды. Баланың бақытты болып өсуі – ата-ананың қуанышы деп қарайды. Ол жөнінде К.Д.Ушинский былай дейді: “Адамды бақытты етіп тәрбиелегісі келсе, онда бақыт үшін тәрбиелемей, еңбек өміріне дайындау керек”.

Сонымен бірге Мағжанның ұстаздарды, яки тәрбиешілерді: “Баланың нашар істі өзі істемей, нашар мінезден өзі қашуына ешкім айтпай, қорқытпай, баланың өзі жамандықтан, нашар мінезден жирәнетін болсын. Балаға махаббат, жылылық сезім, жұмсақ іс арқылы ғана әсер етуі мүмкін” – деген сөзін бүтінгі айтылып жүрген ынтымақтастық педагогикасы қағидасының негізі болып саналады деп ойлаймыз. М.Жұмабаев сонымен бірге үлкен әдіскер-ғалым. Ол: “Мұғалім бір сөзді ұзыннан ұзақ соза берсе, шәкірттің іші пысады, мұғалім үсті-үстіне төлеп, түрлі білімді бір түрлі айта берсе, бала мезі болып, іші пысады. Мұғалімнің шеберлігі өзі білген білімнің бәрін балаға тез білдіруге емес, епін, басқыштап білдіруге. Сабақ оқытуда мұғалім сөзі жинақы, жігерлі, қызықты болуға тиісті. Сонда ғана ол баланың абайын (назарын) өзіне қарата алады. Сабақ үстінде балалардың айнауы, тыныш отырмауы бір-бірімен сөйлесулері мұғалімнің жинақы, жігерлі бола білмегендігінен” – дейді. Мағжанның әдіскерлігінің өзі міне осында жатыр. “Бала оқымайды” – деп, баланы кінәлауға дайын тұратын мұғалімдер Мағжаннан әлі де үйрену керек деп білеміз. “Сұлулық сезімдері” деген бөлімде педагог адам тек сырт сұлулығымен емес, ішкі сұлулығымен ұнамды, сүйкімді болу керек дейді. Осы орайда кейбіреулердің бет әлпетін түзеп, сырт көзге оңды көріну үшін ғана өтірік күліп, майда сөйлеп, ал, шын мәнінде екіжүзді мінезі бар, опасыз

адамдардың шығуы да осы мектеп пен ата-ана тәрбиесінің олқылығында жатыр ма деген ойдамыз. Автор осы орайда ән-музыка, сурет, поэзияның орны ерекше екендігін айтады. “Тәрбиешінің міндеті – балада искусствоның қандай түріне ынтасы бар екенін тауып, сол ынтасың, сол түр туғызатын сұлулық сезімдерін өркендету” – дейді де, оған жетудің жолдарын саралап береді.

Педагог-ғалым қыз баланы тәрбиелеуде әйелдің, ананың рөлінің зор екендігіне де ерекше тоқталған. Көбіне-көп қыз бала тәрбиесі анасына байланысты. Сол себептен ана балаларының көзінше өте әдепті, мәдениетті, үлгілі болуы қажет деп біледі. “Ұяда не көрсең, ұшқанда соны іерсің” деген мақалдың тегін шықпауы да осыдан болар. Сондықтан, бала тәрбиесіндегі адамдардың жүріс-тұрыстары да әдепті, сұлу, тартымды болуға тиісті. Сұлу дене, сұлу қозғалысты көріп өскен баланың денесі де, қозғалысы да сұлу болады. Мағжан бұл ойларын әрі қарай ұластырып: “Бала түрлі музыка құралдарының үндерін тыңдасын, сурет салып үйренсін” – дейді М.Жұмабаев. Өзінің осы мәдениет, сұлулық, ізгілік туралы ойларын “Құлық сезімдері” деген бөлімде одан әрі дамыта түседі. Ол қазақ халқына басқа халықтың жақсысынан үйреніп, сөйтіп көтеріліп дейді. “Басқа халықты, жалпы адамзатты сүй, – деген өсиет айтады. – Адам шын ізгі адам боламын десе, халық ісі, халық пайдасы жолында құрбан бола білсін”, – дейді. Оның нақты үлгісін Мағжанның өз өмірінен көреміз.

Мағжан Жұмабаев кітабының соңғы бөлімін “Баланың жалпы жаратылысына” арнаған. Бұл бөлім бүкіл кітаптың қорытынды бөлімі іспеттес. Бала тәрбиесінің оңай еместігін, оған екіншісі бірі бара бермейтіндігін, екіншісі бірі нағыз ұстаз, нағыз тәрбиеші бола алмайтындығын жазды. “Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың түңғиық теңізін күшті ақыл-қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі бола алатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару, баланы мұндай адам қыла алу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білу керек”, – дейді педагог Мағжан Жұмабаев. М.Жұмабаев оқушы-жастарды әрдайым, ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызын көтеріп отырған. Бүгінгі таңда, жастарға тәрбие беруде маңызды идеологиялық міндеттің бірі, Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Бұл істе басқа елдердің жақсы тәжірибелерін ескеріп, жастарды Отан сүю ісіне тәрбиелеуде оны үнемі пайдаланып отырудың маңызы зор. Мәселен, Жапония жұрты өзінің Жапон аралының азаматы екенін үнемі айтып, мақтан тұтады. Олар үшін Ямаго аралы – дүниедегі жердің ең асылы, шұрайлысы. Ал американдықтар өзінің Америка азаматы екендігін зор мақтаныш сезіммен атайды. Мектептер мен жоғары оқу орындарындағы сабақ, өндіріс орындарындағы жұмыс ән-ұранын айтумен басталады. Бұл жастардың сана-сезіміне ұлттық рухты сіңірудің бірден-бір жолы болып саналады. Біз де Жапония, АҚШ т.б.

елдердің жақсы дәстүрлерінен үйреніп, оқушы жастарды еліміздің Туын, Елтанбасын, Әнұранның қастерлеуге үйретуіміз керек. Бұл салада әлі де болса іске аспай жатқан жұмыстар, шаралар көп.

Қазіргі оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық сананың қалыптасуына аса ықпалды тәрбие түрлеріне ақыл-ой, адамгершілік, ұлтжандылық, ұлтаралық, катынас сыйластығы, ізгілік, эстетикалық, еңбек, дене, құқықтық, экономикалық, жыныстық, тағы басқа да тәрбиелерді жатқызуға болады. Бұл тәрбие түрлерін жүзеге асыруда мектеп оқулықтарының атқарар қызметі айырықша болмақ. Өйткені, тәрбие құралының бірі - оқулық. Оқулық материалдарының әрі білімдік, әрі тәрбиелік мәні ерекше екендігін Мағжан дәлелді мысалдармен айқындайды. Оқулықтың бала жасына сай және бағдарламаға сәйкес жазылу қажеттілігін меңзейді. “Халықтың, мемлекеттің тағдыры өз мектебіне байланысты, оның құрылысына сай келу керек” - дейді М.Жұмабаев. Өкінішке орай, қазір біздің елімізде ұлттық мектепті қауыптастырудың бір тұтас ғылыми дәйектелген жүйелі тұжырымдамасы жоқ. Біресе Ресей, не болмаса Еуропа елдерінің оқу-ағарту нысаналарын көздесек, бірде Түркияға көз тігеміз. Қазақтың кемеңгер ұлтжанды азаматы М.Жұмабаев: “Сонғы кезде соқыр еліктеу ауруы біздің жаньмызға сіңіп барады. Еліміздің саяси ынтымағы һәм шаруашылық тұрмысын жаңа жолға қоймақшы болғанда да, біз еліктеу ауданында тұрамыз. Қазақ жанын қайшылап отырып жат қылыққа салмақшымыз. Жат қалыпты қазақ жанына қабыстыру, яки жаңа қалып жасау тәжірибесіне кірісуіміз қарадай қорқытады” - деп, бұдан дәл 80 жыл бұрын батыл да ашық айтқан болатын.

Ұлттық идеологиясыз егемендіктің іргетасы берік болуы мүмкін емес. Егер осыны ескермесек, отансыз космополиттер мен мөнгүрттерді тәрбиелеп шығаруымыз мүмкін. Бүгінгі қазақстандық педагогтар нағыз ұлтжанды азамат М.Жұмабаевтың жоғарыдағы ойын басшылыққа ала отырып, ұлт мектептерінің моделін жасауды, ондағы тәрбиенің біртұтас мемлекеттік тұжырымдамасын түзуді ойластыру керек. Оған тәжірибелі мектеп мұғалімдері мен педагог-ғалымдар, философ-социологтар, дін басқармасы мен мәдени-ағарту мекемелерінің басшылары тартылып, бір кісідей атсалса оң іс болары анық. Ұлттық сананы қалыптастыруда қоғамдық пәндер, әсіресе қазақ әдебиеті мен Қазақстан тарихы, әдеп, мәдениеттану, әскери іс пәндері маңызды рөл атқарады. Сондықтан, ол пәндерді ұлттық намысты қорғаушы батыр ұл-қыздардың ерлік істерін насихаттау, мектеп қабырғасында жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу мақсатында пайдалану мәселесіне баса көңіл бөлуге тура келеді.

М.Жұмабаев, шет елдер, оның ішінде Ресей тәжірибесіне - бұрынғы ескі мектептің оқу ісіне де көз сала отырып, оның жақсы жағын қабылдау қажеттілігін де ескерткен. Әсіресе, 20-шы жылдардағы Еңбек мектебінің іс-тәжірибесін жоққа шығаруға болмайтындығын айтады. Шын мәнінде

оқушыны еңбек арқылы тәрбиелеу, еңбекке үйрету мектептің бала тәрбиесіндегі басты ұстанымдардың бірі болуға тиісті екендігін Мағжан жақсы түсінген. “Педагогика” оқулығында М.Жұмабаев оқыту үрдісінде еңбекті дұрыс ұйымдастырудың маңызының зор екендігін айтады. Оқу да – үлкен еңбек. Оқушының өзін логикалық, ойлау проблемалық жағдайлар туғызу арқылы оқытсақ, оқушының ойлау қабілеті, білімі анағұрлым тинаяқты да, сапалы болары сөзсіз. Мұғалімдердің, әсіресе, жас мұғалімдердің оқушыларға барлық ситуацияларды шешіп алуларына көмектесуі, проблемалық оқыту шеберлігінің төмендігі оқушыларды еңсарлыққа, шала сауаттылыққа жалқаулыққа итеретіні рас.

Бүгінгі өмірде Қазақстан көп салалы нарықтық экономикаға қадам басып отыр. Ендеше ертеңінің маманы, осы нарық экономикасын-сарамаңдық бизнес пен экономикалық теорияны жақсы білуі қажет. Ол үшін оқушыларды жас күнінен, бүгінгі таңда өмір сүрудің басты құралының бірі еңбек етіп, ақша табу екендігіне үйрету. Күні бүгінге дейін оқушы даяр білім алудан шектеліп, мұғалімнің айтқанын ғана қабылдап келді. Өз бетінше ізденіп білім қумаған оқушы еңбекке дәрменсіз болмақ. Оқушыларды еңбекке баулудың бір жолы-экономикалық білім беру. Өкінішке орай, біздің мектептерімізде бұл пән базистік жоспарға да еңбеген. Қазақ “баланы жастан” деп тегін айтпаған. Тіпті мектепке дейінгі балабақшалардан бастап, жас бүлдіршіндердің бойында ұқыптылық пен үнемділіктің қағидаларын енгізе берсе, күні ертең олар өз еңбектерін, байлықтарын үнемдеумен қатар өмірге, оның құндылығына басқа көзбен қарайды. Сол байлықтың қандай еңбекпен, термен келіп жатқандығын жақсы түсінеді. Бұл орайда ұлы Абайдың: “Еңбек етсең ерінбей, тояды тілңбей” - деген өсиет сөзі ерекше ойландыруға тиіс.

Біздің елімізде мектеп оқушыларына 1986-2000 жж. арнап жасалған еңбек тәрбиесі мен экономикалық тәрбие берудің материалдық базасын нығайту шаралары қабылданғанмен, ол орындалмай қалғаны белгілі. Сол себептен Білім және ғылым министрлігі оқушыларға бүгінгі таңда нарық экономикасына сай білім беру тұжырымдамасын жасай отырып, жалпы нарықтық экономика дәуіріндегі білім берудің ерекшеліктерін назар аударып, ұлттық білім берудің концепциясын қабылдағаны өте дұрыс деп ойлаймыз. Мұғалімдердің экономикалық-материалдық жағдайының және экономикалық білім деңгейлерінің төмендігін ескерсек, болашақ ұрпақтың тағдыры не болатындығына көз жеткізу оңай.

Осыған орай, Қазақстан халықаралық білім аясына еніп отырған уақытта, мектептерде оқу-тәрбие жұмысының әлемдік стандартқа сай болуы өмір талабы. Еліміздің ұрпағын біліктіде, білімді, ұлтжанды, отансүйгіш қайраткер етіп тәрбиелеуде, Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық іллімдерінің мәні зор. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев: “Оқушыларды Қазақстандық патриотизм мен

шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелену аса қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-кұлық, биік талғампаздық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп, қалыптастыруымыз керек”- деген болатын. Ендеше, ұрпақ тағдыры баршамыздың ортақ ісіміз болуға тиісті.

### **1.3 М.Жұмабаевтың тәлімдік идеяларын сабақтан тыс жұмыстарда пайдалану**

Тәрбие мәселесі қай ұлттың болмасын аса қадірлеп қарайтын ұлы қағидаларының бірі. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңында: “...Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің елжандылық, азаматтық, интернационалдық жоғары моральдық және адамгершілік сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты ынта ықыласымен қабілеттерін дамытуға бағыттауға тиіс” делінген. Ендеше, Қазақстан өз егемендігін алғаннан кейін, бүгінгі таңның өзекті мәселесі жан-жақты, көпмәдениетті, білімдар дара тұлғаны қалыптастыру. Оқушыны алғыр ойлы, жан-жақты дамыған, ұлттың ұлы азаматы етіп тәрбиелеуде мұғалімнің шеберлігі, шығармашылығы қажет. Яғни, қазіргі ұстаз терең ойлы, ғылыми білімі бар, оқу-тәрбие ісін дұрыс ұйымдастыра білетін шығармашылықпен айналысатын адам болуы қажет. Бүгінгі мектеп оқушыларына жүйелі де сапалы білім, саналы тәрбие беруде жаңа талап тұрғысынан келу қажет. Ол үшін пәндік оқыту мен тәрбие жұмысының сапасын мектептерде жақсарту, бүгінгі күннің басты проблемаларының бірі. Әсіресе, бүгінгі таңда Батыс пен Шығыстың, Еуропа мен Азияның идеологиясының қарама-қарсы қайшылығының кезеңінде, ұлттық идеологияны қалыптастыру ең өзекті мәселе.

Әр нәрсеге еліктегіш келетін жастарды батыстың бейресми мәдениетімен, моральдық азғындаушылық іс-әрекетінен аман алып қалудың бірден бір жолы, ол ұлтымыздың тарихы мен халықтық педагогика жолы. Осы орайда, қазақ халқының бір туар ұлдарының өмірі мен шығармашылығын оқып үйрену, жас жеткіншектерді үлкен патриоттық сезімге баулып тәрбиелейді. Қазақ халқы бағзы заманнан бері тәрбие проблемаларын өзінің өзекті істерінің бірі деп санап келеді. Бұл мәселеге байланысты ой қозғап, қалам тартпаған адамдар да кемде-кем. Әсіресе ұрпақ тәрбиесінде қазақ халқынан асар ұлт көп те емес. Ұлтымыздың тәлімгерлік тәжірибесі өте бай. Мәселе сол байлықты ел игілігіне айналдырып, бүгінгі оқушы жастардың бойына сіңіру болып табылады. Жасыратыны жоқ, жаһандану заманында, Қазақстан әр түрлі діндер мен саяси – экономикалық жағдайы әр түрлі мемлекеттердің қоршауында тұрғанда тәрбие проблемасының да күрделенуі түсері даусыз. Қазіргі басты мақсат - ел тәуелсіздігінің, оның бірлігі мен жасампаздығын, ата-баба салт-дәстүрі мен

ұлттық қағидаларды аман сақтап қалу. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасып, дамуының барлық қадамы Заң арқылы реттеледі. Оның басты негізі – Ата Заңы – Конституциясы. Соның негізінде әр түрлі Заңдар қабылданады. Ол заңдар қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани өмірлерінің барлық салаларын өзгерту, тәуелсіз республикасының, оның адамдарының мүддесін қамтамасыз етуде, оларды қорғаудан тұрады. Міне, осыған байланысты қоғам мүшелеріне, әсіресе жастарға құқықтық тәрбие беру біздің қызметіміздің елеулі бағыты болуы тиіс.

Жастардың заңдық сауаты, заңдық мәдениеті болмайынша демократияда, экономикалық реформалар да, әлеуметтік ілгерілеу де мардымсыз болмақ. Елде заңсыздық, соқыр әкімшілік, озбырлық кең орын ала береді. Сондықтан, жастарға құқықтық тәрбие беру барысында, олардың өз Конституциялық құқықтары мен еріктерін білудің саяси маңызы зор. Бірақ, сонымен қатар, олар қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттерін де ұмытпаулары тиіс. Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті алдындағы ең бір жауапты міндет – қоғам мүшелерінің адамгершілік қасиетін тәрбиелеу. Бұл тәрбие жастарды ар-ұятты, адал, әділетті, кішіпейіл, көпшіл, еңбекшіл болу сияқты қоғамға пайдалы көптеген қасиеттерге баулиды. Сондай-ақ, ол әр түрлі жат қасиеттерден, соның ішінде ұятты аяққа таптаудан, жалқаулықтан, озбырлықтан, зұлымдықтан, екіжүзділіктен, көзбояушылықтан аулақ болуға тәрбиелейді. Тәрбиенің бұл саласын жүргізуде оқу бағдарламасы бойынша әдеп, эстетика, мәдениеттану пәндерінің алар орны, атқаратын ісінің маңызы өте зор. Тәрбие тек мектеп қабырғасында ғана болмайтыны анық. Ананың бесік жырынан бастап, “О дүниеге” жөнелгенше адам өмірі үйренумен өтетігінде дау жоқ. Сондықтан, бұл мәселелерде халықтық педагогикаға оралып, ұлттық тәрбиеге ден қойғанымыз жөн.

Қазіргі кезде баспасөз бетінде Құран – Кәрімнің қасиетті сөздері, Мұхаммед пайғамбар ғалейс уасаламның өмірбаяны мен уағыз сөздері басылып жүр. Құран мәтіндері – бір ырғақпен айтылатын діни уағыз нұсқаулар ғана емес. Ол ежелгі араб тайпаларының басынан өткен тарихи уақиғалары мен әдеби ескерткішінің көркемдік байлығын еске салатын жарқын да айқын сөздер. Шебер теңеулерге толы өсиет тәрбие негізі болып саналады. Мұхаммед пайғамбарымыздың келер ұрпақты адамгершілік, ақыл-парасат иесі етіп тәрбиелеуге баулитын ақиқат сөздері күні бүгінге дейін өзгерусіз айқындығымен құнды. Қазақ халқының тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсарин де осы үлгіден тысқары шыққан жоқ. Оның көптеген шығармаларынан шығыстық тәрбие үлгісі айқын сезіліп тұрады. Бұлар тәрбиенің қай саласын сөз етсе де одан алшақтатпады. Дінді тәрбиенің басты құралы ете отырып, оның тиімді жақтарын тұңдырып алып, өмірмен ұштастыра білді. Өнерге де тыйым салмады. Олар жалтыға пәрмәнді тәрбие үшін Алланың бірлігіне, пайғамбардың хақтығына көз

жеткізіп, иландырып алуды басты мақсат тұтты.

Педагогиканың басты мәселелерінің бірі – жеке адамның дамуы және оған әсер ететін ықпал күштер. Жеке адамның дамуындағы ықпалдың көзі - тәрбие, қоршаған орта екендігін ескерсек, бүгінгі жас балаларымызды қоғамдағы келеңсіз дүниелердің әсерінен аман алып қалудың бірден-бір көзі - тәрбие екендігін біздің ғұлама бабаларымыз айтқан болатын. Әсіресе, ұлттымыздың ұлы адамдарының үлгі - өнегесі негізінде оқушыларды тәрбиелей алсақ, онда болашағымыздың да берік, мықты болуы сөзсіз.

Тәрбие мәселесі туралы ойымызды осымен тәмәмдап, тақырып аумағында сөйлемекпіз. Себебі, тәрбие туралы ғасырлар бойы талай ғұламалар, педагогтар мен ғалымдардың еңбектерімен айтқан ойлары жеткілікті. Ең бастысы, соларды орынды пайдалана отырып, оқу тәрбие ісінде лайықты қолдана білу. Оқушыларды тәрбиелеуде қолданылатын ең басты тәрбие құралының бірі біздің пайымдауымызша халықтық тәрбие көздері. Ұлт педагогикасының негізгі мәселесі ұлтжанды, ар-ұяты мол, саналы азамат тәрбиелеу. Оқушыларға М.Жұмабаев сынды дара тұлғаның шығармашылығын оқытып, үйрету оны үлгі ету бүгінгі мектептің алдында тұрған келелі іс.

Оқушының Мағжанды пір тұтып, тұшынуы үшін, сырт тыңдаушы болуы жеткіліксіз. Қазақта екінші бірінші ақындыққа бейім екенін ескерсек, баланы ақындыққа үйретуді мектеп қабырғасынан қолға алу қажет. Ол үшін өлең жазуға бейімі бар балаларды іріктеп алып, әдебиет үйірмесіне тартудан бастау керек. Үйірме жиналыстарында талқылау үшін жұмыс жоспары жасалып, өлеңді құрылысына қарай талдатып, ұйқас, буың, ырғақ, шумақ, тақырып, сюжет дегендерге түсінік беруге тура келеді. С о л арқылы ақындық қасиет, талаптың өсіп жетілуіне де талап пен тәрбиенің қажет екеніне оқушылардың көзін жеткізу қажет. Осыған орай сабақтан тыс жұмыстарда жүргізілетін тәрбие жұмысының негізгі бағыттарын былайша көрсетуге болады.

Олар:

Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын оқып үйрену.

Қазақтың атақты би, батырлары, мемлекет және қоғам қайраткерлері ақын, жазушыларының өмірін және қоғам мен мемлекетке сіңірген еңбегін білу.

Ертегілердің тәрбиелік мәнін тәрбие ісінде пайдалану.

Қазақтың ырым және тыйым сөздерін білу және оларды орындау әр оқушының әдетіне айналуын қамтамасыз ету.

Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәнін пайдалана отырып, оларды оқушылардың жатқа білуіне қол жеткізу.

Шешендік сөздер мен тәлім сөздерді оқушыларға жаттатып жадында сақтату олардың мінез-құлқын қалыптастыруда бұл сөздерді құрал етіп пайдалану.



Шәкірттерді отан сүйгіштікке тәрбиелеу.  
Экологиялық және құқықтық тәрбие беру.  
Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Бастауыш сыныптардан бастап жаңа оқулықтар материалдарындағы ұлттық тәлім-тәрбиені, тәрбие сағаттарында оқушы санасына біртіндеп сіңіруді көздеп, жүргізілген жұмыстар нәтижелі болды. Бұл ретте алдымен мектеп оқушыларымен “Сөз анасы - сәлем” екенің, сәлемдесу - әдептіліктің, мәдениеттіліктің белгісі болатынын ұғындыру, ұл бала мен қыз баланың өзінен үлкендермен және өзінің іні-қарындас, сінділерімен қазақы сәлемдесуін қалыпқа келтірудің өзі жүйелі жүргізілген жұмыстың нәтижесі деп есептеуге болады. Халық педагогикасының элементтерін Солтүстік Қазақстан мектептерінің оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде профессор С.Қ.Қалиевтың 1996 жылы Петропавлда өткізген ғылыми-практикалық конференциясы өзінің тиісті нәтижесін берді.

Оқушы жастарды ұлттық рухқа, М.Жұмабаевтың идеяларының негізінде тәрбиелеуде жоғарыда аталған М.Жұмабаев ауданы Сарытомар орта мектебінде жақсы көрініс тауып отыр. 1989 жылы мектепке М.Жұмабаевтың есімінің берілуі, мұғалімдер мен оқушылардың Мағжан шығармаларымен тереңірек танысып, оны оқу-тәрбие үрдісіне еркін енгізуге мүмкіндік туды. Бұл жәйт мектепте оқу және тәрбие ісіне халық педагогикасы элементтерін батыл енгізуге және шәкірттерге ұлттық тұрғыда тәрбие беруге түрткі болды. Курста оқушылар салт-дәстүрлер, әлеуметтік мәдени дүниелерді оқып үйренуде. Бұл жұмыс ата-аналар лекторийы арқылы ересектермен де жүргізіліп жалғасын табуда. Сондай-ақ, жеке пәндерге халық педагогикасы элементтерін енгізу, мүмкіндігінше әрбір сабақты ұлттық дәстүрмен сабақтастыру, қазақтың мақал-мәтелдерін кеңінен пайдалану көзделініп келеді. Осы жұмыстар арқылы мектептің тәрбие жүйесі бірін-бірі толықтырып, өзара сабақтастық тауып оқу, білім беру ісі мен тәрбие мәселесі ұштастырыла жүргізілуде.

Мектеп ұжымы мектепті безендіруде ұлттық нақыш қолданылуына біраз еңбек сіңірді. Мектеп дәлізіне қойылатын стендтер тақырыптарын таңдап алуда, мүмкіндігінше, ұлттық салт-дәстүр мен ұлттық тарих, мәдениет мәселелері негізге алынған. Бұл стендтер арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу, шәкірттер бойында ұлттық мінез-құлық қалыптастыру, қазақтың ұлттық ойындарын білу, қазақ жерінің қайталанбас әсемдігін оқушылар зердесіне жеткізу, қазақ ғылымы, әдебиеті мен қазақ жеріндегі білім беру ісінің бастауын білу, экологиялық тәрбие беру, қазақтың нақыл сөздерін біліп, одан гибрат алуға үйрету мақсаттары көзделінді. Шәкірттің өзін-өзі тәрбиелеуде ұстанатын бағыттарын көрсететін “Қазақ ұрпағын неге тәрбиелеген” стенді мектеп дәлізінде көрнекті орын алды. Енді бір қабырғада “Бой жеткен қыз баланың тәртіп ережесі” мен “Ержеткен ұлдың тәртіп ережесі” ілулі тұр. Онда

халқымыздың ұл бала мен қыз тәрбиесіне ерекше көңіл бөлгені, оларға халық педагогикасы бойынша қойылатын талаптар көрсетілген. Мәселен, қазақ қызы - сыпайылық, инабаттылық үлгісі. Қыз бала - болашақ ана, ал ана - негізгі тәрбиеші. Ұлттық тәрбиеден нәр алмаған қыз бала болашақта өнегелі ана бола алмайтыны айтылған. Осыған байланысты “Бойжеткен қыз баланың тәртіп ережесіндегі” тәрбиелік мәні бар сөздер қыздарымыздың тәрбиелі болып өсуіне ықпал жасары сөзсіз.

Сондай-ақ, қыз балалар тәрбиесі мәселесін, мектеп тарпынан мүмкіндігінше түбегейлі пешу үшін қыз балаларға арналған, айына бір рет “Денсаулық күні” өткізіледі. Бұл күні арнаулы жоспар бойынша “Сен қалай өсіп жетілесің”, “Ержету және бойжету”, “Сұлу болу, сау болу өз қолыңда”, “Жаным арымның садағасы” тақырыптары бойынша әңгімелер, дәрістер өткізіледі. “Ұл баланың тәртіп ережелеріндегі” көшеде, үйде, мектепте ұл бала өзін-өзі қалай ұстау керектігін көрсететін сөздермен бірге “Жасы, жолы үлкенді сыйла”, “Үлкен, кішіні, ер адам мен әйел адамды дәріптеп орынды, сыпайы сөйле” деген ғибратты сөздер жеткіншектерімізді саналы, сыпайы азамат болып өсуге тәрбиелейді. “Сөз анасы - сәлем”, “Ата-баба дәстүріндегі сәлемдесудің жобалары” тақырыптары бойынша сыныптарда жүргізілген тәрбие жұмыстары мен сәлемге байланысты мақал-мәтелдер, шешендік сөздерді сабақ сайын пайдаланып, оларды оқушылардың жатқа білуін талап ету нәтижесінде ұл балалардың мектепте және мектептен тыс жерлерде өзінен үлкен кісілермен және өзінен кіші адамдармен қазақы, мұсылманша сәлемдесуіне қол жеткізілді. Сәлемдесу - әдептіліктің, мәдениеттіліктің белгісі екендігін оқушылар терең түсінді. Мектеп дәлізінде жазылған халықтың 25-ке тарта “Ойна, бірақ оқуды да ойла”, “Даналық әліппеден басталады”, “Нағыз дұшпан жалқаулық, алма оны өмірге арқау ғып” деген сияқты тәлімдік сөздер ұлттық тәрбиенің, халық педагогикасының негізі қайда жатқанын көрсетіп, оны дәріптеп тұрады. Мектептің бір қабырғасын алып тұрған сурет-полотно өлкеміздің тамаша, сұлу табиғаты, Мағжан сөзімен айтқанда “айдын көл, ата қоныс, құт берекем” оқушылардың туған табиғатқа деген махаббатын ояту мақсатында жасалған. Сондай-ақ, экологиялық тәрбие беру мақсатында ілінген суреттер де оқушыларға ой салып, табиғатты аялауға түрткі болады.

Мағжан Жұмабаевтың “Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуда мектебіміздің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жаньмызға үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады” - деген сөзі ілінген ол, тап қазіргі еліміздегі ұлттық мектеп құру мақсатымен толық үйлесім тауып тұр. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, “Халқымыздың асыл перзенттері” циклы бойынша тәрбие сағаттары әр сыныптарда жыл бойы өтіледі. Тарих пәні сабақтарында және сыныптан тыс тәрбие

жұмыстарында ұлтымыздың өткен тарихын зерделеу, тарихи тұлғалардың ел тұтастығы мен тәуелсіздігін сақтау жөніндегі ерлік істерін үлгі ету дәстүрге айналдырылған. Мысалы, 8-сыныпта “Қазақстанның мемлекет болып құрылуы туралы” материалдарды өткенде оқушыларға қазақ хандары қалай сайланатындығын, кімдерден сайланатындығын, әр жүздің руларын, өздері қандай руға жататындығын айтып, өздерінің жеті аталарын білу талап етіледі. Сондай-ақ, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек, Қарасай батырлар сияқты бабаларымыздың ерлігі мен батырлығы арқасында ұлан байтақ қазақ жерінің тұтастығының сақталуын оқушыларға жеткізе отырып, отаншылдыққа, патриотизмге тәрбиелеу ісі жүргізілуде.

Қазақтың атақты биелерінің дау-дамайларды шешу тәжірибелерін қазіргі сот шешімдерімен салыстыра отырып, би-шешендердің әділдігін, тапқырлығын көрсетіп, “Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ” мақалының тәрбиелік мәні ашыла түсіп отыр. Қазақ тарихы - қазақ халқының шежіресі. Тарихи материалдарды әр сынып сайын күнделікті өмірмен байланыстыра, мақал-мәтелдермен, шешендік сөздермен дәлелдей, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізбен, ата-баба тіршілігімен сабақтастыра жүргізу қалыпты жағдайға айналды. Мақал-мәтелдерді пайдалану арқылы балаларға экологиялық тәрбие беру, қазақ халқы ұғымындағы киелі жануарлар туралы түсінік бере отырып, “киесі атады”, “обал болады” деген халықтық наным сөздерінің мағынасын түсіндіріп, оны сақтаудың адами және экологиялық астарларын ұғындыру жұмыстары да қағыс қалған жоқ. Қазақ халқының суды қадірлеу, қорламау жөніндегі тыйымдар мен ырым сөздерін (суды сабама, суға түкірме, суға зәр сындырма) оқушыларға жеткізу арқылы және халқымыздың ерекше қастерлеп, талай ғасырлар бойы аялы қамқорлық жасап келген табиғат байлығы - өсімдіктер әлемі туралы халықтың ырымдары мен мақал-мәтелдерін бастауыш сыныптардан бастап пән сабақтары мен тәрбие сағаттарында кенінен үзбей қолданылады. Мектептерімізде қазақтың ырымдары мен тыйым сөздерін, ретті жерінде, пән сабақтарында және арнаулы тәрбие сағаттарында пайдалану арқылы тұрмыстық шаруашылыққа, еңбекке баулу, мәдени-гигиеналық машығын қалыптастыру мақсаты көзделуін мақтан тұтамыз. Бұлардың барлығы мектепке есімі берілген қазақ халқының аяулы азаматы Мағжан аруағына құрметтің бір көрінісі деп білеміз. Сарытомар мектебінің жанындағы Мағжан Жұмабаевтың мұражайында жинақталған материалдар мен жәдігерлер Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын оқып үйрену, мұражайға келген еліміздің атақты адамдарымен кездесулер өткізу тәрбие бағыттары бойынша жүргізілетін жұмыстардың нәтижелілігін арттыруда. Мұражай - мектеп пен жергілікті тұрғындар үшін тәрбие жұмысының орталығы болып саналады.

Мағжан шығармашылығын оқып үйрену мақсатында жоғарыда аты

аталған мектептерде 1 сыныптан 11 сыныпқа дейін “Мағжан сағаттары”, “Мағжан күндері”, “Арманды ақын”, “Мағжан - менің мақтанышым” С.Сенкібаевтың “Мағжан тағылымы” тәрбие сағаттарының жұмыстары жүйелі тұрғыда өткізіліп келеді. Облыстағы “Мағжантану” жұмысы ғұлама педагогтың 100 жылдығы қарсаңында, яғни 1992-1993 жылдары ерекше жолға қойылып, содан қарқынды басталды. 1993 жылы облыс орталығы Петропавлда білім жетілдіру институтының ұйымдастыруымен өткізілген “Мағжан Жұмабаев - азамат, ақын, педагог” тақырыбындағы облыстық ғылыми-практикалық конференцияның құндылығы мен маңызы жағынан күні бүгінге дейін мұғалімдердің есінде.

Тәрбие сағаттарындағы Мағжан өмірі мен тағылымдары Солтүстік Қазақстан оқушылары арасында өз нәтижелерін беріп те келеді. Мәселен, облыстың қазақ мектептерінде сыныптан тыс жұмыстарда “Атамекен” қозғалысының жұмыс жоспарында Мағжан Жұмабаевқа арналған арнайы іс-шаралар көзделген. Мағжанға арналған іс-шаралар оның мұражайында да өзіндік қырымен көрініс береді.

Жалпы, мектепте тәрбие ең негізгі, ең алғашқы орынға қойылуы заңды. Бұл мәселе жөнінде Әбу Нәсір Әл-Фараби: “Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы” - деген екен. Жаңа ғасырдың жастары - Отанымыздың ертеңі деп ойлағандықтан, жастарымызды рухани зерделілік жағынан дамытып тәрбиелеу, өз тарихын, мәдениетін қастерлеу, таныту, дүние жүзілік мәдениетке қол созу, оны танып білу, ұлттық мәдениет пен әлемдік мәдениетті біріктіру мақсатында қалыптастыру жұмыстарын біршама жүргіздік деген ойдамыз. Тәрбиенің басты ұстанымдары - жалпы адамзаттық құндылықтарды және тұлғаны қалыптастыру, өз халқының мәдениетін, әдебиетін, тілі мен мәдениетіне де құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті адам тәрбиелеу деген қағиданы баспылыққа алдық.

Тәрбиеде адамға ықпал ететін білімдер саны алуан. Солардың ішіндегі ең парасаттысы, өміршең білім - халықтың өзі жинақтаған тәлім-тәрбие жайлы білімдер. Тәрбие бесіктен басталады. Қазақ этнопедагогикасы тәрбиені бесік жырымен бастайды. Ұлттық мәдениетімізді

- инабаттылықты, имандылықты, қайырымдылықты, мейірімділікті, ізеттілікті, меймандостықты, тіл өнерін балаға балдырған кезінен бастап үйрету - өркениеттік дәстүріміз. Осы тұрғыдан келгенде М.Жұмабаевтың ұлттық тәлім-тәрбие, тіл, дін, діл, мәдениет туралы айтқан ойларының осы заманда да өміршең екендігі даусыз. М.Жұмабаевтың халық педагогикасын бала тәрбиелеуде пайдалану туралы кейбір ойларын көрсете кетуді жөн көрдік.

Олар:

- Ұлттың өзіне тән мектебінің болуы;
- Бастауыш (1-4) сыныптарда баланы ана тілінде оқыту;

- Сабақ барысында тәлім-тәрбиесі мол халықтық пайымдауларды кеңінен қолдану ;
- Балаларға әр түрлі ертегілер мен аңыздарды айту;
- Ұлттық тағамдарды ерекше қадірлеу;
- Сәбиді бесікке салғанда қатты қысып байламай, ақырын тербету;
- Баланы жастайынан ұлттық спорт түрлеріне баулу қажеттілігі;
- Сабақта ұлттық қол өнерге баулу, тағы осы сияқты ұсыныстарды алға тартады;

М.Жұмабаев ұсынған 1-дене, 2-ақыл, 3-сұлулық, 4-құлық тәрбиесін дамыта отырып:

- 1.Адамгершілік.
- 2.Имандылық.
- 3.Халықтық тәлім-тәрбие.
- 4.Ана тілі - ұлт белгісі.
- 5.Отбасы, орта тәрбиесі.
- 6.Қыз балалар тәрбиесі.

7.Ата көрген оқ жанар (ұл балалар тәрбиесі) - деп, бөлшектеп қарастырып, оларды тәрбие жолдарында басшылыққа алдық. Оның негізінде әр түрлі тәрбие сағаттарын өткізу әдетке айналды. Мәселен:

- 1.Ел тағдыры - адам тағдыры.
- 2.Шежіре сыры.
- 3.Бабаларды толғантқан бала қамы.
- 4.Тәрбие көзі - халық педагогикасы.
- 5.Қайта оралған дәстүрлер.
- 6.Балалар ән шырқайды.
- 7.Тіл мерекелері - конкурстары.
- 8.Қазақстан елім менің - фестиваль-сабақ.
9. “Қазақшаңыз қалай” - сайыс.
10. Ұлттық ойындарға үйрету, ойнату.

“Мағжантану” бағдарламасының негізінде осы жолдардың авторы мектеп оқушыларына арнап сыныптан тыс “Мағжан тағылымы” атты тәрбие сағатының үлгісін жасап, облыстағы барлық қазақ мектептеріне ұсынғанымызды жоғарыда айтқан болатынбыз. Нәтижесінде мектептерде әр түрлі қойлымдар, кештер ұйымдастырылып, оқушылар М.Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығынан көптеген мағлұматтар алды. М.Жұмабаевтың тәрбиелік ілімін мектептің оқу-бағдарламасына енгізудің көптеген жолдары бар екендігін диссертацияның өн бойында көрсетуге тырыстық. Сонымен қатар әр мектеп, әр мұғалім М.Жұмабаевтың педагогикалық дүниелерін терең зерттеп, өздері оқып үйренгенде ғана, оның тәрбие туралы ойларының толық іске асуы мүмкін. Әсіресе, сыныптан тыс жұмыстарда М.Жұмабаев мензеген тәрбие идеяларын бүгіндері әр қазақ мектебі өзіне еш қиындықсыз енгізуге

болады. Мәселен, ұлттық ойындар, ұлттық ән-би кештерін ұйымдастыру, әр түрлі пән үйірмелерінде Мағжан өлеңдерін жатқа айтып, ән шығару, әр түрлі көріністер қою, мектеп шеберханаларында ұлттық ою-өрнектер жасау, “Атбегі”, “Құсбегі” үйірмелерін ұйымдастыру – тағы сол сияқты жұмыстарды мектептерде жүргізуді ұсынамыз.

Сабақтан тыс жұмыстар оқушы-жастардың сабақ үстінде алған білім, білік, дағдыларын тереңдетіп, бала бойында тұрақтандыруға және Мағжанның ақындық, ұлтжандылық қасиеттері жөніндегі оқушы көзқарасын қалыптастыруын тұрақтандыруға қосалқы қызмет етті. Мағжанның тәлімдік идеяларын оқушыларға меңгерту үрдісі, негізінен, әдебиет пәні және сыныптан тыс жұмыстар арқылы жүргізілді. Мұны мұғалімдер оқушылардың эстетикалық, ұлтжандылық, отансүйгіштік сезімін жетілдірудің және білім мен тәрбие берудің қайнар көзі ретінде түсініп, оқушыларды өздік жұмысына, шығармашылық жолға үйретуде Мағжан шығармаларын пайдалана білу жолдары сараланып көрсетілді. Мағжанның лирикаларын талдау кезінде оқушылар оның өзіндік ерекшеліктері мен Абай, Ыбырай, Ілияс шығармаларымен идеялық үндестігін ажыратып талдап тани, бағалай білді. Сол арқылы ақынның жан сұлулығы мен көркем ой кестесінің бірлігін танып біліп, терең сезінетін болды. Мағжан шығармаларын тарих пәнімен байланыстыра пайдалану жолдары анықталды. Әдебиет сабағында алған білім, дағдылар сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында жалғасын тауып, оқушылардың білімдік, тәлімдік, эстетикалық танымдары арта түсті. Әдебиетке эстетикалық сезімді жетілдірумен бірге білім және тәрбие берудің қайнар көзі деп қараймыз. Осымен байланысты М.Жұмабаевтың шығармаларын өту кезінде мұғалімнің басшылыққа алатыны оқушылардың әдеби білімге ынта-ықыласын тәрбиелеп жетілдірудегі негізгі ұстанымдарын анықтадық. Ол ұстанымдар біздің сараптауымыз бойынша төмендегідей болмақ:

1. Оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін, әдеби білімді қабылдау мүмкіндігі мен қабілетін анықтау;
2. Әдеби тілді меңгерту кезінде баланың зейінін тәрбиелеп жетілдіруге баланың көңілін бөлу;
3. Оқушы бойында әдеби шығармаға, ондағы кейіпкерлер тағдырына ортақтас бола білуге, ой толғанысын туғызуға жетектейтін проблемалық сұрақтарды дұрыс құра білу;
4. Өтіліп отырған тақырыпты сапалы түрде меңгеруге зер салу, материалдың ішкі механизімін жан-жақты терең талдауға жетектеу;
5. Проблемалық сұрақ қою арқылы және оған жауап талап ету арқылы баланың қиялын дамытуға зер салу;
6. Жаңа берілетін білімді өткендегі білімге негіздей отырып меңгерту;
7. Әдеби білімнің тәрбиемен, өмір тәжірибесімен байланыстылығын үнемі ескеріп отыру;

8. Әдеби шығарманы өту кезеңінде оқушы бойында әсерленушілік, еліктеушілік сезім туғызу;

9. Әдеби кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез құлқы арқылы оқушының ерік жігерін шындауға баса көңіл бөлу;

10. Әдеби кейіпкерлер сезімінің дүниетану көзқарасымен байланысты туып дамуын сездіре және сендіре білу; сол арқылы оқушының дүниетану көзқарасын қалыптастыруға ықпал ету. Жалпы мектеп бағдарламасында Мағжанның әдеби мұрасын тұтас талдап өту мүмкін емес. Негізін ақынның адамгершілік идеялары ақындық шеберлігі, терең ой сезімінің ширыққан сәттері көрінетін тұстары ғана ашылады. Ақын шығармаларын оқытуда оның поэзиясының уақыт сынына төтеп берерлік бүкіл ұлттық, адамзаттық мазмұн мен тақырыбын, тіл құнарлылығы мен ой тереңдігін, сөз қолдану шеберлігін басты ерекшелігі етіп көрсету керек. Мектеп партасында отырған бүгінгі оқушы, Мағжан поэзиясынан нәр алып, тылсым табиғатты Мағжан сөзімен түсінсе, романтикалық өршілдікті, махаббатты, сүйініш арман, мақсат, үмітті Мағжаннан үйренсе, болашақта жақсы бір азамат болары анық. Сондықтан Мағжан өлеңдерін оқытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, шығармалары арқылы тарих тұңғығын терең түсіну, өткенді бажайлау, болашақты болжай білу, бүгіннің ақиқатына көз жеткізу сияқты терең толғаныстар заманның астан-кестен, аласапыран жайымен астасып жататынын түсіндіру абзал. Мысалы, Мағжанның табиғат лирикасына арналған өлеңдерін саралап оқытқанда, эстетикалық сұлу табиғат пен қатар өзінің қоршаған орта дүние жөніндегі түсінігі, ішкі жан күйініш-сүйініші, сонысымен адам мен табиғатты бірге жырлап, бірге толғандырып, бірге тебірендіреді. Айталық, ақын өзінің “Жазғы таң” деген өлеңінде “маужыраған түн”, “жылы ескек жел”, “жаңарған жер”, “жердің жаны - күн”, “ердің жаны - өнер, білім” тағы басқа әдемі сөз тіркестері арқылы оқушының көз алдына бірнеше әсем бейнелерді елестетеді. Ал “Жел” деген өлеңінде “аузы-басы жыбырлаған” желдің ышқына соғуы, терезеден үйге кірмек болуы, ызаланған долы желдің түрме есігіндегі темірді зуылдап кеп ұруы, қуаты кеміп қажыған жүйрік желдің өксіп-өксіп жылағандай болуын суреттеу арқылы ақын түрменін тар қапасында жан азабын тартып, Сарыарқаның самалына зар болып күніреніп, күйініп жатқан қам көңілді асыл азаматтың көңіл-күйін салыстыра суреттеп беріп отыр. Бұл жерде ақын табиғат бейнесі мен басты кейіпкердің көңіл-күйін психологиялық параллелизм арқылы бейнелеп беруде ерекше шеберлік танытқан. Сөйтіп, ақын әр табиғаттың ішкі сырын жіті таныған суреткер ретінде өзін көрсете білсе, екіншіден, адамның көңіл күйін табиғат та қостаушы болып көрініп, ақын өзінің психологиялық сезімталдық шеберлігімен дараланып көрініп отыр.

Оқушыларды өлең жазуға әуестендіру үшін, ақынның тек бірер өлеңімен таныстырып, 4-5 шумақ өлең жолын жаттату немесе жалаң баяндату жеткіліксіз.

Бейнелі сөз айшықтары мен тыңдаушының ішкі сезім қылын қытықтап оята білген асқан психолог, суреткер екендігіне де қажеттігіне оқушылардың көзін жеткізу қажеттілігі туады. Өлең шығару үшін өлеңнің түр-түрпатымен, құрылысымен танысу керек. Өлеңнің екі жолы немесе 3 жолының ұйқасқа құрылуы, әр жолда ақынның айтпақ ойы нақты және айшықты көркем болуы, айшықтың әр тақтасы шумақ деп аталатыны, әр шумақта бірнеше тармақ болатыны, тармақ дегенің өлеңнің жолы екені, бір тармақта бірнеше бунақ болатыны, бунақтың дауыс толқынына құрылған ұйқасты дыбыстардан тұратыны айтылады. Оған мысал ретінде Абайдың “Сегіз аяқ” өлеңі мен Мағжанның “Сары бел” атты өлеңін салыстырып, ұйқас, буын-бунақ, шумақ түрлеріне талдау жасау арқылы екі ұлы ақын поэзиядағы ұқсастықты оқушыларға аңғартуға болады. Табиғаттың әр мезгіліне мінездеме беру, тірі жан иесінің ішкі сезім құбылыс, жұмбақ сырын оқушының көз алдына келтіру, Мағжан сезімінің терең, түйсігінің мол, шебер екендігін аңғарта отырып, оқушыны құпия күйге бөлейміз. Оқушы табиғатты лирикалық қаһарманның сезімі арқылы қабылдап, қанатты ойға ерік береді.

Мағжан лирикасының мәні мен мағынасын оқушылар санасына жеткізуді мақсат тұтқанда, оны жалаң да жаттанды түрде толғаныссыз баяндай салмай, ақынның сыршыл суретшіл, нәзік жүрек күйін, жан сырын, арман-мұратын, жан азабын, ақын творчествосының ойшылдық рухын терең сезіне отырып жеткізген жөн. Алтыншы сыныпта өтуге Мағжанның азаматтық лирикасына жататын “Мен кім?”, “Мен жастарға сенемін” деген екі өлеңі берілген. Бұл өлеңді оқу барысында оқушылар Сұлтанмахмұт Торайғыровтың “Шығамын тірі болсам, адам болып” деген өлеңін естеріне түсіріп, екі ақынның ой-арманының үндестігін салыстыру арқылы ұғынады, шынайы ақынның сөзі өлмейтініне оқушылар тәнті болады. Абай өлеңдерінен бастау алған табиғат лирикасын Мағжан жетілдіре түсті. Қазақ даласының табиғатын пәк, таза күйінде көрсеткісі келді. Адам мен табиғатты тұтастықта алып суреттеп, олардың жан күйін өлеңмен өрнектеді. Бұл жерде оқушылардың табиғатқа жан бітіре суреттейтін осыған ұқсас қандай шығармалар жақындығы сұралады. Оқушылар Абайдың “Жаз”, “Жазғытұры” өлеңдерін естеріне түсіріп, екі ақынның табиғатты суреттеудегі шеберлігін, ерекшеліктерін және ұқсастығын салыстыра отырып, әңгімелетсе, нұр үстіне нұр болары анық. Мәселен, оқушылар Абайдың “Жаз” өлеңінде суреттелетін жазғы жайлауға көк шалғынға қонған ауыл, құс салып, үйрек-қаз алдырған аңшы жастар



қыз-келіншектердің “бұрала басып былқылдап”, “Әзілдесіп сыңқылдап” үй тігулерін еске түсіреді. Мағжан лирикаларында азаматтық әуен, өмірлік мұрат, ел халық алдындағы перзенттік парызын сезіну, халықтың қалғып жатқан ой-санасына сәуле себуге талпынысы кең көлемде көрініс тапқан. Мағжан өлеңдерімен оқушыларды қазақ тілі сабақтарында таныстыру арқылы, тіл дамыту, көркемсөз, әдебиетке деген сүйіспеншілікке баулуға болады.

Мағжан Жұмабаевтың шығармасын, әсіресе, ағартушылық идеяны марапаттайтын әңгімелеріндегі озық ойларын балалар әдебиетін жасауға ерекше көңіл бөлгені, өнер - білімді осы жастардан күткенін оқушылардың санасына терең жеткізе айтуымыз керек. Жалпы, М.Жұмабаевтың шығармаларын зерттегенде, оны ақындығынан бөліп қарауға болмайды. Өйткені, ол өзінің көптеген ойларын поэзия түрінде жазған. Өзінің өлеңдері арқылы балаларды оқу-білімге шақырған. Сондықтанда біз оның бірнеше өлеңдеріне тоқтап өтуді жөн көрдік.

Мағжанның 1913 жылы Қазан қаласында шыққан бірінші өлеңдер жинағы “Шолпанда” ақынның сол кездегі ағартушылық сарындағы өлеңдері басылды. (“Жазғы таң”, “Сорлы қазақ”, “Өнер—білім қайтсе табылар”, “Ләззат қайда?”, “Қазағым” т.б.). Мысалы, “Ләззат қайда?” деген өлеңде ақын жас жанына тыншу берер әуестіктің бәрін тізіп келіп, ойын-сауық, жүйрік ат, алғыр тазы, сұлу қызбен қызынақтың ешбірінен де тиянақ таппай, тек кітап сөзінен ғана ләззаттанғанын айтады. “Өнер-білім қайтсе табылар” атты өлеңінде Мағжан жастарды оқуға жұмылдыру мақсатымен өнер-білімге барар жол сілтейді, ақылын айтады. “Жақын, туған бауыр” - деп ауылға айналмай, жастарға қалаға барып, оқып, білім алғанын қуаттайды. Ойын-сауық, өсекшілік пен менмендіктің өрге бастырмасын ұғындыра келіп жалықпай талпынып іздеген адамға “өнер-білім жер астында болса да табылады”, - деп ағалық ақылын айтады. “Қазағым” деген өлеңінде Мағжан:

Жетті енді қам жер мезгіл жатпа бекер,

Ойламау келешекте түпке жетер

Дандық қоршап алған түс-түс жақтан,

Жан қорқып, дәне тітіркеп есің кетер,—дейді

“Шолпан” жинағында ақынның “Балалық шақ”, “Қарағым”, “Мен сорлы” “Шәкірт зары” атты өлеңдер жарияланған. Бұлар Ыбырай Алтынсариннің “Кел балалар оқылық” атты өлеңімен орайлас. Ауылдағы ойын балаларына арналған “Балалық шақ” деген тамаша өлеңінде Мағжан оларға осы балалық шағынан бастап оқу-білімге көңіл бөлуге кеңес береді. Осыған ұқсас Мағжанның тағы бір өлеңі “Немере мен әжесі” деп аталады. Мұнда немересі әжесінен: “Көк деген не, жұлдыз не, жер не, теңіз, шөл, тау дегендер не” - деп

көптеген сұрақтар қояды. Әжесі бұл сұрақтарға анық жауап бере алмай, мектепке оқуға бар, сонда бәрін білесің деп ақыл береді. Бар әңгіме Мағжанға тән жеңіл де көркем тілмен әзіл түрінде жүреді. Осы сияқты “Қойшы бала мен күшік” деген өлеңінде де, ақын мектептен қандай білім алуға болатынын насихаттайды. Мағжан шығармаларындағы ағартушылық бағыт оқу-білімге үндеумен ғана шектеліп қалмайды. Мысалы, “Әдемі қыз” өлеңінде ауыл бойжеткеніне моральдық тазалықты сақтай білу қажеттігін ұғындырса, “Жас келін” атты өлеңінде ұлттық ізгі дәстүрлердің бәрі сақталып, әдеп пен инабаттылық аяқасты болмауына шақырады. Бұл текті жырларының қайсысынан болсын Мағжанның биік парасаты, кеменгер ойы мен шалқар білімінің лебі еседі.

Қорыта келгенде айтарымыз, Мағжан Жұмабаев - ғасырлар белесінде әр заманда бір қылаң беріп қоятын көркемдік ойлау әлеміндегі Абайдан кейінгі үлкен бір құбылыс. Оған оның “Батыр Баян”, “Қойлыбайдың қобызы”, “Жан сөзі”, “Жүсіп хан”, тағы басқа да ірі шығармалары куә. Сол құбылыстың сырын ашып, жас ұрпақты шынайы суреттердің поэзия бұлағынан сусындата білу, жақсы менен жаман, қатыгездік пен ізгілік, бір күндік пен мәңгілік секілді өмірлік проблемаларға қатысты көзқарас қалыптастыруда ақын мұрасын шебер пайдалана білу - әр ұстаздың асыл мұраты болу керек деп ойлаймыз. Бүгінгі таңда еліміздің жас ұрпағын ұлтжандылық пен отансүйгішілікке тәрбиелеу проблемасы алдымызда тұрғанда, Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын оқып үйрену, одан нәр алу ұлы парыз. Осы орайда оқытудың негізгі принциптері: ғылымилық, көрнекілік пен тиімділік, сапалық пен белсенділік, жүйелілік, теория мен тәжірибенің байланыстығы болса, осы принциптерді де М.Жұмабаев өзінің “Педагогикасының” арқауы ретінде алып, мұғалімдерге осыдан айнымауды ұсынады. Осы принциптерді толық орындаған күнде ғана оқушылар сапалы білім, саналы тәрбие ала алады.

М.Жұмабаевтың оқу-тәрбие туралы идеясы бүгінгі күн талабымен сәйкес екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Еліміздің болашағы оқушы тәрбиесімен етене байланысты екендігі даусыз. Заман талабына сай тәрбиенің мазмұны, мақсатын, оның негізгі қағидаларын қайта қарастырып отыру қажеттілігі туындап отыр. Жас ұрпақ тәрбиесі адамзаттың барлық кезеңінде ғасырлар бойы дамып, өз шешімдерін тауып келеді. Қазақ халқының да бала тәрбиесі жөнінде ертеден жиган мол тәжірибесі бар екені белгілі. Ол өз бойындағы ең құнды да асыл қасиеттерін ұрпақтан-ұрпаққа үйретіп, аманат қылып беріп отырған. Осы орайда ұлтымыздың бір туар ұлы тұлғасы М.Шоқай: “Ұлттық мәдениеттен жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан,

халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды”, - деп, жастарды мектепте ұлттық негізде тәрбиелеу қажеттілігін айтқан болатын. Ғасырлар бойы жинақталған қазақ халқының ұлттық мұрасын оқушыларға қалыптастыру, өмірге деген көзқарасын тәрбиелеу, ұлтжандылық, отансүйгіштік, патриоттық сезімдерін нығайту, бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Қазақстан өз алдына дербес мемлекет болғаннан кейін, оның оқу ағарту ісі де дербес болуы заңды құбылыс. Алайда, егемендіктің оңай келмегенін ескерсек, оның құндылығы да ерекше екендігін түсінуге болады. XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басы, яғни ғасырлар тоғысында елімізде талай ұлы оқиғалар болды. Бұл кезеңде Қазақстан түгелдей Ресейдің қол астына кіріп, оның түпкілікті боданында еді. Қазақтың жер асты, үсті байлығын жалғыз Ресей емес, шет ел басқыншылары емін еркін иемденді. Сонымен бірге, Қазақстан Ресейдің әскери тірек еліне айналды. Жаппай орыстандыру саясатының негізінде, Қазақстан халқының көп бөлігін келімсектер құрды. Қоныс аударылғандарға қазақтардың шұрайлы деген жерлері бөлініп берілді. Жерінен айырылған қазақ халқы нағыз көшпенділер кейпін киіп, көбісі патша үкіметінің реакциялық саясатына шыдай алмай, көрші мемлекеттерге көшуге мәжбүр болды. Қалған бөлігі ата қоныс, жер-суын, ар-намысын қорғау барысында күреске де шығып отырды. Бірақ, ол көтерілістер аяусыз басылып тасталды. Қазақстанды отарлау саясаты кезінде өнеркәсіп саласын дамыту үшін, қазақ жерлеріне ірі заводтар мен фабрикалар салынды. Соның нәтижесінде елде жұмысшы табы да қалыптаса бастады. Елді басқару үшін жергілікті тұрғындарды оқытуға да тура келді. Осыған орай жер-жерде мектептер мен орта оқу орындары ашылып, онда қазақ балалары оқытылды. Оқу ағарту саласының дамуы бұдан ертерек кезде басталғаны белгілі [91]. Қазақ халқының ұлы ағартушылары үкіметке өз ықпалдарын пайдаланып көптеген оқу орындарын аштырғаны да белгілі. Осы тұрғыдан келгенде Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтың еңбектері мәңгілік. Олар өз жұртын қараңғылықтан арашалап, тек оқу арқылы ғана бақытқа жеткізуге болатындығын түсінді. Халықты оқуға, білім алуға шақыра отырып, Патша үкіметінің алдында келелі сұрақтарды қоя білді. XX ғасырдың басында зиялылар қауымы да елдегі ауыртпалықты көре отырып, отарладан құтылудың бірден бір амалы білім жолы екендігін түсіне білді [94]. Жаңа ғасыр жаңа тұлғаларды өмірге әкелді. Олар: Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов тағы басқалары болатын. Қараңғы халықты сауаттандыру үшін өздері оқулықтар жазды, әдістемелік құралдар шығарды, шығармаларында оқу-білімді насихаттады.

Өкінішке орай, көпшілік бұл зиялылардың педагогикалық еңбектерінен бейхабар болып, тек олардың саяси-қоғамдық істері жайында ғана білді. Сол себептен де, бұлардың педагогикалық іс-әрекеттері соңғы кезге дейін терең зерттелмей, таратылмай да келді. Әсіресе, 30-шы жылдардың құрбаны болған, тамаша педагог, әдіскер, ақын М.Жұмабаевтың педагогикалық оқу-ағартушылық іс әрекеті терең, тарихи тұрғыдан зерттелмей, көпшіліктің назарынан тыс қалып келгені белгілі. М.Жұмабаевтың қазақ ұлттық педагогикасына қосқан қомақты үлесін зерттеп, тиісті бағасын беру бүгінгінің ісі. XX ғасырдың басында елді азаттыққа апарар бірден бір жол оқу-ағарту деп түсінген ол, өзінің бар білімін осы жолға арнады. Әсіресе, 1918-1926 жылдардың аралығында М.Жұмабаевтың педагогика саласында өндіріп еңбек еткен жылдары болды.

М.Жұмабаев заманынан озып туған педагог. Оған оның сол кездегі жазған мақалалары мен еңбектері, әсіресе, “Педагогика” оқулығы куә. А.Байтұрсыновты ұлттың сол кездегі идеялық ұстазы ретінде білсек те, педагогика саласында алғашқы болып фундаментальды еңбек жазған М.Жұмабаев деуге болады. Ол өзінің “Педагогика” оқулығында тұңғыш рет ұлттық педагогиканы психологиямен байланыстыра оқытудың тәсілдерін қарастырып, бала тәрбиелеудің және олармен қарым-қатынас жасаудың жолдарын ғылыми тұрғыдан талдап көрсетті. Оның озық ойлы сол кездегі айтқан тұжырымдары бүгінгі күні де өзекті. “Баланы заманына лайық етіп оқытып, тәрбиелеу керек” – деген Мағжанның ойы бүгінгі күн үшін айтылғандай. Бүгінгі атом, компьютер, космос заманында оқушы ғылымның соңғы жаңалықтарын біліп қана қоймай, оны игере білу өмір талабы. Мағжан Жұмабаев болашақта ғылымның алға басатындығын болжай отырып осындай ойларын сол кездің өзінде айтқан. Біздің алға қойған мақсатымыз, М.Жұмабаевтың педагогикалық мұралары арқылы ұлттық мектепте, оның педагогикалық идеяларын оқу-тәрбие ісіне кеңінен енгізіп, пайдалану және оны ұлттың ұлы педагог-ұстазы ретінде танып, өз орнын өнеру болатын. Ал бұл проблема әрине, қысқа уақытта шешіле қоймауы мүмкін. Сондықтан да, М.Жұмабаевтың педагогикалық дүниетанымын зерттеу мұнымен шектелмей тиіс. Ендеше, оқушыларды М.Жұмабаевтың үлгілі өмірі мен шығармашылығының негізінде тәрбиелеу, қазіргі мектептің басты ісі болмақ. М.Жұмабаевтың тәлім-тәрбиелік ойлары баға жетпейтін құнды туындылар, оларды оқып-үйрену, игілікке жарату мұғалімдердің парызы болмақ.

## 2 Оқу жүйесінде М.Жұмабаев шығармашылығын пайдаланудың кейбір жолдары

2.1 Мұғалімдер мен колледж оқытушыларына арналған “Мағжантану” курсының бағдарламасы

p/c	Тақырыптар	Сағат саны	сабақ түрі		Қосымша ескертпелер
			лекция	Прак.	
1.	Курстың мақсаты мен міндеті	1	1	-	Лекция
2.	Қазақстандағы ХХғ. басындағы саяси-әлеуметтік жағдай. “Алаш” ұйымы мен “Қазақ” газеті.	2	1	1	Мұрағат материалдары. Мұражайға бару.
3	М.Жұмабаевтың өмірі мен қызметі, шығармашылығы	3	2	1	Әдебиеттермен жұмыс
4	Мағжанның педагогикалық-психологиялық көзқарастары	3	2	1	Еңбектерімен танысу.
5	Мағжанның “Педагогикасы” және оның ерекшелігі	3	2	1	Әдебиеттермен жұмыс. Конспект жасау.
6	Мағжан – педагог, тәлімгер-әдіскер.	2	1	1	Лекция Семинар
7	Мағжан педагогикасындағы ұлттық тәлім-тәрбие мәселелері	3	2	1	Семинар сабақ
8	М.Жұмабаевтың педагогикалық еңбектері.	2	1	1	Семинар сабақ Еңбектерін талдау
9	Мағжан «Педагогика-сының қазіргі тандағы алатын орны мен манызы	2	1	1	«Дөңгелек үстел басындағы сұхбат
	Барлығы:	21	13	8	

Бағдарламаның мақсаты: М.Жұмабаевтың педагогикалық мұраларын мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру институтында пайдалану жолдарын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан анықтау; Ұлы ақын –педагогтың дүниетанымын мектеп мұғалімдеріне кеңінен дәріптеп таныстыру.

Бағдарламаның міндеттері: М. Жұмабаевтың тәлімдік идеяларын ғылыми-әдістемелік тұрғыда негіздеу. Бағдарлама бойынша 13 сағат теориялық, 8 сағат практикалық сабақтарға бөлінген.

Практикалық сабақтар Мағжан еңбектерімен танысу, өздік ізденіс жұмыс, шығармашылық тапсырмаларды орындау, пікірталас, сайыс, сұрақ-жауап, кездесулер т.б. формаларда ұйымдастырылды. Сонымен қатар әр түрлі тестік, көрнекілік әдістер қолданылды. Мұрағат материалдары таныстырылып, мұражайларға экскурсиялар жүргізу.

1-тақырып: “Мағжантану” арнаулы курс бағдарламасының мақсаты мен міндеті. 1 сағат.

М.Жұмабаевтың педагогикалық еңбектерінің негізінде мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру, сол арқылы оқушының адамгершілік, ұлтжандылық қасиеттерін қалыптастыру.

2-тақырып: Қазақстандағы ХХ ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік жағдай. “Алаш” партиясы “Қазақ” газеті. 2 сағат.

Қазақ халқының сол кездегі зиялы қауымының қалыптасуына Ресейдегі саяси ахуалдың әсері. Қазақ халқының жағдайы “Алаш” партиясының елдегі ахуалға әсері. “Қазақ” газеті және оның маңызы. М.Жұмабаевтың саясаткер болып қалыптасу кезеңі.

Семинар сабақ – 1 сағат. Мұражайға экскурсия.

3-тақырып: М.Жұмабаевтың өмірі мен қызметі, шығармашылығы. Педагог-тәлімгердің туып өскен ортасы. Өскен ортасының Мағжанның педагогикалық білім алуына әсері. Педагогикалық өмір жолы. Оның осы саладағы қызметі. Сол кездегі қазақ зиялыларының Мағжанға ықпалы.

“Мағжан туралы әңгіме” дөңгелек үстел 3 сағат.

4-тақырып: М.Жұмабаевтың педагогикалық психологиялық көзқарастары. Педагог-әдіскер-ғалымның бала тәрбиесіндегі психологиялық ой пікірлері. “Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз”, “Педагогика”, “Бала тәрбиелеу жолдары” т.б. еңбектеріндегі психологиялық көзқарасының қалыптасуына сол кездегі зиялы қауымның ықпалы. Қазақ еліндегі жағдай. “Педагогика”, “Бала тәрбиелеу жолдары” т.б. еңбектеріндегі бала психологиясы туралы мәселелер.

Психологиялық-педагогикалық ойын. 3 сағат.

5-тақырып: М.Жұмабаевтың “Педагогика” оқулығы және оның ерекшелігі. “Педагогика” оқулығының қазақ ұлт мектебінде алатын орны. Оның маңызы.

XIX-XX ғ.ғ. елдегі қоғамдық саяси жағдай. “Педагогика”, “Бала тәрбиелеу жолдары” т.б. еңбектеріндегі халықтық тәлім-тәрбие туралы мәселелері. Мағжан Жұмабаев еңбектерінің педагогика тақырыбымен ұштасуы. Адамгершілік, патриотизм, шыншылдық, ұлттық оқу-білім, мәдени ағарту мәселелері туралы. Поэзиясындағы тәрбие мәселелері. 3 сағат. Оның 2 сағаты лекция. 1 сағаты практика.

6-тақырып: Мағжан педагог-тәлімгер, әдіскер ұстаз. М.Жұмабаев педагог-әдіскер, тәрбиеші, психолог, азамат. Ұлттық педагогика мен психологиясына қосқан үлесі. Оның тәлімгерлік ойлары. “Педагогика” еңбегіндегі әдіскерлік қағидалары.

Бүгінгі қазақ мектебінің мұғалімдеріне Мағжанның тигізер әсері 2 сағат.

7-тақырып: Мағжан Жұмабаев педагогикасындағы ұлттық тәлім-тәрбие мәселелері. 3 сағат (2 сағаты – лекциялық, 1 сағаты – практикалық) Мағжанның педагогикалық еңбектеріндегі ұлттық тәрбие, психология мәселелері. Мұғалімдерге арналған әдіскерлік ой-пікірлері. Халықтық педагогиканың бала тәрбиесіндегі алатын орны.

8-тақырып: Мағжанның педагогикалық еңбектері және олардың ерекшеліктері. “Педагогика”, “Сауатты бол”, “Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы”, “Бала тәрбиелеу жолдары”, “Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз” т.б. еңбектеріндегі қазақ мектептерінде оқыту-тәрбие процесстерін баланың жан дүниесіне сай икемдеу, ұлттық менталитет қалыптастыру туралы 2 сағат.

9-тақырып: Мағжан “Педагогикасының” қазіргі таңдағы орны мен маңызы. 2 сағат. Егемен еліміздің білім беру саясаты, ұлттық мектептің негізін ойлағанда тарихқа бет бұрып, өткен ғасырлардағы қазақ зиялыларының еңбектері мен өмірі бүгін өз жалғасын табу қажеттілігі сөз болады. “Педагогика” оқулығының мұғалімдерге беретіні мол екендігі, оның бүгінгі оқу-тәрбие жағдайындағы өзектілігі, сабақты бүгінгі күн талабына сай өткізу мұғалімнің шеберлігімен біліктілігін қажет етеді. Ұлы ақын-педагогтың шығармашылығын оқыту барысында мұғалім адамгершілік, ізгілік, сұлулық идеяларын алға қояды. Алғашқы сабақтағы жауапты сөз - ақын өмірбаянымен таныстыру. Курс тыңдаушыларына осыған орай ақынның нәзік жан дүниесіне терең бойлап, оны оқушыларға қалай, қандай тәсілдер арқылы жеткізу қажеттілігін айту көзделеді. Тыңдаушыларға беймәлім әр түрлі естеліктер, күнделіктер, тарихи құжаттар, Мағжанның хаттары мен кейбір әдеби дүниелерімен таныстырудан бастау. Сонымен қатар мұғалімдерге Мағжан мұраларын оқушылардың өздеріне қалай игеру керек екендігін үйрету. Мұғалімдерге М.Жұмабаевты “жан жағынан” қарау қажеттілігі туады. Өйткені, Мағжанның өзі “сегіз қырлы бір сырлы” адам. Оның өмірі мен қоса ақындығы қаралса, келесі дәрісте мұғалімдерге оның түрікшілдігі, патриоттығы, жалпы азаматтық келбеті айтылады. Сонымен қатар, оның саяси жұмыспен айналысқаны да белгілі. Осыған орай “Алаш” партиясы мен сол кездегі мерзімді басылымдардың Мағжанның дүниетанымына әсері тарихи тұрғыдан айтуды қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде тарих және әдебиет пәндерінің мұғалімдеріне бұл тақырып кеңейтіле оқылады. Мұғалімдердің бойына Мағжанды “сіңіре” отырып, олардың ой

сезіміне ақын-ұстаздың отансүйгіштік, азаматтық қасиеттеріне көңіл аударту аса қажет

## 10 сыныпқа арналған “Мағжантану” Факультативтік оқу бағдарламасы

Мағжан Жұмабаев ұлттың ұлт болып қалыптасу үшін әуелі ұлттық мектептің қажеттілігін тоталитарлық заманның кезінде-ақ айтқанды. Дарынды ақын, ғұлама-тәрбиеші, педагог ұлттық тәрбие жүйесіне ерекше көңіл бөлгені белгілі. Ұлттық тәрбиеден нәр алып өскен бала, ертең өсе келе ұлттың жанапшыры, елін-жерін қорғаушы, патриот болып өсетіні ақиқат.

Мағжан өзінің бар шығармаларында өз қазақ халқын батырлыққа шындайды, адамгершілік пен инабатылыққа баулиды.

Өкінішке орай, кеңестік дәуір мектептерінде сынаржақ тәрбие болғаны белгілі. Ұлттық қағидалар, тарих аяққа басылды. Біз, өз ұлтымызға өзіміз менсінбей қарайтын болдық. Сондай тәрбиенің нәтижесінде қыңыр мінезді “мәңгүрттер” көбейді, қатыгездік пен без бүйректік етек алды.

Ұлы Мағжан сол кездің өзінде-ақ, егемендікті жырлап, егемен елдің егемен мектебінің болуын армандаған еді. Оның сол арманы енді ғана орындалғандай. Әсіресе, мектебіміздегі оқу-тәрбие үрдісін дұрыс жүргізіп, іске асыру педагогтардың парызы. Осы орайда, мектебімізден қоғамның ұлтжанды патриоттарын тәрбиелеп шығару, әрбір ұстаздың асыл парызы. Ад, оларды тек қана құрғақ сөзбен емес, кешегі өткен ұлтымыздың ұлыларының іс-әрекеттерімен өмірлерінің негізінде тәрбиелеп, оқыту негізгі міндет. Олардың өмірі мен творчествасы бүгінгі жас ұрпақтарға үлгі өнеге болуға тиісті. Сол себептерден оқу бағдарламасына ұлылар өмірі етек ену күн талабы.

Ұсынылып отарған, X-сынып оқушыларына арналған факультативтік оқу бағдарламасы жас жеткіншектерді Мағжан Жұмабаевтың азда болса, шығармашылық өмір жол мен, оның ұлы ойлары мен, саяси - әлеуметтік азаматтық позициясымен таныстырады.



## 2.2 Мектеп және колледж оқушыларына арналған “Мағжантану” факультативтік курс бағдарламасы

р/с	Тақырыптар	Сағат саны		Әдіс-тәсілдер
		Теория-лық	Практи-калық	
1.	Курс бағдарламасының мақсаты мен міндеттері	1		Лекция
2.	М.Жұмабаевтың өмірі мен заманы	1		Лекция
3.	XX ғ. басындағы қазақ халқының зиялы қауымының М.Жұмабаевқа әсері	2	1	Мұрағат, мұражай құжаттары
4.	«Қазақ» газеті мен «Алаш» зиялылары.	1	1	Мұрағат құжаттары
5.	М.Жұмабаев – ақын	6	2	Практикалық сабақ
а)	Мағжанның азаматтық көзқарасының қалыптасуы	2		Лекция
б)	Мағжан Алаш жыршысы, өз елінің патриоты	2	1	Әңгіме, сұхбат
в)	Мағжан поэзиясының өміршеңдігі	2	1	Жас ақындардың өлеңдерін тыңдау
6.	М.Жұмабаев - қазақтың педагог-ғалымы	3	1	Лекция
а)	М.Жұмабаев - ұстаз.	1		Лекция
б)	«Педагогика» оқулығы.	1		Лекция
в)	М.Жұмабаевтың ұлттық тәлім-тәрбие туралы ойлары	1	1	Сынып сағаты. «Мағжан тағылымы»
7.	М.Жұмабаевтың жастық шағы және табиғат лирикасы	1	1	Әңгімелесу. Абай мен Мағжан өлеңдерін, оқушылардың өз өлеңдерін оқу.
8.	Мағжан және қазақ тілі		1	Практикалық әңгіме. Тіл мәселесі туралы сұхбат.
9.	«Батыр Баян» поэмасындағы патриотизм	2		Лекция.
10.	М.Жұмабаевтың прозасы	1		Лекция-семинар
11.	М.Жұмабаев шығармалары және халық педагогикасы	1	1	Лекция, практика, пікірталас
12.	Абай мен Мағжан поэзиясының үндестігі	1	1	Лекция, практика, өлеңдерін сарптау, оқушылар өлеңдерін тыңдау
13.	Мағжан және қазіргі заман	1		Лекция-семинар
14.	Мен жастарға сенемін	1	1	Дискуссия, әңгіме
15.	М.Жұмабаевты еске түсіру. (М.Жұмабаевтың туыстары, журналист-жазушылар, репрессияға ұшырағандар мен М.Жұмабаевты зерттеуші ғалымдармен кездесу)		2	Қорығынды сабақ Кездесу. М.Жұмабаевты білетіндермен әңгімелесу.
	Барлығы	22	12	

## Бағдарламаның міндеттері:

1. М.Жұмабаевтың тәлімдік-педагогикалық мұрасының ұлттық педагогика-қадағи орнын көрсету.

2. М.Жұмабаевтың әдеби және педагогикалық еңбектерін оқушыларға тереңдетіп игерту. Бағдарлама 34 сағатқа шақталған (22 сағаты теориялық, 12 сағаты практикалық). Практикалық сабақта М.Жұмабаевтың еңбектері, архив құжаттары таныстырылып, сайыс, пікірталас, түрлі ойын, ашық сабақ, кеш, дөңгелек үстел, кездесулер ретінде өтеді. М.Жұмабаевтың көзі тірі туыстарымен сұхбаттасу, экскурсиялар ұйымдастырылып, бейнекөріністер қолданылады.

1 тақырып. “Мағжантану” курс бағдарламасының мақсаты. (1 сағаты теориялық лекция түрінде) оқушы жастарды М.Жұмабаевтың өмірінің негізінде Қазақстандық патриотизмге баулып, ізгілік пен адамгершілік қағидаларына тәрбиелеу.

2 тақырып. Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен заманы. М.Жұмабаевтың туып өскен ортасы. ХХ ғасыр басындағы қазақ еліндегі саяси-әлеуметтік экономикалық жағдайдың қазақ халқына әсері.

М.Жұмабаевтың ұлт зиялыларымен танысып білісуі. Ел тағдырының жазушылық-ақындық іске арқау болуы. 1 сағат.

3 тақырып. ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялы қауымы. 3 сағат. ХХ ғасыр басындағы Ресейдегі жағдайдың қазақ еліне әсері. Сол кездегі ұлт зиялыларының дүниетану көзқарастарының алғы шарттары. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, М.Сералин, Ш.Аймауытов тағы басқалардың өмірлік ұстанымдары. Олардың көзқарастарына ғасыр басындағы саяси уақиғалардың әсері. Оқу - білім арқылы қазақ халқын бостандыққа жеткізу идеяларының өміршеңдігі.

Практикалық сабақта қазақ зиялыларының өмірі мен шығармашылығымен танысып, мұрағат, мұражай құжаттарын талдау. ХХ ғасыр басындағы саяси ахуал туралы әңгімелесу.

4 тақырып. “Қазақ” газеті мен “Алаш” зиялыларының Қазақстандағы ХХ ғ. басындағы саяси ахуалға әсері. – 2 сағат.

“Алаш” партиясының құрылуы, алғы шарттары. Оның бағдарламасы, мақсаты мен міндеттері. Партияның көрнекті қайраткерлері. Олардың елдегі саяси ахуалға әсері. “Қазақ” газетінің елдегі саяси жағдайды халыққа жеткізудегі рөлі, ұлттық сана-сезімнің оянуына әсері.

Практикалық сабақ. Мұрағат, мұражай құжаттарымен танысу, “Қазақ” газетінің сол кездегі мақалаларын оқып үйрену.

5 тақырып. М.Жұмабаев - азамат, ақын. 8 сағат.

М.Жұмабаевтың азаматтық позициясының қалыптасуына әсер еткен факторлар. Елдегі 1905-1907 ж.ж. ұлт азаттық қозғалыстар. Ұлт

зиялыларының елдегі жағдай туралы үндеулері мен іс-әрекеттері. “Алаш” қайраткерлерінің қазақ халқын патша өкіметінің бұғауынан босату туралы күресі. Ақынның патриотизм, ел жер, туралы жырларының оқушы жастарға өңегесі.

Практикалық сабақ. М.Жұмабаевтың азаматтық бейнесінің қалыптасуына ықпал еткен факторлар жайында әңгіме. Оның патриоттық тақырыптағы өлеңдерін талдау, әңгімелесу. Жергілікті ақын-жазушылармен сұхбат. Оқушылардың өздері шығарған өлеңдерін оқытып, тыңдау.

*6 тақырып.* М.Жұмабаев - қазақтың педагогі, әдіскер ғалымы. М. Жұмабаевтың ұстаздық жолды таңдаудағы ортаның ықпалы. Оның алғы шарттары. Қазақ зиялыларының Мағжанға әсері. Алғашқы педагогикалық мақалалары мен еңбектері. 4 сағат.

“Педагогика” оқулығындағы тәлім-тәрбие, ұлттық психология, бала тәрбиелеу мәселелері. Пәндерді оқытудағы мұғалімнің жетекші рөлі. Бала тәрбиесі үлкен ұстаздық шеберлікті талап ететін өте жауапты іс екендігін айқындау.

“Педагогика” оқулығының бүгінгі таңдағы орны. Мағжан Жұмабаевтың тәлім-тәрбиелік идеяларының бүгінгі күн талабымен үндестігі.

Практикалық сабақ. М.Жұмабаевтың педагогикалық шығармаларымен танысу, әңгімелесу. “Мағжан тағылымы” (авторы С.Сенкібаев) тақырыбы бойынша тәрбие сағатын өткізу.

*7 тақырып.* Жастық шақ және табиғат лирикасы 2 сағат. Ақынның жастық шаққа, махаббат тақырыптарына арнап жазған өлеңдерінің мәнін ашып, оқу. Ақын үшін махаббаттың бір минуты “патша тағы, бүкіл дүние жолына” жетпейді деуінің маңызын ашу. Табиғат лирикасына арналған “Тұранның бауырында”, “Толқын”, “Көкшетау”, “Қысқы жолда”, “Жазғы жолда”, “Жазғытұрым”, “Қайың”, “Сел”, “Жаз келді” өлеңдерінің мазмұнын ашып, талдау. Мағжанның символизмі. Абай мен Мағжанның шығармашылық ұқсастығын салыстыра отырып зерттеу. Мазмұндық, құрылымдық, көркемсөз қолданыстағы ұқсастығын талдау.

Практикалық сабақ. Абай мен Мағжан поэзиясындағы ұқсастық әуенін зерттеп, салыстыру. Екі ақынның өлеңдерін 2 сыныпты 2 топқа бөле отырып, салыстырмалы тұрғыда оқып, үйрену. Ақындықпен әуес оқушылардың жазған өлеңдерін тыңдау.

*8 тақырып.* Мағжан және қазақ тілі. 1 сағат.

Мағжан Жұмабаевтың қазақ тіліне арналған өлеңдерін оқу. Тіл тағдыры - ел тағдыры. Қазақ тілінің қоғамдағы алатын орны. Тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті. Мағжанның “Педагогика” оқулығындағы тіл туралы айтқандары. “Тілдер туралы” Заңның орындалуы барысы жайлы әңгіме, диспут ұйымдастыру.

9 тақырып. “Батыр Баян” поэмасындағы патриотизм. 2 сағат.

“Батыр Баян” поэмасының шығу тарихы. Образды сомдаудағы ақын шеберлігі. Поэмадағы ұлт-азаттық тақырыбы. Батырлық пен патриотизм, махаббат тақырыптары. Абылай ханның ел бірлігін сақтаудағы рөлі.

10 тақырып. М.Жұмабаевтың прозасы. 1 сағат.

М.Жұмабаев шығармаларындағы адам тағдыры. “Шолпанның күнәсі”. Бақыт жолын іздеген әйел-ана образы. Шолпанның құрбан болуы. Қазақ әйелінің теңсіздік, еркіндік іздеуі, махаббат проблемасы.

11 тақырып. М.Жұмабаев шығармалары және халық педагогикасы. “Халық педагогикасы” ұғымы оны оқу-тәрбие ісінде пайдаланудың маңызы. “Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер”. Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы халықтық тәрбие туралы ойлар, оларды оқу-тәрбие ісіне пайдаланудың жолдары. “Педагогика” оқулығындағы халықтық тәрбие мәселелері. 2 сағат.

Практикалық сабақ. “Қызға қырық үйден тыю” тақырыбы бойынша диспут сабақ. Пікірталас тудыру.

12 тақырып. Абай мен Мағжан поэзиясының үндестігі. 2 сағат.

М.Жұмабаев Абайдың ізбасар шәкірті. Олардың поэзиясындағы (махаббат, жастық шақ, табиғат лирикасы) ұқсастық, үндестік.

Практикалық сабақ. Абай мен Мағжанның табиғат лирикасы, махаббат туралы өлеңдеріне талдау жасау, мәнерлеп оқу байқауын өткізу. Ақындық өнері бар оқушылардың өлеңдерін талдау.

13 тақырып. Мағжан және қазіргі заман. 1 сағат.

М.Жұмабаевтың қазақ халқының бостандығы туралы ойлары. Сол жолдағы күресі. Қазақ зиялыларының ел тағдыры туралы ойлары мен істері. Қазақстанның егемендік алуының алғышарттары, оның тарихи маңызы. Демократиялық, ізгілікті қоғам орнатудың проблемалары. Егемендіктің алғашқы он жылдығының жетістіктері.

14 тақырып. Мен жастарға сенемін. 2 сағат.

Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы жастар тақырыбы. Ондағы патриотизм, махаббат, шыншылдық, батырлық тақырыптары. Ақын өлеңдеріндегі жастарға деген сенім. Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан көтерілісіндегі қазақ жастарының рөлі. Ұлттық сана сезімінің оянуы. Қазіргі жастардың ой-арманы.

Практикалық сабақ. Мағжан Жұмабаевтың жастарға арналған өлеңдеріне шолу. “Жастардың жаңа демократиялық қоғам орнатудағы рөлі” атты диспут ұйымдастыру. Өңгімелесу.

15 тақырып. Мағжан Жұмабаев туралы есте қалғандар. 2 сағат. (Қорытынды сабақ) (М.Жұмабаев шығармашылығымен айналысқан, оны білетін туған-туыстары, журналистермен кездесу).

Практикалық сабақ. М.Жұмабаевтың туыстары, көзі көрген адамдарымен сұхбаттасу. Оның өлеңдерін мәнерлеп оқудан сайыс

сабағын өткізу. М.Жұмабаев өмірінің қазіргі жастарға өнегесі. Мұрағат материалдарымен танысып, сараптау. “Мағжантану” бағдарламасының ұстаздар шығарма-шылығына әсерінің оң болғанын көру үшін сабақ жоспарының бір ықшамдалған үлгісін ұсынуды жөн көрдік.

4-сыныпқа М.Жұмабаевтың “Қарағым” атты өлеңін өтуге арналған (біздің басшылығымызбен) сабақ үлгісін ұсынамыз.

Сабақтың тақырыбы: “Қарағым” (М.Жұмабаев)

Сабақтың мақсаты: Оқушыларды адамгершілікке, ізденімпаздыққа, тапқырлыққа, ұқыптылыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу.

**I дидактикалық кезең:** оқушының танымдық қасиетінің түрткісі.

**а) Жұмбақ:**

Ақыл-ойдың шырағы,

Қанбайды адам құмары.

Шешуі: Оқу-білім. Балалар жұмбақты шешкен соң, сол тақырыпта ой толғаныс ұсынылды.

**б) Ой толғаныс:** Оқу-білім дегеніміз - ...

1-бала:

Оқу - білім бұлағы

2-бала:

Білім өмір шырағы.

3-бала:

Оқу түбі - тоқу

4-бала:

Оқусыз білім жоқ,

Білімсіз күнің жоқ.

5-бала:

Оқу - білім азығы

Білім - ырыс қазығы.

6-бала:

Оқу інемең құдық қазғандай

7-бала:

Ақыл - тозбайтын тоң,

Білім - таусылмайтын кен. М.Жұмабаевтың 100 жылдығына арналған бейнетаспадан үзінді көрсетілді.

**II. Дидактикалық кезең:**

- Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында әлжуметтік бейне жасау (ақын, мұғалім рөлінде бірнеше оқушы өздері қалағал Мағжанның өлеңдерін кезектесіп оқыды) Өзге оқушылар өлеңнен мақал-мәтел, қанатты сөздерді тауып, мағынасын түсіндірді.

### III. Дидактикалық кезең:

#### I. “Қарағым” және “Балаларға өсиет” өлеңдерін оқу.

М.Жұмабаевтың өлең жолдарымен сабақты қорытындылау. Оқыту - үлкен шеберлікті талап ететіні сөзсіз. Мұғалімге білім ділікпен бірге шеберлік, яғни өзі білетін білімін бала бойына дарыға алатындай шебер болуы қажет. Оқыту жүйесі баланы жәй ғана білім алуға үйрету емес, сонымен бірге ойлай білуге үйретуі шарт. Олай болмаған жағдайда алынған білім бала бойында ұзақ сақталмайды. Яғни, білім жаттанды болмақ. Сол себептен де сабақ барысында оқушыларды ойландыра отырып оқыту, өздік білім алуға үйрету мұғалімнің басты тәсілдерінің бірі болғаны дұрыс деп ойлаймыз. Жалпы, Мағжанды елің, жерің, ұлтын сүйген шынайы патриот азамат қайраткер ретінде көрсету тек қазақ әдебиеті пән мұғалімдерінің міндеті ғана емес, ол қоғамдық пәндердің бәріне ортақ міндет. Әсіресе әдебиет пен тарихты бір-бірін толықтыратын тығыз байланыстағы пән ретінде қарастыруда М.Жұмабаев мұралары өте қолайлы. Қазақстан тарихының әрбір тақырыбының өзі, ондағы оқиғалар ұлттық тәлім-тәрбиеге, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа негізделген. Мысалы, 8 сыныптың “Қазақстан тарихы” оқулығындағы қазақ халқының қалыптасуы, қазақ хандығының құрылуы туралы материалдарды өткенде оқушыларға қазақ хандары қалай сайланатындығын, кімдерден сайланатындығын, әр жүздің руларын білу талап етілді. Батыр бабалар ерлігі мен батырлығы арқасында ұлан байтақ даланың сақталуын оқушыларға түсіндіріп жеткізе отырып, оларды шынайы отаншылдыққа, патриотизмге тәрбиелеу ісі көзделеді. Осы жерде М.Жұмабаевтың көп шығармаларын баспылыққа алуға болады. Атап айтқанда “Батыр Баян” поэмасының желісінде түсірілген фильмнің үзінділері көрсетілді. Я болмаса, осы поэмадан шағын көріністер оқушылардың қоюында сабақ процесінде көрсетіледі. Соңынан оқушылармен сұхбаттасу, әңгіме жүргізіліп, олардың ел жер, батылдық, махаббат туралы ойлармен пікір алмасуға мүмкіндік туғызылды. Оқушыларға күні бұрын сұрақ-анкеталар үлестіріліп берілді. Мәселен төмендегідей:

1. Қазақ халқы өзі еан жағынан аз болса да, ұлан байтақ жер иемденгісі келді. Сол үшін талай қан төгіс соғыстар болды. Мындаған халық қырылды. Осының не керегі бар еді?

2. “Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді” деген мақалдың мағынасы неде?

3. “Батыр Баян” қыз үшін елің, жерің тастап қашпақ болған Баян туралы сен не ойлайсың?

а) Бұл күдіретті махаббаттың күші ме; б) Батырлықпа, аңғалдық па?

в) Сатқындық, опасыздық па? Ойыңды дәлелде.

Осы арада сынып арасында үлкен айтыс туады. Бірінші топтың оқушылары Баянның бұл ісін батырлық, махаббатты жоғары дәріптегендік,

ондай өжеттік екінің бірінің қолынан келе бермейді, әсіресе, қазіргі жігіттер өз махаббаттары үшін күресе алмайды, жоғары сезім сүйініш пәктік жоқ деген ойларды айтады. Екінші топ оқушылары керісінше, бұл сатқындық, опасыздық, ынжықтық, қайдағы бір қалмақтың қызы үшін бүкіл халықты, елді, жерді сатып кетті деген уәж айтады. Тағы да қарсы топ, “Сен өзіннің сүйген қызың үшін, махаббат үшін сондай батырлыққа барар ма едің?” - дегендей қарсы сұрақтар қойып, қызу талас туындады. Мұның өзі оқушыларды, отансүйгіштікке, пәктікке тәрбиелейді.

Сондай-ақ, II сыныпта “Қазақстан тарихы” пәнінде “1930 жылдардағы Қазақстандағы репрессия тақырыбында жазықсыз құрбан болған ұлтымыздың бір туар ұлдары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтың жазықсыз репрессияға ұшырауын тоталитарлық заманның құрбандары болғаны айтылып, олардың не үшін қуғындалғандары түсіндірілді. “Мағжантану” арнайы курсының негізінде өтілген ашық сабақ. Оқушыларға реферат, баяндамалар қосымша сұрақ-тапсырмалар беріледі, мұрағат материалдарын іздестіру істері жүктеледі. М.Жұмабаевтың туыстарың, оны көрген, білген адамдарды іздестіру, өлеңдерін іздеп, табу, жаттау практикалық іс-шаралар оқушылар өміріне ерекше әсер етеді. Олар өмірге басқаша көзқараспен қарайды. Мағжандай азамат болуға, ақын болуға, елің, жерін сүюге, батыл болуға тырмысады.

### **2.3 “Мағжантану” арнаулы курс бағдарламасы негізінде жасалған сұрақ тапсырмалар**

1. XIX-ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Ресейдегі саяси жағдайдың Қазақстанға әсері қандай болды?

2. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси-әлеуметтік жағдайлар?

3. “Алаш” партиясы мен “Қазақ” газеті және олардың ұлт-азаттық саяси қозғалысына тигізген әсері мен рөлі?

4. XX ғасырдың басындағы Қазақстанда оқу-ағарту саласындағы ой-пікірлердің дамуы қалай болды және оның басында кімдер тұрды?

5. Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық ой-пікірлерінің қалыптасуына кімдердің көз қарастары әсер етті және оның педагог болуының себебі неде деп ойлайсыз?

6. Мағжан Жұмабаевтың халықтық тәлім-тәрбие туралы ой-пікірлерін оның қандай еңбектерінен көруге болады?

7. “Педагогика” еңбегі қай жылы жарық көрген? Оның құндылығы мен маңызы неде?

8. Мағжан Жұмабаевтың ұлттық педагогика мен психологияға қосқан өзіндік үлесі және оның маңызы.

9. Мағжан Жұмабаевтың педагогика саласына арнап жазған қандай еңбектері мен мақалалары бар? Олардың педагогикаға тигізген әсері?
10. Мағжан поэзиясында оқу-ағарту проблемалары қалай көрсетілген?
11. Мағжан Жұмабаевтың ұлтжанды азамат екендігін неден көруге болады?
12. Бүгінгі күнде халық-педагогикасының қажеттілігі неде, оның манызы мен мақсаты қандай болу керек?
13. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының Педагогикаға қосқан үлестері?
14. Мағжанның психолог екендігін қандай еңбегінен көруге болады?
15. Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық шығармашылық өмір жолы неден, қалай басталған?
16. Бүгінгі таңда Мағжанның педагогикалық идеялары қалай орындалуда?
17. Қазақстан мектебі мен ондағы оқу-тәрбие ісі егеменді ме?
18. Қазіргі таңда Мағжан арманы толық орындалды деп айтуға бола ма?
19. Оқушыларға этномәдени білім беруді, оқу-тәрбие жұмысын гумандандыру мәселелерін қалай түсінесіз?

## 2.4 Сауалнама: “Мұғалім және құндылық бағдарлары”

1. Мектепте неше жыл еңбек етесіз?
2. Жұмысыңыздың мәнін неден көресіз?
3. Оқушының пәнге көзқарасын қалыптастыруда жетекші ролді не атқарады?: пәннің мазмұны, мұғалімнің пәнге, оқыта білуі, мұғалімнің жеке тұлғасы, мұғалімнің оқушыға қатынасы, ұлты, қазақ тілін білуі (маңыздылық дәрежесіне қарай анықта).
4. Жұмысыңызда қандай стильді ұстанасыз? Авторитарлы, либералды, демократиялық? (астын сызыңыз).
5. Мұғалімнің мамандығында келесі параметрлер қаншалықты маңызды:
  - пәнді білуі, ұлттық мәдениеттің элементтерін білу;
  - өз пәніне ынтаны туғыза білу;
  - қазақ халқына, мәдениетіне оң көзқарас;
  - сыртқы түрі;
  - талап ете білу қасиеті;
  - оқушының ар-намысын сыйлау;
  - әдептілігі;



- баға қоюдағы шынайылығы;
- оқушылармен ресми емес деңгейдегі қарым-қатынас;
- кең эрудиция, жалпы мәдениетінің жоғарылығы;
- қарым-қатынас стилі;
- моральдік адамгершілік қасиеттері;
- оқушыны түсіну;
- балаларды түсіну;
- мейірімділік;
- патриотизм мен интернационализм.
- Тағы не?
- Өзінде қандай адамгершілік қасиеттерді құрметтейсіз?
- Сіз шығармашыл мұғалімсіз бе? Шығармашылығыңыз неден көрінеді?

Осыған орай мұғалімдерге “Мағжан – Алаштың ұлы азаматы, пайғамбар ақын” – деген тақырыпта, сабақтың жоспарын жасап, қорғауды ұсынамыз.

Топқа бөлінген мұғалімдер ең алдымен сабақтың тақырыбын екіге бөледі.

- 1) Мағжан – Алаштың ұлы азаматы.
- 2) Мағжан – пайғамбар ақын.

Ұстаздар өз шеберліктерін көрсете отырып, тақырыпты пікірталас, конференция сабағы ретінде ұсынатындарын айтады. Курс барысында мұғалімдермен қосалқы әдістер арқылы, М.Жұмабаевтың шығармашылығына байланысты басқада жұмыстар жүргізіледі.

### “М.Жұмабаев – педагог және тәрбиеші” тақырыбына оқушылар мен ата-аналар үшін экспресс сауалнама.

1. М.Жұмабаевтың туған және балалық шағы өткен облысты атаңыз?
2. Ақын білімді қашан және қайдан алды?
3. Сіздер Мағжанның шығармашылығына әсерін тигізген орыс және басқа да шет ел әдебиетінің туындыларын білесіз бе?
4. М.Жұмабаев өмірінің Петропавлдық кезеңі туралы не білесіз?
5. Мағжанның педагогикалық қызметінен өзің білетін бір айғақты атаңыз?
6. Сіз Мағжан Жұмабаевты қазақ тілінің мұғалі ретінде танырма едіңіз?

7. Мағжанның қандай тұлғалық сипаты сізге ұнар еді?
8. 1930 ж. репрессиялар болмағанда ақынның болашағы қандай болар еді?
9. Мағжан Жұмабаевтың ең белгілі шығармаларып атаңдар.
10. Мағжанның поэзиясы қандай рухани-адамгершілік құндылықтарды жырлайды?
11. Арнайы курспен айналысудың рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудағы маңызы қандай?
12. Оқушылардың белсенділігі қандай?
13. Арнайы курс сабақтары Қазақстандық отансүйгіштікті, жерлес-ақын үшін мақтаныш сезімді қалыптастыра ма?
14. Оқушыларды әлеуметтендіру барысында белсенді позицияны тудыруға сабақтар қандай дәрежеде ықпал етті?

Жоғары сынып оқушылары ата-аналарына арналған  
экспресс-сауалнамалар:

1. Жасы \_\_\_\_\_
2. Білімі \_\_\_\_\_
3. Қызмет түрі \_\_\_\_\_
4. Сіз Мағжан Жұмабаевтың творчествасымен таныссыз ба?
5. Егер таныс болсаңыз өзіңізге белгілі туындыны атаңыз.
6. Сіздің пікіріңізше Мағжанның поэзиясында рухани-адамгершілік бастама бар ма?
7. Мағжанның “Қазақ тілі” өлеңіндегі қай сөзі қазіргі кезде ең өзекті саналады?
8. Жас ата-аналар баланы тәрбиелеуде халық педагогикасына арқа сүйеу керек пе?
9. Сіз өзіңізді 30-жылдардағы репрессияға ұшыраған қазақ зиялыларының шығармашылығынан мақұрым қалған ұрпаққа балайсыз ба?
10. Сіздің балаларыңыз бен немерелеріңіз осы адамдардың шығармашылығымен таныс болғанын қалайсыз ба?
11. “Мағжантану” арнайы курсы сіздің балаларыңыз үшін артық оқу жүктеме болады деп санайсыз ба?

### **3 М.Жұмабаев шығармашылығы негізінде оқушыларды Қазақстандық патриотизімге тәрбиелудің мүмкіндіктері**

#### **3.1 Мектеп оқушыларымен студенттерге арналған тәрбие сағатының үлгісі**

- Мақсаты: -М. Жұмабаевтың халықтық тәлім - тәрбиелік ойларының негізінде, оқушылар бойына адамгершілік инабаттылық, Отансүйгіштік қасиеттерді дарыту;
- Сұлулық сезімдерге, шынайы махаббат, батылдыққа баулу;
  - Халық педагогикасын пәндер арқылы үйреніп, өмірде қолдана білуге жаттықтыру.

Тәрбие сағатын өткізудің әдіс-тәсілдері.

#### ***I. Сахналық көрініс түрінде өткізіледі;***

- “Дөңгелек стол” басындағы сұхбат.
- Сұрақ-жауап. Диспут.
- Тарихи-географиялық саяхат.

#### ***II. Көрнекті жабдықтар, құралдар:***

- 1.М.Жұмабаевтың портреті. (1893-1938ж.ж.).
- 2.Мағжанның өлеңдерінен үзінділер, цитаттар жазылған плакаттар. (“Мен жастарға сежемін” т.б.).
- 3.“Мағжан жүрген жол” – тарихи географиялық саяхат картасы.
- 4.“Қазақ” – газетінің көшірмелері.
- 5.Мағжан туралы әр жылдары шыққан, әдеби шығармалар, еңбектер, “Педагогика” оқулығы.
- 6.Техникалық (аудио-видео) құралдар.
- 7.Музыкалық аспаптар.
- 8.Сол замандағы қазақ зиялыларының портреттері мен еңбектері.
- 9.“Желтоқсан” құрбандарының портреттері.

#### ***III. Әсем безендірілген сынып (акт залы).***

Киіз үй формасындағы сахна.

... Күңірене шыққан Құрманғазының “Қайран шешем” күйі. Сахнада абақты бейнеленеді. Темір тор. Май шам. Күңгірт. Темір тордың ар жағынан күңіренген үн естіледі: Мағжанның “Сағындым” өлеңін теміртордың артынан I оқушы оқиды. (Мағжан рөлінде).

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,  
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.

“Қарашығым, құлыным!” -деп зарлаған  
Алыстағы сорлы анамды сағындым.  
Жатқан үйім – қабырғасы қара тас,  
Жарық сәуле, жылы күнге жаны қас.  
Ауыр иіс, ылғи қара көлеңке,  
Ерте-кеш те, күндіз-түні арылмас.  
Тапал, салқын, тым қараңғы үңгір тар,  
Есігімде мықты қара құлып бар.  
Кіп – кішкентай терезелер темірлі,  
Мұндай үйден кімге естілер ащы зар!

Өлең оқылып жатқанда бейне фильм “КарЛИАГ” т.б. көрсетіледі. Өлең жолдары оқылған сайын дауыс жігерлене, өршелене түседі. Күй үніде күшейе түседі. Ана бейнесі шығады. Шаршаған, қажыған ана, қоңыр үнмен:

Құлыным, ботам...!  
Мағжаным! Қу тағдыр, басыңа қайғы түсірді – ау ...  
Зар заман... Аясаңшы, ботамды,  
Мағжаным, жаным, қайдасың?  
Қарашығым, құлыным...

Ана, бүгіліп, дауыс қылып зарлап, жылайды. Ана бейнесі өте бере, қайтадан Мағжан өзінің “Сағындым” өлеңін жалғастырып оқиды. “Қайран шеше” күйі орындалып тұрады.

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,  
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.  
“Қарашығым, құлыным!”-деп зарлаған  
Алыстағы сорлы анамды сағындым...!

Өлең біте бере май шам өшіріледі. Музыка үні бәсеңсиді. Сахнаға студент /оқушы/ шығады. Ол Мағжанның “Мен кім” деген өлеңін мәңірлеп оқиды:

“Арыстанмың, айбатыма кім шыдар?  
Жолбарыспың, маған қарсы кім тұрар?  
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулегең,  
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?  
...деп әрі қарай өлең оқыла береді.

Жүргізуші ұстаз /оқытушы/:  
- Сонымен балалар, бүгінгі тәрбие сағатымыздың басты кейіпкері кім деп ойлайсыңдар?  
Оқушылар /студенттер/:

- Мағжан Жұмабаев.

- Дұрыс.

Жүргізуші ұстаз:

- Жалпы М.Жұмабаев кім, не қылған адам?

1 оқушы: Жаңағы, Марат оқыған “Мен кім” өлеңінде Мағжан өзінің кім екендігін айтып кетті. Жалпы, ұлылар өз төреліктерін тарихта өздеріне өздері берген. Оған Пушкинді, Лермонтовты, Байронды т.б. ақындарды жатқызуға болады. Мағжан өзі айтпақшы, ол арыстан, дауылпаз да қаһарлы ақын, ол тұлпар, шабысынан бір танбаған. Ол азат өмірді, елдің егемендігін аңсап, жырлап өткен айбарлы ақын!

2 оқушы: Мен, Мағжанның жерлесі болғанымға өзімді бақытты санаймын.

Ұстаз: Ендеше М.Жұмабаев өмірінен сыр шертсең...!

2 оқушы: Мағжан Бекенұлы Жұмабаев – Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Мағжан ауданы, “Мағжан” ауылында 1893 жылы дүниеге келген. Әкесі ауқатты кісі болған. Төрт жасында ауыл молласынан хат танып, 1905 жылы Петрпавлдағы медреседе оқиды. 1910 жылы, Бекмұқамбет Серкебаевпен бірге, Уфадағы “Медресе-Ғалияға” оқуға түседі. Сонда жүріп Б.Майлинмен тағы басқа ақындармен танысады. Осыдан соң Омбыдағы мұғалімдер семинариясына түседі де, оны бітірген соң мұғалім боп еңбек етеді. 1912 жылы “Шолпан” атты өлеңдер жинағы шығады.

Жүргізуші: - Мағжанның осы жинағынан кім өлең оқыр еді. Майра, оқиғой: Бұл оқушы Мағжанның “Махаббат не?” өлеңін мәнерлеп оқиды.

Махаббат – бір тікеңек,  
Жүрекке барып қадалар.  
Бақытсыз ғой бұл жүрек,  
Тамшылап одан қан ағар...

Тез жазылмақ бұл жара,  
Бал тілімен сүйсе жар.  
Сүймесе жүрек, дариға,  
Өлер жүрек, қансырар.

Махаббат – бір тәтті у.  
Ішер жүрек, болар мас,  
Дүниедегі у мен шу  
Мас жүректі оятпас.

Жүргізуші: - Мағжан қандай ақын?

Оқушылар: - Лирик ақын, Символист, жалынды, реалист ақын,  
сезімтал ақын. Оны оның сыршыл өлеңдерін оқығаннан білеміз...

Оқушы: Мағжан ең алдымен азамат: ол елін сүйген патриот, қазақ халқы үшін өз жанын пайда еткен. “Ұлтым”, “қазағым”, - деп түрік елін жырлап өткен. Тотаритарлық жүйемен батыл күресіп өткен, халықтың батыр ұлы.

Оқушы: М. Жұмабаев НКВД-ың қолына бірінші рет 1929 жылы шілдеде түседі. Сонымен қатар, 1930 жылдары ұлтымыздың бір топ зиялылары А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Сейфуллин, Ж. Аймауытов т.б. тұтқындалады. Сахнада 1929 жылғы сот процесінің көрінісі. Москва. Біріккен саяси басқарма (ОГПУ). Тергеу үсті.

М. Жұмабаевтың бейнесі. Беті ісік, түрі жүдеу. ОГПУ тергеушісі, сұсты, қатал үнмен:

Мағжан Бекенұлы Жұмабаев, 1893 жылы Акмола губерниясында бай болыстың семьясында туған. Ұлтты қазақ. Ол үкіметке қарсы “Алқа” үйірмесін ұйымдастырушылардың бірі және оның белсенді мүшесі. “Алқа” үйірмесін ұлтшылдардың жасырын ұйымы. Ол ұйым, совет үкіметіне қарсы қастандықтар ұйымдастырған. Жұмабаев жат пиғылды, революцияға қарсы, еңбекшілер үкіметін жек көретін адам. Барып тұрған халық жауы. Жұмабаевтың айыбы:

Ол жасырын қазақ ұйымына енген және оны ұйымдастырушысының бірі.

Жасырын түрде ұлтшылдық “Алқа” ұйымын ұйымдастырған, қазақ әдебиетіне, баспасөзге сол арқылы теріс ықпал жасаған. Қылмыстық істер кодексінің 58 бабының 7,8,11 тармақтарына сай М. Жұмабаев атылсын.

1930 жыл Москва, 12.03. Бутырка,  
ОГПУ шығыс бөлім бастығы: Павлов.

Тергеуші Мағжанды итеріп әкетеді.

Жүргізуші: Иә, осындай әділетсізде, қатал заманда қорықпай өмір сүру екінің бірінің қолынан келеде бермеді. Кейіннен Мағжанның ату жазасы 10 жыл концлагерге ауыстырылып, М. Горькийдің көмегімен 1936жылы мерзімінен бұрын шығады.

Осы арада “Алжир” т.б. 1930 жылдардағы қызыл террорды суреттейтін бейне фильмдер жүріп, көрсетіліп тұрады. М. Дулатовтың “Қайда едің” әні домбыра мен айтылады. Ол ән болмаса басқа әнді айтуға болады.

Оқушы: - Дегенменде, қызыл террорға құныққан жауыздар М. Жұмабаевтың түбіне жетпей қоймады. 1937 жылдың 28

желтоқсанында ол екінші және соңғы рет тұқындалады. Жазушы Досжановтың айтуы бойынша Мағжанның зертті көп уақытқа созылған жоқ. Ол, небары екі тергеуден-ақ өтедіде, тергеу аяқталмастан 9 күн бұрын үкім шығарылып қойылады.

Сахналық көрініс. Майшам. Темір тор.

ОГПУ тергеушісі - № 377 хаттаманы қатал үнмен оқиды: Сахнада жүдеу тартқан Мағжан.

“М. Жұмабаев - контрреволюционер, совет үкіметіне қарсы астыртын ұйым құрып, шет ел пайдасына шпиондық арандатушылық іспен айналысты. Қылмысты істер кодексінің 58 статьясының 7,8,10,11 баптары бойынша қылмысты деп танылып, ату жазасына кесілсін”. М. Жұмабаевты жұлқылап сүйретіп әкетеді.

М. Жұмабаев рөліндегі оқушы /студент/ темір тордың арғы жағынан Мағжанның өлеңін оқиды.

Оқушы: - М. Жұмабаевтың атылу актысын оқиды:

“Жұмабаев Мағжан Бекенұлы № 377 хаттама қаулысы бойынша, үкім жүзеге асты, 1938 жылы 19 наурызда атылды. Кіші лейтенант Гайков”.

Сахнада бір сәт үнсіздік. Құрманғазының “Қайран шешем” күйі орындалуда. Оқушы сол-тұрған орнында:

Қайран, Мағжан!...

Қанша қайғы тартсан да, елің үшін майыспай өткен ер жүрек асыл ағам-ай! Сенің үнің, ісің ғасырларға жалғасады!

Оқушы: - Қайғыланба, соқыр - сорлы шекпе зар,

Мен-Күнұлы, көзімде Күн нұры бар,

Мен келемін, мен келемін, мен келем,

Күннен туған, Ғұннан туған пайғамбар!

Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,

Надан адам өлім жоғын білмейді.

Өзім патша, өзім қазы, өзім би,

Қандай ессіз не қылдың деп тергейді!?

Музыка үні. Оқушы сахнаға шығып: Иә, Мағжан өлгенмен оның аты, ісі өлмейді. Қуанышты үнмен:

1960ж. Түркістан әскери трибуналының шешімі:

Мағжан Бекенұлы Жұмабаев ісі қаралды. Оның ісінде ешқандай арандатушылық жоқ. Совет үкіметіне қарсы астыртын ұйым құрмаған. Жазықсыз атылған. М. Жұмабаев осыған орай ақталсын.

Оқушы /студент/: - Мағжан аға! Сіз бір кездері басыңызға қайғының кара бұлты үйірілгенде “Меніде, кейіннен бірәуелер еске аларма екен” - деп жырлап едіңіз. Біз сізді ешқашан ұмытқан емеспіз.

Оқушы: - Иә, талай боздақтар жазықсыз жапа шегіп, атылып кетті. Алайда олардың өлімі бекер болмады. Бүгін олардың арманы орындалды. Біздің еліміз егемендік алды. Лайым оның ғұмыры ұзақ болғай!

Сахнада музыка үні әуелейді. Көңілді әң, биге ұласады. Бәрі қосылып “Менің Қазақстаным” әнін орындайды.

**Жүргізуші:** Балалар, Мағжан сонымен бірге педагог болған.

**Оқушы:** - Ең басты педагогикалық еңбегі “педагогика” оқулығы. Бұл еңбегін Мағжан 1922 жылы жазған. Сонымен бірге “Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз”. “Бастауыш мектепте ана тілі”, “Бала тәрбиелеу жолдары”, “Сауатты бол” сияқты ірілі ұсақты еңбектер жазған.

**Жүргізуші:** - Дұрыс. Рахмет. Мұндағы негізі ойлар: Адамгершілік, инабаттылық, мәдениеттік, патриотизм, ұлтжандылық, оған деген сүйіспеншілік, оқу-білім, өнер, адалдық, азамат деген ардақты атты биік ұстау. Міне, Мағжан тағлымдары осындай.

**Оқушы:** - Мағжан ағаның “Ләззат қайда” деген өлеңі бар, соны оқып берейін:

Айтар сөзім мінекей,  
Аласұрған көңілге.  
Оқу оқы, өнер қу,  
Басқалардан түңіл де!  
Жұрттың қамын көп ойла,  
Уайым – қайғы жеп ойла!  
Артта қалған сорлы жұрт  
Алға бассын деп ойла! (М.Жұмабаев)

**Жүргізуші:** Рахмет. Әрине, Мағжанды бір ғана сағатта оқып, білуге болмайды. Оны жылдар, ғасырлар бойы оқып үйренуіміз қажет. Біз бүгін Мағжанның қысқа да болса өнегелі өмірі мен тағылымдарына шолу жасадық. Мағжан өмірі бәрімізге өнеге. Ол батылдыққа, үлкен адамгершілікке, ұлылыққа шақырады.

Мағжандай асыл азаматтар сендердің де араларыңда бар!

Мағжандай, елдің мақтанышы болыңдар!

Мұғалім М. Жұмабаевтың “Қазағым” деген өлеңін оқумен сынып сағатын аяқтайды. Сынып сағатына қатусышылар Н. Назарбаевтың сөзіне жазылған “Елім менін” әнін орындайды. Мұғалім өздік оқуға тапсырмалар береді. Сынып сағаты, әнге ұласады.

### 3.2 Мағжан тағылымдары

М. Жұмабаевтың тәлімдік ойларын мектеп оқушыларымен студенттерді тәрбиелеу барысында пайдалануға болады.

1. Тәрбие төрт түрлі:

Дене тәрбиесі

Ақыл тәрбиесі

Сұлулық тәрбиесі

Құлық тәрбиесі



..... Балам адам болсын деген ата-ана осы 4 тәрбиені дұрыс орындасын...

2. Тәрбиеден мақсұт адамды, һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу...

3. Бала тәрбиесі бір өнер, болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер...

4. Тәрбиеден мақсұт баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес. Келешек өз заманына лайық қылып шығару...

5. Әрбір тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. ...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті.

6. Ата-ана жас баланы тәрбие қылғанда күшінің көбін баланың дене тәрбиесіне жұмсауға міндетті.

7. Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды.

8. Баланы таба білсең, ерінбей дұрыс баға біл.

9. Қазақ баласының ауру болуы, көбінесе осы талғамай тамақ жегеннен болады...

10. Қазақ қатыны! Өзінде өзінің қастығын болмаса, балаңның аузын астан алмай, аспен ұрып жығып, болмаса тамақ бермей, аштан қатырып, талдырып ұйықтатып бала асырауыңды қой. Тамақты тәртіппен берсең, балаңның дені сау болады.

11. Тамақты тәртіппен ішіп үйренген балаңның мінезі де дұрыс болады.

12. Қазақ әйелі! Балаңда қасың болмаса тәрбетпе баланы.

13. Бесік – балаңның жататын орны. Естен тандырып, талдыратын орны емес.

14. Адам баласы мал баласы емес, баланы жақсылап бағу керек.

15. Балам мешел болмасын десең, балаңды дұрыс күт...

16. Адамның өзін - өзі, яғни, өз қатесін өзі көре білуі оның жанының иделға, қасиетті қияға ұмтылатын мінезі барлығын көрсетеді.

17. Балаға насыбай атқызуға, шылым тартқызуға жарамайды.

18. Балаға алкоголь, яғни мас қылатын арақ тұқымды нәрсені ішкізудің дұрыс еместігі өз-өзінен белгілі түр...

19. ...“Жасында қалжың болсаң, өскенде мылжың боларсың” – деген мақала ып-ырас...

20. Жас балаларды жиі - жиі жұмыссыз шынықтыру керек.

21. Баланы ең қажытатын нәрсе – тек отыру.

22. Баланы шынықтыру дегенде оны таза ауада ойнату, таза ауада гимнастика жасату деп ұғу керек.

23. ...Ақыл ішкі сезім, қайрат үшеуін бірдей тең тәрбие қылу – тәрбиешінің міндеті.

24. Бір адамның осы үш тал жан көріністері тең болмай, біреуі таразының басын билеп кетсе, ол адам бақытты болмақ емес.

25. Сурет салу баланың көру сезімін ұлғайту үстіне әдемілік сезімін де ұлғайтады...

26. Баланың есту сезіміне аса көп әсер беретін – бесік жыры.

27. Баланы қолына алған, баланың бесігі жанына келген ана аузына тас салғандай үндемей отырмасын. Жырлай берсін.

28. Жас балаға қазақтың “әлди-әлди, ақ бөпем” деп басталатын ескі бесік жырын жырлау керек. Бұл жырдың күйі де, сөзі дә тәтті...

29. ...Баланың еті жақсы өсіп, берік болсын деген тәрбиеші баланы ойыннан қыспау керек...

30. Қазақтың неше түрлі ырымдары қате ұғынудан туған. Тәрбиеші баланы осы қатеден, яғни ырымшыл болудан сақтау керек.

31. Баланың ойынына үлкен адам кіріссе, балаға ойынның қызығы бітеді. Ойын – баланың өз ісі. Баланың ойынына кірісуші болма.

32. ...Тәрбиеші баланың дұрыс ойлап, үйренуіне көп күш жұмсау керек.

33. Тәрбиеші баланың ойын жетектемесе, бала ұғымды, хукімді теріс жасауға, қате ой шығаруға үйреніп кетеді. Мұндай бала тар ойлы, соқыр сенгіш, ырымшыл адам болып шығады.

34. ...Тілсіз ұлт – тілінен айырылған ұлт, дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу.

35. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді.

36. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті.

37. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай.

38. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ.

39. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік елінің келешек тарихында қазақ ұлты төрден орын алмақшы.

40. Бала тілінің дұрыс өркендеуінің бірінші шарты, балаға сөзді бұзып сөйлемей керек.

41. ...Балаға ұқпайтын жат сөз үйретпей керек.

42. Баланы ешбір уақыт сөзден тыймау керек.

43. Баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын мектеп.

44. Ата-ана қатал болса, бала да қатал

45. Ата-ана жұмсақ болса, бала да жұмсақ.

46. ...Баланың маңайындағы адам дұрыс мінезді болу керек.

47. Баланы ұру, соғу ісі адамшылыққа ұнамайтын іс.

48. Ұрылып, соғылып тәрбие қылынған бала жанының бар жақсы мінездерінен, ақылынан, есінен айырылып, мигұла болады.

49. ...Өтірік айтқан адамның сенімі кетеді, ұрлық қылған адамның қадірі кетеді.

50. ...Білімі, тәрбиесі, мінезін қарай әр адамның ұялуы да әртүрлі болады.

51. ...Білімсіз адам айылын жимайтын істен, білімді адам, ұялып өліп қалады...

52. Ұялу оңай нәрсе емес.

53. Адамға ұялудан қатты жаза жоқ.

54. Баланың өзін мақтама, ісін мақта.

55. Бір шәкірті, бір баланы мақтау басқа балалардың рухын түсіреді, ынтасын өлтіреді.

56. ...Жақсы оқуы, дұрыс құлқы үшін шәкірттерге сый беру..., үлестіру тіпті дұрыс емес...

57. ...Мұғалімнің шеберлігі өзі білген білімінің бәрін балаға тез білдіру де емес, ешпез, жинақты, жігерлі, қызықты болуға тиісті...

58. Тәрбиешінің міндеті балада искусствоның қандай-қандай түріне ынта бар екенін тауып, сол ынтасын, сол түр туғызатын сұлулық сезімдерін өркендету.

59. Баланың маңайындағы жүрген адамдар ретті, тәртіпті, таза болуға міндетті.

60. Тазалыққа үйренген бала, таза болады.

61. Баланың маңайындағы сөйленетін сөздер де әдепті, сұлу болуға тиісті.

62. Баланың маңайындағы адамдардың жүріс-тұрыстары да әдепті, сұлу болуға тиісті.

63. Қазақ! Жұртқа күлкі болмаймын десең... баланды сұлу, сымбатты қылып өсір.

64. ...Топас адам – тірі өлік...

65. Адамның шын мағынасы мен адам болуы үшін өзін сүюі, жақындарын сүюмен қанағаттанбай, жалпы адамзатты сүюі шарт.

66. Адам шын ізгі адам боламын десе, халық ісі, халық пайдасы жолында құрбан бола білсін.

67. ...Баланың жаратылысы табиғатты тілейтін нәрседен баланы тью дұрыс емес.

68. Тәрбиеші мен баланың арасы өте жақын болуға тиісті.

69. Бала тәрбиешіні мұның тарқата алғандай, қуанышына ортақтаса алғандай, сырын шеше алғандай досым деп білсін.

70. Есте болу керек, арыстан айға шапса, мерт болмақты, өтпес

жарлық бойға қорлық болмақты.

71. ...Тәрбиеші бар баланың барлық ісін тізгіндей бермей, әрбір істе балаға ерік берсін.

72. Баланы ылғи тізгіндеуден сақтау керек.

73. Бала нашарлыққа бір әдеттеніп қалса, оны қайта түзету оңай еместігі есте болу керек.

74. Балада берік һәм дұрыс мінез пайда болу үшін тәрбиеші мынау негізгі 2 шартты орындау керек:

1) Баланың өз қолынан келетін іске балаға толық ерік беру... Өз қолынан келмейтін істе ғана тәрбиеші көмек көрсетіп жіберуге міндетті.

2) Баланы құбылмайтын, ұсақтықпен, қажытпайтын... тәртіпке бағындыру керек.

Балалны еркінге жіберу оны ерлікке, батырлыққа үйретсе, темір тәртіпке бағындыру оны шыдамдылыққа, табындылыққа үйретеді.

Баланы тіпті еркінге жібермеу оны жасқаншақ, жасық, қорқақ қылады. Ал, тіпті тізгінсіз қоя беру, ләм-мим демей оның бар еркілігін орындай беру баланы бейбастақ, ессіз теңтек қылып шығарады.

76. Тәрбиеші тиянақты болса, бала оның тиянақтығына еліктейді. Тәрбиеші тиянақсыз болса, бала оның тиянақсыздығына еліктейді.

77. Ерінбей, жалықпай балаға әрбір істің себебін ұқтыра беру керек. Мәні-жайын ұқтырмай күр бұйрық беруші адам тәрбиеші емес.

78. ...Баланы өз күшіне өзін сендіріп үйрету керек. Қолыңнан түк келмейді дей берсең, бала жасқаншақ, жалтақ болып қалады.

79. ...Балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек.

80. Тәрбие деген баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Баланы тәрбие қылу тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз.

81. Баланың өзін мақтама, ісін мақта.

82. Тәрбиеші баланың қаһарлы қожасы болмасын, жұмсақ жолдасы болсын.

Қалса өзін, асса барлық адам баласын адам жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғиық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару.

Баланы мұндай адам қылу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін шаршамай үйрете білу керек...

## Мағжанның өлеңмен айтқан нақылдары:

1. Айтар сөзім мінекей,  
Аласұрған көңілге:  
Оқу оқы, өнер қу  
Басқалардан түңіл де!

Жұрттың қамын көп ойла,  
Уайым - қайғы жеп ойла!  
Артта қалған сорлы жұрт  
Алға бассын деп ойла.

2. Басқа жұрт – көкке асып жатыр,  
Кілтін де өнер-білім ашып жатыр.  
Бірі ай, бірі жұлдыз, бірі күн боп,  
Жалтылдап көктем нұрын шашып жатыр.

Таласып өнер-білім алып жатыр,  
Күнбе-күн алға қарай барып жатыр.  
От жегіп, көкте ұшып, суда жүзіп,  
Тәңірінің рахыметіне жарып жатыр.

Біреулер оқып төре болып жатыр,  
Шен алып, бақыт құсы қонып жатыр.  
Ұмытып өзін-өзі бұл сабаздар  
Жұртына қарсы таяқ соғып жатыр.

3. Қозғал қазақ, білім іздер кез келді,  
Қылыш алып “надандық” саған кезенді.  
Шетке лақтыр, тымақтай алып, елден қу,  
Ертелі кеш басыңа мініп езгенді.  
Кітап әпер, оқысын балаң қолына  
Малды аяма оқу-білім жолына  
Өнер алып басқалармен қатар бол  
Қосыл бірдей адамзаттың тобына!

4. Жетті енді қам жер мезгіл, жатпа бекер,  
Ойламау келешекте түпке жетер.  
Надандық қоршап алған түс-түс жақтан,  
Жан қорқып, деңе тітіркеп есің кетер.

Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,  
Отырмайық жиылып, ондалайық.  
Мың жылғы өткен құмай ата заңды,  
Өнерден кеш қалмайық, ойланайық.

5. Жастық – алтын,  
Құрып қал салтын  
Салты оның – үйрену!  
Өнер қуып,  
Бел бекем буып,  
Надандықтан жирену!  
Тұрма, қарғам, ұмтыл!  
Аты өшкірден құтыл!

6. Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!  
Ойынға, құр қаларсын, көңіл бөлме.  
Оқымай, ойын құған балаларға  
Жолама, шақырса да қасына ерме!  
Кідірме, аялдама, алға ұмтыл

### 3.3 Әдебиет сабағында Мағжан лирикасын өтудің үлгісі

Сабақ үлгісі.

Ұлы Абай: “Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы...”

- деген данышпандықпен айтылған өлеңі саналыға ой салып, санасыздың босқа әуре болмауына айтқан ақылы баршаға аян.

Абай ақылын жан жүрегіне ұялатып, кіршіксіз сөздің інжу-маржанын тізген, бөтен сөзбен тұнықты былғамаған ақын – ол Мағжан десем аузым барады.

Мағжан әрі ақын, әрі ойшыл ғалым, әрі ұлы ағартушы екенін кейінгі ұрпаққа көрсете білді. Абайды пір тұтты.

Ол “Хакім Абайға” деген өлеңінде:  
Шын хакім, сөзі асыл баға жетпес,  
Бір сөзің мың жыл жүрсе нәрі кетпес.  
Қарадан хакім болған сендей жанды,

Дүние қолын жайып енді күтпес.  
Ай жыл өтер дүние көшін тартар,  
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.  
Көз ашып, жұртын ояу болған сайын,

Хақім ата, тыныш бол, қадірің артар”, – деп Ұлы Абайдың ұлығын өсіре түсті.

Мұғалім: Біз өткен сабақта сыныптан тыс оқып келуге Мағжан лирикасын тапсырған едік. Жерлес, ақиық ақынның өлеңдерін жатқа да айта алатын шығарсындар.

Ұстаз: Ендеше қазір біз 3 топқа бөлініп Мағжанның ақындығы туралы сырлассақ.

1 топқа: Өнер, білім жайында Ұлы ақын “Алаш” жұртына өлеңмен ұран тастай алды ма?

2 топқа: “Қазақ тіліне” деген Мағжанның жанашырлығын қандай өлеңі арқылы дәлелдей алар едіңдер?

3 топқа: Абайдың “Махаббатсыз дүние бос” – деген сөзін Мағжан қостады ма?

### Жәрдемші топқа.

“Жыл мезгілдері” туралы Мағжан өлеңдерінің қуаты мен күдіреттілігі неде деп ойлайсындар? Әр топ өз жауаптарын білдіреді.

1 топтың жауабы: Әриңе, Мағжан Алаш жұртына өлеңімен де, ісімен де ұран тастады. Оған мына бір өлең дәлел.

Басқа жұрт аспан - көкке асып жатыр,

Кілтін де өнер – білім ашып жатыр.

Бірі ай, бірі жұлдыз, бірі күн боп,

Жалтылдап көктен нұрын шашып жатыр.

Таласып өнер – білім алып жатыр,

Күнбе-күн алға қарай басып жатыр.

От жегіп, көкке ұшып, суда жүзіп,

Тәңірінің рахметіне жарып жатыр.

Ойламай біздің қазақ текке жатыр,

Бір іске жанаса алмай шетте жатыр

Азырақ көз жүгіртіп қарап тұрсақ,

Казекен таңқаларлық кезде жатыр, - деп, қазақ халқының қараңғы қалып бара жатқанына жанының ашитындығын білдіреді

4-оқушы: Мен бұл өлеңді Ы. Алтынсариннің “Өнер-білім бар жұрттар” өлеңімен С. Торайғыровтың “Қараңғы қазақ көгіне” Абайдың “Интернатта оқып жүр” деген өлеңдерімен саластырап едім.

II-топтың жауабы:

5- оқушы: М. Жумабаев 1913 жылы “Қазақ тілі” деген өлеңінде:

Қыран құстың қос қанаты қыркылды,

Кундей күшті күркіреген ел танды.

Асқар, Алтай – алтын ана есте жоқ

Батыр, хандар – асқан жанадар ұмытылды.

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың,

Жауыз тағдыр жойды бөріне не бардың...

Алтын күннен бағасыз бір белгі бой,

Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сел қалдың.

Жарық көрмей, жатсанда ұзақ, кең тілім,

Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.

Таралған түрік балаларын бауырыңа,

Ақ қолыңмен тарта аларсын, сен тілім.

6-оқушы: Мағжан қазақ тіліне, жалпы тіл мәдениетіне ерекше көңіл бөлген кісі. Ол тіл туралы “Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт, дүниеге ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт- тілі болуы”. (М.Жұмабаев)

7-оқушы: Өкінішке орай, күні бүгінге дейін кейбір қазақтың қыздары мен жігіттері бір-бірімен орысша сөйлеседі. Бұл мәдениетсіздік дер едім. Өзінің ұлтын силамаушылық. Дүниеде бірде-бір ұлт басқа тілде бір-бірімен сөйлеспейді. Осы тіл үшін, егемендік үшін, қазақ халқының талай арыстары өздерінің бастарын өлімге де тікті емес пе?

8-оқушы: - Иә, дұрыс айтасын. Сонау қаһарлы жылдары мындаған адамдар “Халық жауы” деген жала мен айыпталып, жер аударылып кетті емес пе? Кейбір деректерге қарағанда 6 миллиондай адам қуғын сүргенге ұшырып, оның 900 мыңдай атылғын. Солардың ішінде 25 мың қазақтар мен қазақстандықтарда бар. Әсіресе, қазақ халқының ұлылары А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Ә. Бөкейханов, тіпті айта берсең уақытта жетпес.

9-оқушы тұрып: - Меніңде атам 1937 жылы колхозда еңбек етіп жүргенде өтірік жалалы болып, сол жылы әжемнің айтуы бойыша “Ит жеккенге” жер аударылып, содан хабарсыз кеткен. Кейіннен білдік сол жылы сонда атылған. Мен Сталинде жек көремін



10-оқушы: - Сол кездегі ССРО да нағыз фашизм болды деп есептеймін.

Жүргізуші ұстаз: Балалар, жазықсыз құрбан болғандарды, бір минут еске алайық ...! Үнсіздік. Азалы музыка ойнайды.

Оқушы: - Маған, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы әлі күнге дейін көз алдымда тұрғандай. ССРО-ның сол кездегі әділетсіз саясатына назарылық білдірген жастар алаңға шығып еді. Оны қызыл империяның сол кездегі басшылары қанға бөге басып тастады.

Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты-  
Қырандай күшті қанатты.

Мен жастарға сежемін!- деп оқушы М.Жұмабаев рөлінде өлеңді мәнерлеп оқып шығады.

Оқушы: Желтоқсан оқиғасына байланысты “Желтоқсан әні” шыққан еді. Мен сол әнді домбыраға қосып айтып берейін. (Домбырамен ән айтылды). Ән айтылып жатқанда желтоқсан оқиғасы түсірілген бейне фильм көрсетіледі, оның құрбандырының портреті, суреттері ілінеді. Бейне фильм әнмен бірге аяқталады.

Ұстаз:- Иә, балалар, желтоқсан оқиғасы бүкіл елімізді қала берді ССРО-ны дүр сілкіндірді. Бұл халықтың қызыл империяға деген айбынды үні еді.

Мағжан үмітін біздің қазақтың ұл-қыздары осы жолы шын ақтады. Аланда көбіне біздің жастарымыз болды. Халықтың сана сезімінің өскенін, қанша уландырса да уланбағанын осыдан көруге болады. “Желтоқсан” үні ешқашан ұмыт болмайды.

### III- топтың жауабы:

Оқушы: М.Әуезовте, С. Мұқанов, керек десеніз, В. Брюсов Мағжанды ерекше тарлан талант иесі деп таныған.

М.Әуезов: - “Қазақ жазушыларыныңнаң әрине, Абайды сүйемін.. Бұдан соң Мағжанды сүйемін” деген сөзі бар. В. Брюсов Мағжанды “қазақтың Пушкины” деген. Сондықтанда Мағжан мен Абай бір-бірін толықтырып тұрған сыршыл жүректі ақындар. Олар ұлтымыздың ұлы мақтаншытары!

Оқушылар кезекпен Абай мен Мағжанның өлеңдерін мәнерлеп оқып, өз бағаларын береді. Екеуінің сөздеріне жазылған әндер орындалады. (3-4 ән кезекпен орындалады).

Жүргізуші ұстаз: Балалар, біз Мағжанды ақын ретінде таныдық. Сонымен қатар, Мағжан біз үшін кім? Мағжан жалғыз ақындығымен ғана ұлы ма? Қалай ойлайсындар?

## I топтың мүшесі

Оқушы: Маған, – желтоқсан айында ұлы ақынның ауылына барғанымызда, пайғамбар ақынның туған-туысқандарымен кездесу, онда өлеңге қарындасының тебіреге сөйлеген сөзі менің жүрегіме ерекше ұялады. Оқу мен өнер туралы Мағжан ағасының сөзін айтқан кезде магнитофон таспасына жазып отырдым. Сол таспаға жазылған өлеңді айтып көрейін.

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,

Кілтін де өнер-білім ашып жатыр.

Бірі – ай, бірі жұлдыз, бірі – күн боп,

Жалтылдап көктен нұрын шашып жатыр.

Таласып өнер-білім алып жатыр,

Күнбе-күн алға қарай басып жатыр.

От жегіп, көкке ұшып, суда жүзіп,

Тәңірінің рахметіне жарып жатыр.

Ойламай біздің қазақ текке жатыр,

Бір іске жанаса алмай шетте жатыр.

Азырақ көз жүгіртіп қарап тұрсақ,

Қазекен таңқаларлық кезде жатыр, – деп қазақ халқының қараңғы қалып бара жатқанына шырылдап, қанатымен су сепкісі келетін қарлығаштай жанының ашитындығын көреміз.

– Бибігүл айтқан өлеңді тағы да қандай ақындардың өлеңдерімен салыстырар едіңдер?

Оқушы: Мен бұл өлеңді қазақ халқының тұңғыш ағартушысы Ыбырайдың: “Өнер-білім бар жұрттар” деген өлеңімен, С.Торайғыровтың “Қараңғы қазақ көгіне”, Абайдың “Интернатта оқып жүр” деген өлеңдерімен салыстыра отырып, ілгеріні болжағыш ағартушы екенін де аңғартамыз.

## II топтың жауабы

Сұрақ: “Қазақ тіліне” деген Мағжанның жанашырлығын қандай өлеңі арқылы дәлелдей алар едіңдер?

Оқушы: “Қазақ әдебиеті” газетінің беттерін ашып отырып, сонау 1913 жылы жазылған “Қазақ тілі” деген өлеңін тауып, оны жазып алып жаттадық.

– Қыран құстың қос қанаты қыркылды,

Күндей күшті күркіреген ел тынды.

Асқар, Алтай – алтын ана есте жоқ

Батыр, хандар – асқан жандар ұмытылды.

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың,  
Жауыз тағдыр жойды бәріне не бардың...

Алтын күннен бағасыз бір белгі бой,

Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сел қалдың, – деп туған тіліміздің болашағына, оның көретін азабына қабырғасының қайысқанын байқаймыз. Менің тағы бір аңғарғаным – Мағжан бабамыз сондай сезімтал, ана тілінің басына түскен апатты қазан төңкерісінен бұрын сезіп, бүгінгі, біздің жоғымызды жоқтап отыр емес пе? Мұның пайғамбардан несі кем.

Оқушы: – Мен Сәбиттің “Ана тілін”, Қадырдың: “Ана тілің – арың бұл” деген өлеңдері ұлы ақынның өлеңімен мәндес, тамырлас дер едім.

Оқушы: – Сейіл Боранбаевтың: “Тілім-ырым” – деген өлеңі.

Ана тілім,

Аяулы да, ардақтым,

Үмітімді келер күнге жалғаттың,

Сен жоқ болсаң қараңғыда қармалап,

Мәңгілікке мәңгүрт болып қалмақпын.

Алғаш рет ана сүтін жұтқам-ды,

Алғаш рет ана тілін ұққам-ды.

Өз анамды “мама” демей, “ана” деп,

Алғаш рет тілім менің шыққан-ды.

Ана тілім,

Ардақты, ең асылым,

Санамдағы сарқылмайтын бас ұғым.

Өз әкемді “папа” демей, “әке” деп,

Алғаш рет естілген жас үнім.

Ежелден-ақ еліміз ірі, іргелі,

Шежіреміз.

Тарихымыз ілгері.

Менің тілім –

Қаз дауысты Қазыбек.

Әйтеке мен Төле бидің тілдері, – деп тілдің шұбарланып кеткеніне жаны ашитындығын білдірді.

### III топтың оқушылары

Мағжан мен Абайдың махаббат туралы жазғандарын өздерінің ұғымында сипаттағандарын жазбаша түрде тапсырды.

С.Торайғыровтың бір шумақ өлеңіне оқушылардың тағы да назарын аудару.

Қараңғы қазақ көгіне,  
Өрмелеп шығып күн болам!  
Қараңғылықтың кегіне,  
Күн болмағанда, кім болам?

Мұздаған елдің жүрегін,  
Жылытуға мен кіремін! – деген еді, ал Мағжан атаның бір шумақ өлеңін салыстырып көрейік:

Күн шығыстан күн келеді – мен келем,  
Көк күңіренеді, мен де көктей күңірезем.  
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,  
Жер жүзіне нұр беремін, күн берем.

Байқап отырсаңдар, заман ағымы, өмір талабы ақындардың шығарма және өлең жазуында да ұқсастығы барын аңғардыңдар.

Енді Мағжанның эпикалық шығармаларын оқыта отырып, оның негізгі тақырыбы – өткен өмір тарихи оқиғаларды шын қақында көрсету, ел қамын жеген билер мен хандарды, елін қызғыштай қорыған батырларды жырлауын басқа ақындармен салыстыра оқыту мәселесін төмендегіше ұйымдастыруға болады.

Жаңа сабақ. “Оқ жетпестің қиясында” деген Мағжанның поэмасының тақырыбы күні бұрын тақтаға жазылып, осы поэманың бір шумақ өлеңі плакат қағазға жазылып ілінеді.

Арқада Бурабайға жер жетпейді,  
Басқа жер ойды ондай тербетпейді...  
Бурабайдың көлі мен Көкшетауы,  
Көрмесен көкіректен шер кетпейді, – деп оқып, әрі қарай жатқа:  
Арқада Бурабайға жер жетпесе,  
Алашта Кең-екеме ер жетпейді.  
Көкшеде күңіренген Кеңем қайда?  
Дарига, жүрегімді дерт өртейді.  
– Бұл поэманың авторы кім екенін түсініп отырған шығарсыңдар?  
– Ұлы Мағжан, атамыз Мағжан...

Ал жер жәннәті Көкшетау, сексен колді саясына алған Бурабайды мекен еткен, үш жүздің басын қосқан Абылай хан мекен еткенін баршамыз білеміз.

“Оқ жетпестің қиясында” деген поэманы ұлы Мағжан жазса, тағы қандай ақынның Бурабай туралы, Абылай туралы жазғанын білесіңдер? – деген сауалға оқушы:

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,  
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.  
Жан-жақтан ертелі - кеш бұлттар келіп,  
Жүреді біліп-кетіп, есен-сауын.  
Арқада жер жетпейді Бурабайға,  
Ежелден қоныс болған Абылайға.

Солардың ортасында Бурабай көл,  
Ұқсайды дөп-дөңгелек туған айға...

Екі поэманың бір-біріне ұқсастығын айта келе, дарындар арасындағы суреттеу, бейнелеу жерлерінің құдыреттілігіне көздерін жеткіз қажет.

Екі поэмада екі түрлі көзқарасы барлығын, дүние ағымына байланысты Мағжанның көзқарасымен Сәкеннің көзқарасын көрсету.

Сәкен “Көкшетау” поэмасында Кеңі де, Қасымды да, Абылайды да қанды балақ, екі елді бір-біріне қарсы қойған қанішер етіп көрсетуді көздейді.

Мәселен: Қасым хан ежелден –ақ қанға құмар,

Дірілдеп өлім күткен жанға құмар.

Анадан қан шеңгелдей туған бала,

Қан ішсе, сонда ғана көңілі тынар.

Ал Мағжан:

Арқада Бурабайдай жер болмайды,

Алашта Кеңе-кемдей ер болмайды.

Кеңе арыстан мезгілсіз мерт болды ғой,

Алашта бұдан да зор шер болмайды.

Ел азды, арқа тозды, қайғы басты,

Күніреніп біздей бейбақ жыр толғайды.

Кұдай-ау, мәңгілікке қарғамасаң,

Кеңемдей снді неге ер тумайды?!

Кеңе жоқ, ізін басқан іні де жоқ,

Дариға, жүрегімді дерт улайды, – деп қайран алаштың келешегін ойлайды.

Тұлпар-тұлақ, ел арып, аруақ бой,

Сарыарқа сайран жердің сәні кетті.

Жолбарыстар жортатын сар далада,

Қорсылдаған доңыздар мекен етті, – деуі Мағжанның, келешек ұрпақтың қамын ойлағаны емес пе?

Ал, Сәкен өз поэмасында Кеңес елі орнасымен Көкшетау маңы бұрынғыдан да гүлдене түсті, ел өзгеріп, бақыт орнадыға жүгінеді. Бүгінгі сабақта бірнеше ұлы ақындардың шығармаларын салыстыра оқыдық. Осы өлеңдерді, поэмаларды талдай отыра, салыстыра отыра, әлі де ашылмаған сырлар барың, табиғаттың тамаша құбылыстарың, онда өмір сүрген адамдардың көзқарастарын ашатың, адам жүрегіне сәуле мен сана құятын, ойландыратын жәйттер бар екенін ескере келе тағы да 3 топқа үйге тапсырма беру.

I топқа: С.Сейфуллиннің “Көкшетау” поэмасы.

II топқа: М.Жұмабаевтың “Оқ жетпестің қиясында” (Қазақ тілі мен әдебиеті журналынан. 1992 жыл, №1)

III топқа: Екі поэмадағы қарама-қайшылық мәселесі (Екі ақынның қоғамға деген көзқарасы).

Тапсырма сұрақтары жазылды.

“Көкшетау” табиғатының ерекшелігі неде?

Көкшетауды мекендеген Абылай әулеті, Абылай әулетінің үш жүзге ұйытқы болуы.

Сәкен, Мағжан поэмаларында хан тұқымына берілген мінзедемелері.

Сәкеннің хан тұқымын сипаттаудағы жалтақтығы.

Мағжанның көрегендігі неде?

Ақындарға деген көзқарас (оқушылардың өз ойларын ортаға салу).

Сабақ аяқталуға 5 минут қалғанда өткен сабақ пен жаңа сабаққа қорытынды жасау.

Мағжан ақынның “Оқ жетпестің қиясында” деген поэмасында есімі қазақ жұртына аса қастерлі, қасиетті Абылай және оның ұрпақтары екенінің куәгері болдындар. Өйткені Абылай арманы – ел арманы болатын. Ал “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан” кейін қазақ халқының бірлігін сақтап, тірлігін аспандатқан хан болды. Абылай әулетінің мақсат-мүддесі елдің бірлігі мен болашағы еді. Сондықтан да Жоңғар басқыншыларына қарсы халықты бастап шығып, қан майданда қаһармандық танытты. Елмен елді, ер мен ерді табыстырып, сындарлы саясатшы, сарабдал мәмлөгер екенін байқатты. Еліне бүкіл ұрпағының ерліктері жайылды.

Абылай жолын қуған Кенә, Наурызбай, Қасым алты алаштың бастарына түскен ауыртпалықты жойып, төнген кара бұлтты серпу мақсатын көздегені баршаға аян.

Абылай заманы – қазақтың ерлікке бет бұрған заман болғанын, мына мәтелден көруге болады. “Абылайдың асында шаппағанда, атаңның басында табасың ба?” деген сөз. Абылайдың айрықша қасиетті, киелі, құдырет, елінің ұлы қолбасшысы екенін дәлелдейді. Осы құдіреттілікті үлкен көрегендікпен көре білген алаштың адал перзенті ұлы Мағжан:

Сол кеткеннен Кенә-екем кете барды,  
Жанына жас жолбарыс Науанды алды.

Алашты алып шығып, ел қылмаққа,  
Жауына аш бөрідей ойран салды.

Үйсін, Дулат, Қырғызбен қос ұстасып,  
Қытаймен қатынаспаққа ой ойлады.

Біле алмай надандықпен ердің ойын,  
Сорлы қырғыз мерт қылды азаматты.

Сабақ соңы.

### 3.4 Оқушыларға арналған деңгейлік тест тапсырмалары

I деңгей.

**1. XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Солтүстік Қазақстанда туған қазақ зиялысы, ақын, педагог кім?**

- A. Ә.Бөкейханов
- Ә. Х.Досмұхамедов
- Б. М.Жұмабаев

**2. М.Жұмабаевтың туған жылы?**

- A. 1898 ж.
- Ә. 1893 ж
- Б. 1901 ж.

**3. Мағжанның туып өскен өңірі?**

- A. Көкшетау
- Ә. Петропавл
- Б. Сасықкөл
- В. Булаево

**4. М.Жұмабаевтың поэмасы бойынша түсірілген кинофильм**

- A. Көкшетау
- Ә. Ақан сері
- Б. Батыр Баян
- В. Абылай хан

**5. М.Жұмабаевтың басты педагогикалық оқулығы**

- A. Қырық мысал
- Ә. Тіл тағылымы
- Б. Педагогика
- В. Оян қазақ

**6. М.Жұмабаев қай жылы атылды?**

- A. 1931 ж.
- Ә. 1938 ж.
- Б. 1937 ж.
- В. 1941 ж.

**7. Мағжан Омбыдағы мұғалімдер семинариясын қай жылы бітірді?**

- A. 1917 ж.
- Ә. 1913 ж.
- Б. 1918 ж.
- В. 1920 ж.

**8. Мағжан Жұмабаевтың өмірбаянын білесің бе?**

**9. Мағжанның қандай шығармаларын білесің? Атттарын ата.**

**10. Мағжан не үшін “Халық жсауы” атанды?**

**11. Мағжан педагог па, әлде революционер ме?**

**1 М.Жұмабаев кім, қайда туган?**

- А. Революционер
- Ә. Ақын-педагог
- Б. Сартомар
- В. Петропавлда
- Г. Көкшетауда

**2 М.Жұмабаевтың туган жылы?**

- А. 1898 ж.
- Ә. 1903 ж.
- Б. 1893 ж.

**3 Мұғалімдер семинариясында оқыған жылдары?**

- А. 1911-1916 ж.ж.
- Ә. 1913-1917 ж.ж.
- Б. 1914-1918 ж.ж.

**4 Мағжан алғашқы рет қай жылы сотталды (түрмеге қамалды)?**

- А. 1911 ж.
- Ә. 1917 ж.
- Б. 1918 ж.
- В. 1926 ж.

**5 Мағжанды “Қазақтың Пушкині” деген кім?**

- А. М.Горький
- Ә. В.Брюсов
- Б. С.Сейфуллин

**6 “Педагогика” оқулығын қай жылы жазды?**

- А. 1918 ж.
- Ә. 1923 ж.
- Б. 1922 ж.

**7 М. Жұмабаевтың атылған жылы?**

- А. 1923 ж.
- Ә. 1937 ж.
- Б. 1938 ж.

**8 М. Жұмабаевтың махаббат пен батырлықты дәріптейтін поэмасы?**

- А. Жүсіпхан
- Ә. Абылайхан
- Б. Батыр Баян



## Қорытынды

Қазақ зиялыларының ағартушылық ой-пікірлері мектеп ашу, оқу құралдарын жазу, халықты мәдениет пен өнер-білімге үндеумен байланысты сипатын, Ресей мемлекетіндегі XIX-XX ғғ. болған саяси-экономикалық және мәдени-ағартушылық саладағы өзгерістерден бөліп қарауға болмайды. Аталған кезеңдегі капиталистік қатынастар халықты қанаумен бірге, оған жаңа ой-пікірлерді, бостандық, азаттық идеяларын ала келді. Одан нәр алып, өз білімдерін халық игілігіне жұмсауға бағыттаған алғашқы ағартушылар - Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин болды. Олар өздерінен кейінгі ұлт зиялыларының үлкен тобының тарих сахнасына шығуына әсерін тигізді. Соның нақты мысалы ретінде XX ғасырдың басындағы Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Сералин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ғ.Қарашев, Х.Досмұхамедов т.б. қазақ зиялыларын атап айтуымызға болады. Бұлар қазақ халқын сауаттандыру үшін оқулық жазып, әдістемелік құралдар, газет, журналдар шығарды, оқу-білімді насихаттады. Мағжан Абайды пір тұтса, Шоқан мен Ыбырайды ұстаз ретінде бағалады. Өзі тұстас қазақ зиялыларымен саяси-әлеуметтік күрес майданына белсене араласты. Орыс ақындары мен ғалымдарынан да өнеге алды. Осының бәрі М.Жұмабаевтың педагогикалық көзқарасының қалыптасуына зор әсерін тигізді. Сөйтіп, Мағжан әдебиет әлемінде ақын болса, өмірдегі негізгі мамандығы - мұғалім, ал ғылым саласында педагог-ғалым болып қалыптасты. Ол, “Педагогика” және өзге де еңбектерінде, ұлттық педагогиканы психологиямен байланыстыра оқыту мәселесіне назар аударып, бала тәрбиелудің және олармен қарым-қатынас жасаудың педагогикалық-психологиялық негіздерін аша білді.

Пәндерді оқытуда қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ескеру, оны сабақта пайдалану, дамыта оқыту, бала қиялын өсіру, өздік ойлау үрдісін жетілдіру идеяларының өміршеңдігіне эксперименттік іс-тәжірибелер негізінде көз жеткіздік. М.Жұмабаевтың әдеби-позитивтік еңбектерін шолу жасағанда тағы бір байқағанымыз, оның барлық шығармалары ұлттық нақышта жазылып, патриотизмдік рухқа толы, отансүйгіштік, түрікшілдік идеялар өзекті орын алған. Педагог-ақын өзінің әрбір шығармасы арқылы оқушыларды патриотизмге, отансүйгіштік қасиеттерге тәрбиелеуге бағыттады. Оның “Педагогика” атты оқулығы тұнып тұрған халықтық педагогика мен психологиясы. Онда халықтың мінез-құлқы, әдет-ғұрпы, бала тәрбиелеу тәсілдері ерекше нақышпен суреттелген. Педагог-ғалым М.Жұмабаев, қазақ халқының рухани мұраларының жас жеткіншектерді тәрбиелеудегі ролін ғылымилықпен баяндай отырып, оларды қолданудың әдіс-тәсілдерін жаңаша жағдайда пайдаланудың қажеттілігін ұсынды. Сол мұралар арқылы оқушыларды ізгілікке, адамгершілікке, адами ұлы қасиеттерге тәрбиелудің жолдарын көрсетті.

Сонымен бірге, М.Жұмабаев халық педагогикасының бәрін оқу-тәрбие ісіне талғаусыз енгізе бермей, оны бүгінгі күн талабына сай жаңаша, өркениетті

жағдайда пайдаланудың жолдарын мензейді. М.Жұмабаевтың қазақ педагогикасына енгізген ерекше жаңалығы оның ұлттық психология ғылымына қосқан үлесі. Ол психологиялық ғылыми қағидаларды зерделей келе, оны қазақ халқыныңғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық психологиясына жақындатудың жолдарын қарастырады. Әсіресе, тіл мәселесіне келгенде баланың бастапқы (1-4) сыныптарда тек қазақша оқу керектігін дәлелдеді. Сонымен бірге, баламен жұмыс істейтін үлкендердің таза әдеби қазақ тілінде сөйлеп, тіл тазалығын сақтау қажеттілігін алдыңғы орынға қоя білді.

М.Жұмабаевтың бұл идеялары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов тағы басқа зиялылардың педагогика саласындағы ойларымен ұштасып жатқанын айтпауға болмайды. Бұлай болмаған күнде, бұл зиялылар идеялық тұрғыдан бір-бірін толықтырмас та еді. Қорыта келгенде:

1 М.Жұмабаев ұлттық педагогика мен психологияның ғылыми негізін қалаушылардың бірі болды.

2 Ол қазақ мектебіндегі оқу-тәрбие ісін ұлттық сипатта ұйымдастыруды тұңғыш ғылыми-педагогикалық тұрғыда дәйектеді.

3 М.Жұмабаев оқу-тәрбие жүйесіне қазақ тілінде ғылыми-педагогикалық терминдерді енгізудің тұңғыш пионері болды.

4 Мағжан тұңғыш қазақ тәлім-тәрбиесін өркениетті елдердің педагогикасымен ұштастырудың ғылыми жүйесін жасады.

5 М.Жұмабаев педагогика-психология оқулығы мен бастауыш мектепке арналған оқу-әдістеме құралдарының тұңғыш авторы болды. Сонымен қатар осы жұмыс бойынша төмендегідей ұсыныстар жасауға болады:

1 М.Жұмабаевтың әдеби және тәлімдік мұраларын орта мектептің оқу-тәрбие ісіне жүйелі түрде енгізу, орта мектептерде оның туған күніне арнап жыл сайын Мағжан оқуларын өткізіп отыруды дәстүрге айналдыру.

2 М.Жұмабаевтың тәлімдік мұраларын педагогикалық оқу орындарында тереңірек оқып үйрену үшін, педагогика тарихынан арнайы сағат бөлу.

3 Мұғалімдер біліктілігін арттыру институттарына М.Жұмабаевтың тәлімдік ойларын тереңірек оқып, білу мақсатында “Мағжантану” атты арнайы курс енгізу.

4 Бастауыш сынып оқулықтарында Мағжанның балалық шағы туралы гибратты әңгімелер мен оның балаларға арналған өлеңдерін көбірек қосу, диафильмдер шығару.

5 М.Жұмабаевтың мұғалімдер мен ата-аналарға арналған “Педагогика” және басқада еңбектеріндегі гибратты сөздерін жинақтап, оқу-әдістемелік құрал шығару.

М.Жұмабаевтың өмірі мен өнегесін, оның әдеби-педагогикалық мол мұрасын жүйелі түрде оқу-тәрбие ісіне енгізіп, егеменді еліміздің жас жеткіншектерін тәрбиелеуде қолдансақ, олардың жан-сезіміне Отанға, ел-жұртқа деген сүйіспеншіліктерінің арта түсетіні, сөйтіп олардың бойына ұлтжандылық, ұлы адами құндылықтарды қалыптастыруға толық мүмкіндіктің туатынына сенім мол.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңы. - 1999 жылғы 7 маусым. № 389-1 //Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама: Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: Юрист, 2002. – 3-37 б.
- 2 Қазақстан Республикасының Мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. -1996.- 7 тамыз
- 3 Қазақстан Республикасының Білім мазмұнын гуманитарландыру тұжырымдамасы. - Алматы: Қазақстан, 1994. – 147 б.
- 4 Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. - Алматы: РОНД, 2002. – 360 б.
- 5 Назарбаев Н.Ә. Мұғалімдердің II съезіндегі сөзі. // Егемен Қазақстан. -2001. – 3 ақпан
- 6 Сейфуллин С. Шығармалар жинағы . - Алматы: Жазушы, 1963. – 320 б.
- 7 Әуезов М. Толық шығармалар жинағы. 20 томдық. – Алматы, 1968. - 320б.
- 8 Досмұхаммедов Х. Аламан. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 155 б.
- 9 Шоқай М. Түркістанның килы тағдыры. - Алматы: Жалын, 1992.– 250 б.
- 10 Тынышпаев М. Великие бедствия. - Алма-Ата: Жалын, 1992. – 250 с.
- 11 Төрекүлов Н. Ұлт мәселесі және мектеп. - Москва, 1926. – 155 б.
- 12 Бекмаханов Е. Қазақстан тарихы. - Алматы: ҚМБ, 1960. – 350 б.
- 13 Жұбанов Қ. Қазақ тілін зерттеу еңбектері. - Алматы: Ғылым, 1966.- 250б.
- 14 Жиенбаев С. Қазақ тілінің методикасы. - Алматы: ҚМОҚБ, 1940.- 160 б.
- 15 Аманжолов С., Жанұзақов Т. Қазақтың халық жұмбақтары. - Алматы, 1957. – 125 б.
- 16 Кұлжанова Н. Кітапта: Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. //Құрастырушылар: Жарықбаев Қ., Қалиев С. - Алматы: Рауан, 1998. – 416 б.
- 17 Көшеялова Р.Н. Возвращенные имена. – Алматы: Рауан, 1996 - 96 с.
- 18 Жолдыбаев М. Кітапта: Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы //Құрастырушылар: Жарықбаев Қ., Қалиев С. - Алматы: Рауан, 1998. – 416 б.
- 19 Шонанов Т. Кітапта: Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. //Құрастырушылар: Жарықбаев Қ., Қалиев С. - Алматы: Рауан, 1998. – 416 б.

20 Жұмабаев М. Таңдамалы (Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар)- Алматы: Ғылым, 1992.- 272 б.

21 Әлжанов Ш. Кітапта: Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. //Құрастырушылар: Жарықбаев Қ., Қалиев С. - Алматы: Рауан, 1998. - 416 б.

22 Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов. - Алма-Ата: АН Каз.ССР, 1950. - 280 с.

23 Тажibaев Т. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века. - Алма-Ата: Казахстан, 1965. - 163 с.

24 Сембаев Ә.І. Қазақ совет мектебінің тарихы. - Алматы: Мектеп, 1967. - 150 б.

25 Бержанов Қ. Халық ағарту саласындағы орыс-қазақ ынтымағы. - Алматы: ҚМБ, 1966. - 160 б.

26 Мусин С. Педагогика тарихы. - Алматы: Мектеп, 1984. - 350 б.

27 Темірбеков А., Балаубаев С. Психология.- Алматы: Мектеп, 1967.-180 б.

28 Қожахметов С. Педагогика мәселелері. - Алматы: ҚМБ, 1940. - 125 б.

29 Ғабдуллин М. Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес. - Алматы: Мектеп, 1966. - 150 б.

30 Мұқанов М. Психология. - Алма-Ата, 1975. - 250 б.

31 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. /Бас редакторы: Нысанбаев Ә. - Алматы, 1998.- 720 б.

32 Қазақ тілінің сөздігі: Анықтамалық басылым. /Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. - Алматы: Дайк-Пресс, 1999.- 776 б.

33 Құнанбаев А. Шығармалары. 2 томдық.- Алматы: Жазушы, 1968.-350 б.

34 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. - Алматы: Жазушы, 1980. - 416 б.

35 Ы. Алтынсарин. Таңдамалы педагогикалық мұралары. - Алматы: Рауан, 1991. - 200 б.

36 Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. /құрастырған Шәріпов Ә., Дәуітов С. - Алматы: Жазушы, 1989. - 320 б.

37 Дулатұлы М. Шығармалары: мақалалар, зерттеулер. 2-том. - Алматы: Ғылым, 1997. - 344 б.

38 Жұмабаев М. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989. - 448 б.

39. Сералин М. Кітапта: Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. //Құрастырушылар: Жарықбаев Қ., Қалиев С. - Алматы: Рауан, 1998. - 416 б.

40 Аймауытов Ж. Шығармалары. - Алматы: Жалын, 1991. - 340 б.

41 Бөкейханов Ә. Таңдамалы. /Бас редакторы Нұрғалиев Р. - Алматы. -1995. -475 б.

- 42 Көбеев С. Орындалған арман - Алматы: Жазушы, 1988. – 160 б.
- 43 Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1998. - 560 б.
- 44 Қасымбаев Ж.Қ. Қазақстан тарихы. – Алматы: Рауан, 1993. - 192 б.
- 45 Бабаев Д. Қазақ ССР тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Рауан, 1990.-186 б.
- 46 Аманжолов Қ., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы, 1-2 том. - Алматы: Білім, 1998. - 350 б.
- 47 Салғараұлы Қ. Түріктер. - Алматы: Санат, 1999. - 314 б.
- 48 Турсынбаев А.Б. Казахский аул в трех революциях. – Алматы. –1967. -265с.
- 49 Жарикбаев К.Б. Развитие педагогической мысли в дореволюционном Казахстане: Автореф. дис. докт. пед. наук. – Киев, 1982. - 35 с.
- 50 Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. - Алматы: Білім, 2003. – 280 б.
- 51 Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. - Алматы: Ғылым, 1995. - 232 б.

Сеңкібаев Сабыр Тәлиұлы - Педагогика ғылымдарының кандидаты, Көкшетау Университетінің аға оқытушысы, колледж директоры. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі. 1977-2003 жылдары Петропавл педагогикалық университетінің оқытушысы, мектеп мұғалімі, Солтүстік Қазақстан облыстық педагог кадрлардың біліктілігін дамыту институтының директоры қызметін атқарған. Елуден астам ғылыми педагогикалық, әлеуметтік, мәдениеттану бағытында жазған мақалалар мен бірнеше оқу-әдістемелік құралдары бар. Халықаралық, Республикалық ғылыми-практикалық конференциялардың жүлдегері. Бірінші шақырылған облыстық мәслихат депутаты. Қазақстан Республикасының оқу ісінің үздігі



Сенкібаев Сабыр Тәлиұлы

**Мағжан Жұмабаевтың  
ұстаздық-тәлімдік ілімдері**

Оқу - әдістемелік құралы

Әдістемелік оқу құралы авторлық  
редакциясында шығарылды

Басуға 10.11.2006 жылы қол қойылды.  
Қалыбы 60x84 1/16. Қәріп түрі «KZ Times New Roman Cyr».  
RISO басылысы. Шартты баспа табағы 6,37. 102 бет.  
Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 221  
Бағасы келісімді.

*Кітап Көкшетау университетінің баспаханасында басылды.  
002000 Көкшетау қаласы, Капцевича көшесі, 234 .  
тел: 8(316 2) 75-01-31, тел/факс: 75-01-31*